


85.12/5ref/97

№87

КӨСІПТІК

БІЛІМ



**Б. Асанова, А. Птицина,  
Ұ. Әбдіғапбарова**

**ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ  
ОЮ-ӨРНЕКТЕРІНІҢ  
ТАРИХЫ ЖӘНЕ ТЕОРИЯСЫ**

ISBN 978-601-292-501-2



9

786012925012



К Ә С І П Т І К

Б І Л І М



Б. Асанова, А. Птицина,  
Ұ. Әбдіғапбарова

# ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ОЮ-ӨРНЕКТЕРІНІҢ ТАРИХЫ ЖӘНЕ ТЕОРИЯСЫ

*Оқулық*

2-басылым

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі  
техникалық және кәсіптік білім беру  
ұйымдарына ұсынады



«Фолиант» баспасы  
Астана-2012

УДК 73/76 (075)

ББК 85.12 я 7

А 87

Пікір жазғандар:

Мұратаев Қ.Қ. – өнертану ғылымдарының кандидаты,  
профессор;

Ибрагимов Ұ.Ш. – педагогика ғылымдарының кандида-  
ты, доцент

- А 87 Асанова Б., Птицина А., Әбдіғапбарова Ұ.  
Қазақ ұлттық ою-өрнектерінің тарихы және теориясы:  
Оқулық. 2-басылым. – Астана: Фолиант, 2012. – 208 бет.

ISBN 978-601-292-501-2

Оқулықта өнер тарихы, мәдениеттану, тігін және тоқы-  
ма технологиясы, қазақ халқының қолөнері қарастырыл-  
ған. Ұлттық ою-өрнектердің мән-мазмұнын ашатын, тари-  
хи дамуын айшықтайтын материалдар ұсынылған.

Бұл оқулық өнертану, тоқыма, тігін бұйымдары саласын-  
дағы мамандарға арналған.

УДК 73/76 (075)

ББК 85.12 я 7

© Асанова Б.,  
Птицина А.,  
Әбдіғапбарова Ұ., 2008

© «Фолиант» баспасы, 2008

© Асанова Б.,

Птицина А.,

Әбдіғапбарова Ұ., 2012

© «Фолиант» баспасы, 2012

РГУ «Казахская национальная академия искусств имени Т.К. Жургенова»  
**БИБЛИОТЕКА**  
ҚР МСМ «Т.К. Жүргенов Академиясы»  
Қазақ ұлттық ою-өрнек академиясы

ISBN 978-601-292-501-2

161465

## КІРІСПЕ

Қазақтың ұлттық ою-өрнектері – ұлттық мәдениетіміздің ең байырғы мәдени мұраларының бірі. Қазақ ою-өрнектерінің өзіне тән шығу және даму тарихы, сондай-ақ терең мазмұны мен бай тәжірибесі бар. Қазақ ұлттық ою-өрнектерінің өн бойында халықтың дүниетанымы, түйсік-талғамы, арман-мүддесі көрініс тапқан. Оның бояу үйлесімділігі, құрылымдық жүйесі белгілі бір заңдылықпен құрылады. Әр өрнектің атауы және қолданылу орны ерекше. Бір өрнекті екінші өрнекпен шатастырып, кез келген бұйымда қолдана беруге болмайды.

Осындай білімдер мен тәжірибелерді өнертану, тоқыма, тігін бұйымдары саласындағы болашақ мамандардың білуі міндетті.

Сол себепті орта кәсіптік білім беру оқу орындарының 4123002 – «Киімді конструкциялау және модельдеу», 4100002 – «Тігін бұйымдарының технологиясы» және т.с.с. мамандықтары бойынша оқу жоспарына «Қазақтың ұлттық ою-өрнектерінің теориясы және тарихы» атты арнайы курс енгізілген. Ұсынылып отырған оқулық аталған арнайы курс бағдарламасына сәйкес жасалған. Осы еңбектің ерекшелігі оның бұрын-соңды оқулық ретінде жарық көрмеуі болып табылады.

Оқулықта өнер тарихы, мәдениеттану, тігін және тоқыма технологиясы, қазақ халқының қолөнері, кәсіптік терминология салаларындағы білімдер үйлесімін тапқан. Қазақтың ұлттық киімдеріне салынатын ою-өрнектер материалы бойынша «Сымбат» сән академиясының тәжірибесі мен үлгілері мысалға келтірілген.

Оқулық тарауларында ұлттық ою-өрнектерінің мазмұнын ашатын, тарихи дамуын көрсететін мынадай материалдар ұсынылған:

көмегімен стильдік қалыпқа түскен элементтердің бейнесінен тұратын алуан түрлі әшекей (М.С. Мұқанов);

– геометриялық және бейнелеу элементтері жүйелі ырғақпен қайталанып отыратын әрі үйлесімділікке құрылған өрнек, нақыштар (Қазақ Совет энциклопедиясы);

– адамға қажетті тұрмыстық идеяларды шартты символикалық пішінде суреттейтін бейнелеу өнерінің айрықша бір түрі (Ж.М. Ибраева);

– қазақ ою-өрнегі – көркем бұйымдарды әшекейлеудің ең басты көркемдік элементі (К.К. Ералин);

– қазақтың ұлттық өрнегі – қазақ халқының мәдени жетістіктерінің негізгі бөлігі және заңды жалғасы (Ж. Балкенов);

– «Ою» деген сөз бен «өрнек» деген сөздің мағынасы бір. Бұл сөздің ұғымында бір нәрсені ойып, кесіп алып жасау немесе екі затты оя кесіп қиюластырып жасау, бір нәрсенің бетіне ойып бедер түсіру деген мағына жатады. Қазақ көбінесе бір өрнекке салып қиып алған үлгіні, үлгіге салып кескен сырмақтың қиығын, сондай-ақ барлық қошқармүйіз өрнектерін де «ою» дейді. Ал «өрнек» дегеніміз әр түрлі ою, бедер, бейненің, күйдіріп, жалатып, бояп, батырып, қалыптап істеген көркемдік түрлердің, әшекейлердің ортақ атауы іспеттес. Сондықтан көбінесе «ою-өрнек» деп қосарланып айтыла береді (С. Қасиманов).

Айтылып өткен анықтамаларда Т. Соколова: «Ою-өрнек өнері өз алдына жеке өнер бола алмайды», – деп тапса, И. Ковалев керісінше «ою-өрнек – бейнелеу өнерінің бір түрі» екенін дәлелдейді. Осылардың ішінде ою-өрнектің бір ғана элементіне негізделген қысқа анықтамалардың қатарында оның бірнеше ерекшеліктерін қамтуға тырысатын күрделі ұғымдар да бар. Сондай-ақ олардың арасында дәлелдемені қажет ететін түсіндірулер де кездеседі. Мәселен, ою-өрнектің бейнелеу мотивтеріне, жасау тәсілдеріне қарай анықталған алтыншы анықтаманы алатын болсақ, анықтамада көрсетілген өнер тәсілдері (кескіндемелік, мүсіндік, графикалық) ою-өрнек өнерінің басты тәсілі еместігі өнертану ғылымынан аян. Бұлай анықтау қажет

болғанда бірінші кезекте тоқымалық, зергерлік, бедерлік және т.б. әсемдеулердің айтылғаны жөн болар еді. Ал Қазақ Совет энциклопедиясында: «Ою-өрнек – геометриялық және бейнелеу элементтері жүйелі ырғақпен қайталанып отыратын әрі үйлесімділікке құрылған өрнек-нақыштар», – делінген анықтамадағы «геометриялық элементтердің» өзі ою-өрнек өнерінде бейнелеу элементтерінің құрамына енетініне көңіл аударсақ, бұл түсініктердің де анық еместігі көрінеді.

Сонымен, әр автордың зерттеу нысанасына орай көрсетілген ұғымдарда ою-өрнектің құрылысы, қолданылу мақсаты, бейнелеу тақырыптары, символдық мағыналары, өзіне тән, т.с.с. ерекшеліктері нақтыланады. Әрбір анықтама өз бетінен дербес қызмет атқара алады. Дей тұрғанмен, Ұ. Әбдіғапбарова «Қазақтың ұлттық ою-өрнектері» атты еңбегінде бұл анықтамалардың қазақ ұлттық ою-өрнек өнерінің атқаратын қызметінің ауқымын мазмұнды тұрғыда толық қамтып көрсете алмайтынына тоқталып, оның функцияларын төмендегіше бөліп көрсетеді.

Қазақ ұлттық ою-өрнек өнерінің атқаратын қызметіне (функция) мыналар жатады:

1. Тұрмысқа қажетті заттар мен бұйымдарды әшекейлеу:

– киіз үй жасауларын (баулар, құрлар, киіздер, текеметтер, түскиіздер, сырмақтар, алашалар, дөдеге, кілемдер және т.б.);

– тұрмыстық заттарын (сандықтар, жұкаяқтар, ыдыстар, асадалдар, ер-тұрмандар, қоржын-қалталар, дастархан және т.б.);

– киім-кешектерін (сәукеле, тақиялар, қалпақтар, етіктер, мәсілер, көйлектер, қамзолдар, шапандар, ки-мешектер, шалбарлар және т.б.);

– әйелдер әшекейлерін (білезіктер, жүзіктер, сырғалар, алқалар, белдіктер және т.б.).

2. Архитектуралық құрылыстарды әсемдеу:

– мазарларды (Қозы Көрпеш – Баян Сұлу, Бабажы Қатын, Айша бибі, Қарахан, Домбауыл және т.б.);

– мавзолейлерді (Арыстан баб, Ахмет Яссауи және т.б.);

– үй құрылыстарын (Баб Ата, Тараз, Касрибас, Сығанақ, Құлан қалашықтары және т.б.);

– құлпытастарды (Қарағаш, Қамысбай және т.б.);

– моншаларды (Отырар, Тараз және т.б.).

3. Адам ойын бейнелі түрде жеткізу:

– ұзатылған қыздың ою-өрнек арқылы өз жағдайын ата-анасына хабарлауы;

– білезікке түсірілген ою-өрнек арқылы жігіттің қыз басының бос немесе бос еместігін білуі;

– құдағи жүзікке бейнеленген ою-өрнектерден қыз анасының жігіт анасына деген ризашылығын білдіруі;

– ұзатылған қыз жасауындағы өрнектерде әкешесі, ағайын-туғандарының қызына тілеген арман-тілектерінің берілуі және т.б.

4. Ертедегі халықтың дүниетанымдық көзқарасын білдіру:

– дүниенің пайда болуы, жаратылысы жөніндегі ой-пікірлері (от, су, ауа, тау), оюдың төрт бітімді бұйымға салынуы («төртмүйіз», «шаршы ою» және т.б.);

– аспан әлеміне табынушылықты (космогониялық өрнектер);

– табиғат құбылыстарына сиынушылықты (өсімдік тектес, аң, құс тектес өрнектер және т.б.).

5. Халықтың наным-сенімдерін көрсету:

– көз, тілден сақтану («тұмар», нәйзекі (найзаға үкі) оюлары);

– қасиетті сандарды қадір тұту («жеті гүл», «қырық-мүйіз»);

– киелі зат, бұйым құбылыстарды қастерлеу («бауырсақ», «ботакөз» оюлары және т.б.).

6. Халықтың тұрмыс-тіршілігін бейнелеу:

– мал шаруашылығы («қошқармүйіз», «түйетабан» және т.б.);

– егін шаруашылығы («арпабас», «бидайық» және т.б.);

– сауда-саттық («бұқар теру», «кежім теру» және т.б.).



7. Тек жақсылықтың нышанын білдіру:
- тоқтық, молшылықты (мүйіз оюлар және т.б.);
  - тыныштықты («көгершін» өрнегі және т.б.);
  - достық, сыйластықты (басқа ұлт өкілдерінің өрнегімен байланысы);
  - еркіндікті («құсқанат», «құстұмсық» оюлары және т.б.).

Олай болса, «қазақ ұлттық ою-өрнегі» дегеніміз – адам өміріне қажетті заттарды, бұйымдарды, архитектуралық құрылыстарды сәндеуде, халықтың тыныс-тіршілігін, қоршаған ортаға көзқарасын, одан алған эмоционалдық-эстетикалық әсерін және ой-арманын, тілек-мүддесін әсем талғаммен өзара үйлесімділікте бейнелі жеткізуге ықпал ететін нақыштар (Ұ. Әбдіғап-барова).

Ал «қазақ ұлттық ою-өрнек өнері» – бұған қарағанда кең ұғым. Өйткені, жоғарыда көрсетілген мүмкіндіктерінен басқа қазақ ұлттық ою-өрнектері қазақ халқының сәндік-қолданбалы өнерінің барлық түріне қатысады және әр түрінде әр түрлі өрнектелу әдістерімен ерекшеленеді. Сонымен «қазақ ұлттық ою-өрнек өнері» – қазақ халқының сәндік-қолданбалы өнері салаларының барлық туындыларында кездесетін ою-өрнек түрлері мен өрнектеу әдістерінің жиынтығы.

Қазақ ұлттық ою-өрнек өнері – бейнелеу өнерінің, оның ішінде сәндік-қолданбалы өнердің үлкен бір арнасы. Дей тұрғанмен, бейнелеу өнерінің түпкі бастауы халықтың қолөнерінен (ремесло, рукоремесло, рукодельное мастерство) өрбігендіктен, оған қоса қазақ халқының ою-өрнектері ежелден-ақ қолөнердің өркендеуіне сәйкес дамығандықтан, ою-өрнек өнері қолөнердің негізгі саласы болып табылады.

## 1.2. Ою-өрнектердің зерттелу деңгейі

Қазан төңкерісіне дейін қазақ халқының қолөнері, оның ішінде ою-өрнектері арнайы сала болып зерттел-

ген жоқ. Орта Азия халықтарының этнографиясы, тарихы, өнері бойынша жазылған кейбір еңбектерде қазақ өрнектері жайлы біршама пікірлер айтылған. Бұл еңбектер қатарында Н.И. Городсковтың, А. Бобринскийдің, А.А. Боголюбовтың, А. Фелькерзамның зерттеулерін жатқызуға болады.

Сондай-ақ, бұл кезеңде қазақ ағартушылары Ш. Уәлиханов, Ы. Алтынсарин, А. Құнанбайұлы да ою-өрнек тақырыбына арнайы еңбек жазбағанымен, өздерінің шығармаларында қолөнерін сөз еткен. Мәселен, Шоқан қазақтың киіз үйінің құрылысы мен сәулетіне, ондағы қолданылатын кейбір жиһаздар түріне толық анықтама береді. Қазақтың архитектуралық ескерткіштерін талдай отырып, «қазақ моласы мен оның төңірегінен қазақтың бар мәнгер талғамы, архитектурадағы өнері, оның ою мен бейнелеу салты байқалатынын» көрсете, ою-өрнек өнері қазақ халқының өмірінде айрықша өнер екендігін, оның ерекшеліктері мен қыр-сырының молдығы соншалықты білімдарлықты талап ететіндігін айтқан.

«Әр елдің тілін, өнерін білген кісі онымен бірдейлік пікірлесе алады, аса арсыздана жалынбайды», – деп тіл мен өнерді жоғары бағалаған Абай «өнер өзі де мал, өнерді үйренбек ихсан» (еңбек) екендігін, өзінің отыз үшінші қарасөзінде «Егер де мал керек болса, қолөнер үйренбек керек. Мал жұтайды, өнер жұтамайды», – деп қолөнердің адам өміріндегі маңызын көрсеткен.

Ы. Алтынсарин қазақ халқының қолөнерін балалардың тәлім-тәрбиесімен тікелей ұштастырып, тұңғыш рет қолөнер мектептерін ашқан. Оның мектептерінде ер балалар үшін ағаш ұсталығы, былғары илеу, қыш, құмыра жасау өнерлері, ал қыздарға қарапайым халықтың тұрмысына керекті киім пішу, киім тігу, шәлі тоқу, жіп шалу және қазақтардың қолында көп болатын жүн, қыл секілді материалдардан өрмек тоқу, киіз басу, бау және тақыр кілемдер тоқу сияқты әйелдер істейтін жұмыстар үйретілді.

Қазан төңкерісінен кейін қазақтың ою-өрнек өнері өз алдына дәстүрлі өнердің бір саласы ретінде зерттеле

бастады. С.М. Дудиннің Орта Азия мен Қазақстанда болған экспедицияларының нәтижесінде жарық көрген қомақты еңбектерінің бірі – «Киргизский орнамент» қазақ халқының ою-өрнектеріне арналған тұңғыш зерттеу еңбегі. Мұнда автор қазақ шеберлерінің талғамының жоғарылығын бағалап, қазақ ою-өрнектеріне тән кейбір ерекшеліктерді саралайды.

Сондай-ақ, бұл тұста В. Чепелевтің, Б. Веймарнның, В. Мошкованың, А.И. Тереножкиннің еңбектерінде де қазақ ою-өрнектері біршама тереңірек сөз болады. Ал сол кезеңде қазақ ою-өрнектері бойынша жарық көрген тағы бір ірі еңбек – Е.Р. Шнейдердің «Казахская орнаментика» атты зерттеуі. Е.Р. Шнейдер қазақ ою-өрнектері жөнінде біршама дұрыс пікірлер айта отырып, мынадай жаңсақ қорытындыға жол беріп алған: «Қазақ ою-өрнектері қазақ халқының өнеріне жатпайды, ол Иран мәдениетінің бір саласы болып табылады». Яғни, қазақ ою-өрнегінің негізі Иран өнерінен шықты деген тұжырымын қазақтың геометриялық оюлары иран халқында дәстүрге айналған «ағаш және құс» салу мотивінен шыққан деп дәлелдемек болады. Шнейдердің бұл қате ұғымын қазақ ою-өрнегін зерттеушілер Т.К. Басенов, В. Чепелев, М.С. Мұқанов, т.б. қатты сынға алып, қазақтың ұлттық өнерінің төркіні – ою-өрнегі екенін дәлелдейді: «Қазақтың ең көп тараған өнерінің бірі – ою-өрнек өнері».

Е.А. Клодт Омск мұражайының тапсырмасымен 1927-1935 жылдар аралығында Солтүстік Батыс Қазақстан аудандарында болған экспедиция кезінде қазақ оюларының көптеген түрлерін көшіріп алды. Әрине, Е.А. Клодт қазақ оюларының атауын, мағынасын, шығу тегін, т.б. зерттеген жоқ. Дегенмен, қазақ өнерін үйренуде құнды еңбек қалдырды. Мұны біз 1939 жылы «Казахский орнамент» деген атпен шыққан альбомнан байқаймыз. Осы альбом толықтырылып жоғарыда аталған атпен 1958 жылы Қазақ мемлекеттік баспасынан қайта шықты.

Жалпы қазақ халқының қолөнері 60-жылдардың жартысынан бастап қазақстандық ғалымдардың арнау-

лы зерттеу нысанасына айналды. Бұған 1957-1958 жылдары шыққан Т.К. Бәсеновтің еңбегі ғана жатпайды. Т.К. Бәсеновтің еңбектерінде қазақтың архитектурасында қолданылатын ою-өрнектер алғаш рет зерттеледі, қазақ ою-өрнектерінің шығу тегі, дамуы, жіктелімі және қолданылуы жөнінде құнды пікірлер айтылады.

Қолөнер дәстүрлерін қамқорлықпен сақтап, дамытуға Кеңес үкіметі тұсында да мән берілгенін айта кету керек. Оған КСРО Министрлер Кеңесінің 1966, 1968, 1975, 1986 жылдары халықтың көркемөнер кәсібін дамыту мәселесіне арналған қаулылары, сондай-ақ республикамызда 1975 жылдың 25 наурызында қабылданған «Қазақ ССР-інде халық көркем қолөнерінің одан әрі өркендету шаралары» туралы қаулылары дәлел.

Аталған қаулыларда дәстүрлі қолөнерді әрі қарай дамытудың жолдары көрсетіліп, сирек кездесетін көркем шығармалар жасау жайына тоқтала келіп, жергілікті жерлерде халықтың қолөнері кәсіпорындарын шығармашылықпен ұйымдастырудың мінсіз жүйесі жасалмағаны, көп ретте халықтың қолөнеріндегі негізгі тұлға ретінде суретшілердің, халық шеберлерінің шығармашылық мұқтаждықтарына тиісінше көңіл бөлінбегені, алғашқы туындаған өнеріміз ретінде қолөнерді ғылыми тұрғыда зерттеудің қажеттігі айтылады.

Сөз жоқ, бұл қаулы-қарарлардың қай-қайсысы да халықтың дәстүрлі өнер түрлерінің бүгінгі күн талғамына қарай дамытылуына, ел ішіндегі бағалы қолөнер нұсқаларының жинақталуына және зерттелуіне игі ықпал етті. Мұның айғағы ретінде сол шаралардан кейін Қазақстанда ашылған тамаша мұражайлар мен көрмелерден басқа қолөнер түрлерін тарих, этнография тұрғысынан сипаттайтын Ә. Тәжімұратов, М. Мұқанов, Ө. Жәнібеков, Ә. Марғұлан, С. Қасиманов, Х. Арғынбаевтардың монографиялық еңбектерін, Қ. Мұқановтың құрастырған кітабын атауға болады.

Қазақстан тәуелсіздігіне қол жеткізгеннен кейінгі уақытта ұлттық мәдениет пен өнерді қайта өркендету

барысында байырғы мәдени мұраларды жинақтап, зерделеу негізінде дамыта түсу қолға алынды. Осы кезеңде жарық көрген еңбектер қатарына С.Ж. Асанованың, Ұ.М. Әбдіғапбарованың, К. Ибраеваның, М. Өмірбековалардың кітаптары жатады.

Бүгінге дейін жарық көрген қолөнерге қатысты, оның ішінде ою-өрнек өнері сөз етілген зерттеулер әр түрлі ғылым тұрғысынан жазылғандықтан, оларды былайша жүйелеуге болады:

1. Қазақ халқының қолөнерін тарихи-этнографиялық тұрғыда сипаттайтын зерттеулер. Оларға Х. Арғынбаевтың, Ә. Марғұланның, С. Қасимановтың, Ө. Жәнібековтің, М.С. Мұқановтың монографиялық еңбектерін жатқызуға болады.

Х. Арғынбаев өз еңбегінде қазақ халқының қолөнерінің қызықты да маңызды салалары – ағаш, металл, тас өңдеу мен тері, мүйіз, сүйек ұқсату шеберлігінің туып-қалыптасу мәселелері төңірегінде жан-жақты баяндаған.

Ө. Тәжімұратовтың еңбегінде ұлттық қолөнеріміздің киіз басу, кілем тоқу, ши тоқу, ағаш өңдеу, ер қосу, зергерлік өнер түрлері және киіз үй, оның жасау-жihazдары туралы бұрын-соңды жазылған еңбектерге шолу жасалынып, өзінің экспедиция кезінде жинаған мәліметтерімен толықтырылып, қолөнерге қатысты атауларға ден қойылады. Оның ішінде, әсіресе ою-өрнектің қолөнерде, тұрмыста алатын орны жөніндегі пікірлері қазақ халқының әдет-ғұрпымен байланыстырыла әңгімеленіп, оның бүгінгі таңда қолданылу жағдайы сөз етіледі.

Академик Ә. Марғұллан қазақ халқының қолөнерінің бірнеше түрлерін археология, этнография тұрғысынан зерделеп, өте құнды мағлұматтар береді. Ою-өрнек өнеріне де аса мән беріп, Пазырық қорғанынан табылған қолөнер бұйымдарында бейнеленген ежелгі ою-өрнек нұсқаларын ғылыми тұрғыда саралайды. Сөз арасында әрбір ою-өрнекте жасырын жатқан бейненің кезінде анық та белгілі болғанын айта келе, соңғы кезде ою-өрнек

мотивтерінің бастапқы мағынасын ұмытып бара жатқанымызды еске сала, оның мән-мағынасын аша түсу болашақ зерттеушілердің міндеті екенін де ескертеді.

Қазақ ою-өрнектерінің тарихи түп-тамыры, эстетикалық мән-маңызы, символикасы, қолданылуы мен бейнеленуі, жасалу әдіс-тәсілдері, жіктелімі жөнінде Ә. Марғұланнан басқа М. Мұқанов, Ө. Жәнібеков, т.б. құнды пікірлер айтқан.

Сондай-ақ, С. Қасиманов та қазақ ұлттық қолөнерінің кейбір түрлерінің өзіндік ерекшеліктерін баяндау барысында ою-өрнек өнеріне де ерекше көңіл бөліп, оның 200-ге жуық түрін атап, белгілі бір атауларға кеңінен тоқталады. Қазақтың ою-өрнек үлгілерін мазмұнына, мағынасына қарай топтап жіктейді. Ішінара қайсыбір ою-өрнектерге байланысты аңыз, әңгімелер, т.с.с. құнды мағлұматтар береді.

Қ. Ақышев, М. Қадырбаев, А. Оразбаев, т.б. еңбектерінде археологиялық қазбалардан табылған, ертеде Қазақстан жерін мекендеген тайпалардың ежелгі мәдени ескерткіштеріндегі ою-өрнек үлгілері тарихи тұрғыда сипатталады.

2. Өнертану ғылымы саласындағы зерттеулерге 90-жылдарда жарық көрген Қ. Ибраеваның монографиялық еңбегі жатады. Ол қазақ халқының ою-өрнек өнеріне арналған, оның өнертану саласы тұрғысынан жан-жақты зерттелгенін көрсететін арнайы тұңғыш еңбек болып табылады. Мұнда автор қазақ ұлттық ою-өрнектерінің шығу тегі, дамуына, ою-өрнек жүйесінің қалыптасуына, мазмұнына талдау жасаған.

3. Философия ғылымы саласындағы зерттеулерде (Ж. Әлібеков, Б. Байжігітов, т.б.) қазақ ою-өрнектерінің эстетикалық мән-маңызы философиялық тұрғыда зерделенеді.

4. Филология ғылымы саласындағы зерттеулер (М. Өмірбекова, Р. Шойбеков). Солардың ішінде Р. Шойбеков қазақ тіліндегі зергерлік өнер терминдерін заттықтақырыптарына орай топтастырғанда, зергерлік өнеріндегі ою-өрнек атауларын өз алдына бір топқа жіктейді.

Мұнда ұлттық ою-өрнектер таза лингвистикалық тұрғыдан қазақ тілінің сөз байлығына қосатын үлесіне, қазақ терминологиясындағы алатын орнына байланысты қарастырылады.

М. Өмірбекованың зерттеуінде қазақ халқының ою-өрнек атаулары лексика-семантикалық топтарға бөліп көрсетіліп, грамматикалық құрамы талдап түсіндіріледі.

5. Қолөнер бұйымдарының жасалуын үйрету әдістемесіне байланысты зерттеулер қатарында С.Ж. Асанованың еңбегін ерекше атап өткен жөн. С.Ж. Асанованың кітабында қазақ ұлттық ою-өрнектерінің киімдер мен бұйымдарда қолданылуы мен жасалу техникасы толық ашып көрсетілген және ұлттық киімдерге салынатын өрнектердің нақты жолдары, қазіргі технологиясы ұсынылған.

Қ. Мұқановтың құрастыруымен жүннен жасалатын бұйымдарға қатысты жарық көрген еңбегінде қазақ халқының тоқыма бұйымдарының жасалу тәсілдері кеңінен сөз етіледі. Жалпы, бұл еңбекті қазақ халқының тоқу өнерін үйрену әліппесі деп атауға болады. Мұнда тоқыма өнеріне байланысты ою-өрнек түрлерінің қолданылу жолдары көрсетіледі.

80-жылдарда Оқу ағарту министрлігі тарапынан жасөспірімдердің эстетикалық тәрбиесі мен көркемдік білімдерінің жетілуіне ерекше назар аударылып, жас ұрпақтың «туған ел табиғатының байлығы мен әсемдігін, архитектуралық ескерткіштерін, өнер шығармаларын түсіну мен бағалауға» үйретуде мәдени мұралар мен өнер туындыларын жинақтап, саралаудың және оларды бүгінгі ұрпаққа меңгертудің қажеттігі көрсетілді. Осыған орай қазақ халқының қолөнері педагогика ғылымы тұрғысынан да зерттеле бастады.

6. Педагогика ғылымы саласында қолөнерге қатысты жарық көрген зерттеулер (Ж. Балкенов, А. Қамақов, Б. Әлмұхамбетов, Е. Асылханов, С.Ж. Ұзақбаева, Ұ.М. Әбдіғапбарова және т.б.).

Оларда қазақ ұлттық қолөнерінің эстетикалық тәрбие берудегі мүмкіндіктері талданып, халықтың балалар

мен жастарды қолөнерге баулуда қандай педагогикалық талаптарға сүйенгені мазмұндалған.

Ұ.М. Әбдіғапбарованың еңбегінде қазақ ұлттық ою-өрнектерінің мазмұны мен тарихи дамуы, ерекшеліктері мен тәрбиелік мүмкіндіктері, жіктелімі жан-жақты сипатталады.

Қорыта айтқанда, жоғарыда аталған еңбектер мен әдебиеттерде ұлттық қолөнер түрлеріне қатысты қазақ ұлттық ою-өрнектерінің туып-қалыптасуы, дамуы, мазмұны, кейбір ерекшеліктері, қолданылуы, жасалу технологиясы және тәрбиелік мүмкіндіктері ашылған.

### 1.3. Ою-өрнек өнерінің даму тарихы

Қазақ халқының ою-өрнек өнерінің шығу тегі ежелгі тас дәуіріне саяды. Өйткені, соңғы палеолит дәуірінің ескерткіштерінен-ақ жануарлардың толық бейнесінің қатарында алғаш рет онша айқын емес, бірақ символдық мағынасы біздің заманымызға дейінгі адамның ойлауын көрсете алатын әр түрлі белгілерді байқауға болады.

Неолит дәуірінде Қараүңгір үңгірінің тұрғындары керамикалық ыдыстарды қолмен жапсырып жасау әдісін игерді. Олар көбінесе ыдыстардың жоғарғы жартысына тісті қалыппен сызықшалар, ойықтар, мүсіндер түріндегі өрнектерді түсірген.

Қола дәуіріндегі Қазақстан аумағында тұрған тайпалар еңбек құралдарын, қарулар, сәндік заттар, тұрмыстық бұйымдар жасауда құю, қақтау, қысып өрнектеу, жону, тегістеп жылтырату техникасын жақсы меңгерді, заттарға өрнек сала білді.

Міне, сол кезеңдегі бұйымдарда бейнеленген белгі-таңбалардың XVII-XIX ғасырдағы қазақ халқының қолөнерінде кездесетін ою-өрнектерге өте ұқсас екендігі Ә. Марғұланның, К. Ақышевтің, М. Мұқанованың, К. Ибраеваның және т.б. ғалымдардың жоғарыда келтірілген еңбектерінде жеткілікті дәрежеде дәлелденген.



Мысалы, Саңғыру қорымынан қазып алынған қыш ыдыстарда бейнеленген айқаспа бейнелі дөңгелектер қазақтардың киіздеріне салынатын өрнектерді еске түсіреді. Қарқаралы алқабының Шортандыбұлақ қонысынан табылған айшық түймелер, аттың сүйегінен ойып жасалған ромб, үшбұрыш төрізді өрнектер де қазақ халқының кейінгі дамыған қолөнер туындыларында жиі қолданылады.

Тағы бір мысал, «қошқармүйіз» – қазақ халқының ең байырғы оюларының бірі, қазір де қолөнер шығармаларының барлық түріне салынады. Осы оюдың кезінде Андронов мәдениеті ескерткіштерінде бейнеленгендігі жөнінде К. Ақышев: «Қазіргі қазақтар мен андроновтық тайпалар арасын 3000 жылдан астам уақыт шымылдығы бөліп тұр. Орталық Қазақстанның Нұра, Талды, Шерубай өзендерінің жағалауларынан андроновтық тайпалардың мекен-тұрақтары табылды. Мекен-тұрақтардан табылған заттардың ішіндегі көзге түсер көріктісі де, көңіл бөлер мәндісі де сәнді өрнектелген қыш-құмыралар. Қыш ыдыс өрнектерін талдасақ, көз алдымызға қазақтардың ою, сызу өрнектерінің көптеген нақыштары келеді. Мысалы, «қошқармүйіз» өрнегінің сарынын ертедегі андроновтықтар өрнегінен көреміз. Егер андроновтықтар бұл өрнекпен ыдыс-аяқ бетін әшекейлесе, қазақтар әр түрлі бұйымдарды безендірген. «Қошқармүйіз» өрнегімен негізінен кілем, тұскиіз, текеметтер, сандықтар, ағаш төсектер өрнектелген. Әшекей-өрнек өнерінің осындай бір мәнерінің өзі де араларын мыңдаған жылдар бөліп тұрған халықтардың мәдениеттерін байланыстыратын ортақ белгілерін айқын көрсетеді», – деп жазады.

Сондай-ақ, Пазырық қорғанынан табылған, біздің заманымыздан бұрынғы екінші мыңжылдықта жасалынған кілемдер, тұскиіздер, құмыралар, әшекей заттардағы ою-өрнек үлгілері сол андронов мәдениетінде қалыптасқан ою-өрнек өнерінің жалғасы іспетті.

Бұдан әрі ою-өрнек өнері қазақтардың мәдениеті болып саналатын сақ, ғұн тайпаларының өнерінде

дами түсті. Бұған Есік қорғанынан табылған «Алтын киімді адам», көне дәуірдегі Жетісу сақтарының өмірі мен тұрмысын танытатын, сақ жұрты көсемінің киімдері мен сән-салтанат бұйымдарына бейнеленген нақыштар мысал бола алады.

Б.з.б. VI-IV ғасырда Жайық-Еділ далалары тұрғындарының қолөнерінде «аңдық стиль» дамыды. Бейнеленген хайуандардың түр, тұқым құрамы Қазақстанның шөлді және далалық аудандарының жергілікті хайуанаттар дүниесін көрсетеді, бұлар – айыр өркешті түйе, киік, жылқы, текелер. Бұған қоса осы тұста қолданбалы өнерде зооморфтық стиль де басым қолданылды. Мәселен, Сын-тас қорымынан табылған сүйек қасықтың сабында (ұзындығы – 8,5 см, ені – 27,3 см) бірнеше мүсін бар. Біріншісі – басын артқа қаратып, аузын ақситып жатқан қасқыр, келесісі – бұл да басын артқа қаратқан бүркіт мүсіні. Құстың қанаты қиықша кертпештермен, ал қауырсындары қабыршақ тәрізді оюлы дөңгелекшелермен берілген.

Осы кезеңде қолөнер бұйымдарына геометриялық, өсімдік тектес ою-өрнек түрлерінің жиі салынғандығын Берел обасынан табылған әшекейлер дәлелдейді.

Түркі қағанаты дәуірінде де тас өңдеу мен сүйек ұқсату өнерінің өркендеуіне сай сүйек пен металдан жасалатын бұйымдарды әсемдеу барысында негізінен геометриялық (сызғыш, ирек, дөңгелек тәріздес), өсімдік тектес және зооморфтық мотивтер қолданылды.

VI ғасырдан бастап ғимараттарды (Тараз моншасы және т.б.) ою-өрнекпен әсемдей бастаған. Кейіннен салынған Отырар, Сауран, Сығанақ қалаларында да қазақ ұлттық ою-өрнектері өзінің қолтаңбасын айқын танытты. Мысалы, Тараз моншасындағы «кереге» өрнек Айша бибі күмбезінде геометриялық ырғақпен байи түсті. Ахмет Яссауи ескерткіштерінде де жергілікті халықтың ою-өрнек үлгілері басым қолданылған.



Осылайша дамып отырған ою-өрнек өнері VIII-IX ғасырда қазақ жерінде өмір сүрген қарлұқ, қимақ, қыпшақ және т.б. тайпалардың қолөнерінде жалғасын тапқаны Ә. Марғұланның еңбегінен мәлім.

Сөз арасында айта кететін тағы бір жайт, осы уақытқа дейін көшпелілердің, оның ішінде қазақтардың ою-өрнектерінің дамуын арабтардың жаулап алуымен байланыстыратын қате ұғым бар. Ол ұғым бойынша, арабтар жанды сурет салдыруға тыйым салған соң-ақ, көшпелілерде жансыз бейне – ою дамып кетті деп келетін пікір де жоқ емес. Мәселен, Т.К. Бәсенов былай дейді: «Если ранее детали уздечек поясов, ручек, ножек и других предметов украшались изображением частей тела животных, то с IX-XII веков, с установлением господства идеологии ислама, изображение живых существ почти полностью изгоняется из прикладного искусства. Едва ли единственным украшением предметов остается стилизованный орнамент».

Сол сияқты пікірді Ө. Жәнібеков те айтады: «Как известно, запрещение исламом изображения живых существ на протяжении веков сковывало творческие силы народа и привело к условности и схематизации в изображении предметов».

Сондай-ақ, Б. Веймарн В. Чепелевтің: «Шығыс мұсылмандарының өнерінде, адам образы – сөз тізбектерімен, діни текспен алмастырылды және сөз формасы (каллиграфия) өркен жайды», – деген пікіріне негізделе отырып, ою-өрнектің дамуын арабтардың оюға өте ұқсас болып келетін жазуларымен байланыстырады.

Дей тұрғанмен, қазақ топырағында ерекше дамыған ою-өрнек өнеріне ислам дінінің әсері негізгі анықтауыш болмағанын, жоғарыда айтып өткендей, ислам діні дүниеге келуден көп бұрын ғұмыр кешкен ғұндардың, скифтердің, түркі қағанаты кезінде халықтардың тұтынған мүліктерінен айқын көруге болады.

Сонымен қазақ халқының ою-өрнектері де айрықша қозғалыстағы, көркемдік тұтастықтағы өнер үлгісі. Мәселен,  тәрізді элемент мүйіздің символдық бейнесі ретінде ежелгі дәуірден белгілі. Бірнеше ғасыр өткен соң  белгісімен жануар, өсімдік элементтерінің қосындысынан «түйетабан» өрнегі жасалған. Сондай-ақ, ежелгі дәуірде геометриялық фигура тектес

өрнектер және «түйетабан», «қошқармүйіз» оюлары ба-  
сым қолданылса, VI ғасырдан бастап зергерлік өнер мен  
кілем тоқудың жан-жақты дамуына байланысты ою-  
өрнек өнері «қырықмүйіз», «шытырман», «таңдай»  
және т.б. күрделі ою-өрнектермен толықты. Қазақтың  
сәндік-қолданбалы өнер туындылары орта ғасырларда  
(VII-XVII) көлемі жағынан тұрпатты шеңбер мен ромб  
пішініне келтірілген айқын ою-өрнектермен (ішінара  
құс пен маймыл кескінделген) көркемделсе, XVIII-XIX ға-  
сырларда ұлттық дәстүрде өркендеді. Ал Қазан төң-  
керісінен кейін Қазақстанда көптеген шеберханалар  
мен көркемдеу өнеркәсіптерінің ашылуына байланыс-  
ты ою-өрнек жаңа түр, жаңа мазмұнға ие болды. Қазақ-  
стан тәуелсіздікке қол жеткізгеннен кейінгі кезеңде де  
ұлттық бұйымдар мен киімдердің қазіргі сән бағытына  
сай дамуына сәйкес ою-өрнек түрлерінің мазмұны мен  
пішіні де дами түсті және олар жаңа технологиялар ар-  
қылы жүзеге асырылуда.

Осы жоғарыда келтірілген тарихи деректер қазақ  
ұлттық ою-өрнек өнерінің қалыптасып, дамып отыруы-  
на бірнеше факторлар әсер еткенін байқатады.

#### 1.4. Ою-өрнектердің дамуына әсер еткен жағдайлар

Қазақ ұлттық ою-өрнектерінің қалыптасып, дамып  
отыруына әсер еткен жағдайлар былайша топтастыры-  
лады:

1. Әлеуметтік-экономикалық.

2. Табиғат.

3. Халықтың рухани өмірі.

Олардың өзі іштей топшаларға бөлінеді.

Әлеуметтік-экономикалық жағдайлар:

– мал шаруашылығы;

– егін шаруашылығы;

– қолөнер кәсіпшілігі;

– сауда-саттық және т.б.

Табиғат:

– дала табиғаты;

– табиғат сыры;

– табиғат жәндіктері мен аң-құстары және т.б.

Халықтың рухани өмірі:

– ұлттық салт-дәстүрлер;

– наным-сенімдер және т.б.

### *1. Әлеуметтік-экономикалық жағдайлар. Мал шаруашылығы.*

Төрт түлік мал көшпелі қазақтың кесе киімі, ішке тамағы, мінсе көлігі болған. Олар мал жүнінен, қылқыбырынан жіп иіріп киіз үй жасауларын, киімдерін тоқыған, ал сүйегінен, мүйізінен немесе терісін илеп күнделікті тұрмысқа қажетті заттарын дайындаған. Тіпті малмен байланысты ұғым-түсініктерін ою-өрнектер арқылы бейнелеп отырған.

Мысалы, «қошқармүйіз» – қошқардың мүйізі тәріздес ою. Мал шаруашылығымен айналысқан қазақ халқының көшпелі өмір салтымен байланысты туған. «Қошқармүйіз» оюы неше түрлі формаларға еніп, қазақ бұйымдарының көбінде кездеседі. Әсіресе, киіз үй жасауларының барлық түріне де салып тоқуға болады. Мәселен, текеметтің ортасына «қошқармүйіз», шет-шетіне «тұмар», «шаршы» немесе «су» оюлары салынады. Мұнысы – туған жер төсін толтырған отар-отар қой болсын деген халықтың арман-тілегі.

«Қошқармүйіз» оюы молшылықтың нышаны ретінде бұл күнде де жиі қолданылып келеді. «Қошқармүйіз» оюы негізінде «сыңармүйіз», «қосмүйіз», «тікмүйіз», «сынықмүйіз», «тақмүйіз», «мүйіз» оюлары қалыптасқан.



*Қошқармүйіз*



*Қосмүйіз*

«Мүйіз» ою мүйіз тәрізді өрнектелгендіктен, мүйіз ою аталуы сөзсіз. Тұскиіздің шетіне, көбінесе қолтықшасына (орта гүл мен шет гүлдің орталығы) өрнектеледі. Жерге төселетін текеметке ұдайы осы ою салынып, қолтық деп аталады. Мұнысы – «Қош келдіңіз, өз үйіңіздей көріп, жантая отырып демалыңыз!» деген қонақжайлық белгісі. «Қай үйге кірсем де жердегі киіздің бетінен оюдың бір ғана түрін көрем. Сөйтсем, мен қазақтың киіз кітабының үстінде демалып отырған екем. Қазақ халқының адамгершілігін күннің мейірімділігімен теңеуге болады екен», – деп Александр Македонский айтқан аңыз да бар.

«Омыртқа» – мал шаруашылығымен тығыз байланысты туған, малдың дене мүшесіне қатысты өрнек. Бұл ою – қайраттылықтың, ерліктің белгісі. Ер адамның, батырдың киімінің, кейде құрлардың шетіне салынады.

Сондай-ақ, қазақ халқының көшпелі өмірінде жылқының орны ерекше. «Жылқы – малдың патшасы боп саналған. Қаншама жаугершіліктен жылқының арасында аман қалған қазақ халқы жылқыны ер қанаты деп есептеп, жанындай жақсы көреді». «Жылқының сүті – шекер, еті – бал», «Жүзден – жүйрік, мыңнан – тұлпар», «Ағайын тату болса ат көп, абысын тату болса ас көп», «Ат айналып қазығын табады, ер айналып елін табады», «Ат баспаймын деген жерін үш басады, ер көрмеймін деген жерін үш көреді», «Құнан атқа жеткізер, ат мұратқа жеткізер» және т.с.с. мақал-мәтелдер қазақ жылқысын жан-жақты сипаттайды. Қазақтың халық жырларындағы батырларының қай-қайсысын алып қарасаң да, ішінде жаяуы жоқ және олардың



*Мүйіз ою*



*Сынық мүйіз*



*Қошқар мүйіз*

аттары құр көлік емес, батырлардың жан серігі, қиын кезеңде, тіпті тілдесетін, «ақыл айтатын кеңесшісі» және мұнда жылқы бейнелері адамзаттың аспанға ұшқысы келген қиялының дәлелі. Сондықтан да жылқы халық ұғымында ең жоғарғы өмірдің символы ретінде қолөнерінде де қалыс қалмаған. Өйткені, ою-өрнек өнерінің «атбас», «ашатұяқ» және т.б. өрнектермен толыға түскені белгілі.

«Ауырды нар көтереді, өлімді ер көтереді», «Қабырғалы қара нар қабырғасын сөксең, бақ етпес», «Нар жолында жүк қалмас» деген мақалдар қазақтың түйеге зор ықыласын білдіреді. Түйенің алып денесі, күші, жуас та жайлы мінезі, көнбістігі адам баласын ырза еткендей ою-өрнек өнерінде де «түйетабан», «түйемойын», «ботақоз» өрнектері қолданыла бастаған.

**Егін шаруашылығы.** «Жетіссең де жер жемісін жеті аса» деген қазақтың тек қана мал шаруашылығымен емес, егіншілікпен де айналысқаны тарихтан мәлім. Суы мол Сыр өңірі, Жетісу, Ертіс, Есіл, Жайық бойларын мекендеген халық осы жерлердің табиғи



*Мүйіз ою*



*Омыртқа*



мүмкіндіктерін, сөз жоқ, егін шаруашылығы арқылы пайдаланады. Ата-баба, әже-апаларымыз «Елдің ағасы болғанша, судың сағасы бол» деп, суармалы егін егуде судың мәнін жоғары бағалап, қолөнерінде де тоқшылық пен молшылықтың нышаны іспетті «су», «ирек», «арық», «тасқын», «тоғыз төбе», «арпагүл» және т.б. ою-өрнек түрлерін қолданды. Бұған қоса егін шаруашылығына қатысты арнайы құрал-саймандардың кейбір «балға», «орақ», «тырнауыш» сияқты түрлері де қолөнерден



Қажары оюы



орын алып, ою-өрнек түрінде бейнеленеді.

**Қолөнер кәсіпшілігі.** Қазақ халқының қолөнер кәсіпшілігінің түрлері ертеден-ақ дамыған. Мәселен, қазақтың металл өңдеу өнері әр түрлі сәндік заттарымен кеңінен танылды. Соның бірі – қолға салу үшін алтыннан немесе күмістен соғып жасайтын көзі жоқ сақина. Сол сияқты шымылдықтың да балдағы болады. Міне, осыларды бейнелейтін ою-өрнек «балдақ» деп аталады. «Алтын балдақ – қол сәні, әшекей кесте – тон сәні» деген мақалдарда кездесетін «балдақ» қолөнерде басқұрдың жиектерін, алашаны әшекейлейтін ою-өрнек ретінде қолданылады.

**Сауда саттық.** Қазақ халқының басқа елдермен саудасаттық қарым-қатынасының дамуына байланысты ою-өрнек өнерінде «қажары», «қорасан», «аштархан теру», «терме», «қақпа», «бастырма» және т.б. тәрізді атаулар пайда болды.



Мысалы, «қажары» оюы кейбір еңбектерде кежім теру не «бұқар теру» деп аталады. Мұндай өрнектер туысқан түрікмен (ғаджари), өзбек халқының (ғажари) қолөнерінде кездеседі.

Мәселен, Д.А. Фахретдинова өзбек халқының ою-өрнек өнері жөнінде: «Геометриялық өрнектерінің әсемділігі мен айқындылығы «ғажари», «терме» төсеніштерінен анық байқалады», — дейді. «Қажары» оюының нақты анықтамасын В.Г. Мошкова-ның «Ковры народов Средней Азии» атты еңбегінен көруге болады. Онда былай делінген: «Утковая нить выделяет нужные цветные нити для узора только на лицевой части, не нужные в данный момент для выявления деталей узора, незахватываются утковой нитью, а свисают с изнанки». Ертеден-ақ қазақтардың үнемі Самарқанд, Бұхара, Хиуа, Мерв, Ферғана далалықтарына керуендерімен барып, өздерінің бір қора қойлары мен бір табын аттарын олардың жібектен, мақтадан жасалған бұйымдарына алмастырғанын еске түсіретін болсақ, бұл оюдың қазақ өнеріне сауда-саттық, қатынас жолымен келгендігі анық.

**2. Табиғат. Дала табиғаты.** Мәселен, қазақтың сархасында табиғаттың құстары да, аңдары да дархан, қаннен-қаперсіз, еркіншілікте күн кешеді. Кең арналы өзеннің, әлде айдынды шалқар көлдің жайымен ағып жатқан мөлдір суында мамырлап жүзген үйрек пен аққу-қаздар қаңқылдап, жарастықты татулықпен қиқу салып, у-шу болып жатады... Аспан төсіндегі ауаның жасыл толқынына еркін шомылып, жеп-жеңіл қалықтап шағала ұшады. Қанатын рахаттана дір-дір қағып даланың бозторғайы шырқау биікте сайрап тұрады. Ұшықыры жоқ теңіздей шексіз даласы жасыл дастархандай болып жайылады. Міне, осылардың барлығы осы-



Тау оюы



Гүл оюы

нау елде тіршілік етіп, ғұмыр кешкен халықтың ою-өрнек өнеріне де өзек болып, оның өмірлік мазмұны мен бағасын байыта түскен. Мұның жарқын айғақтарын қазақ халқының киіз, текемет бұйымдарындағы, әсіресе кілем түрлеріндегі ою-өрнек үлгілерінен көруге болады.


Мәселен, «тау» оюы қолөнер бұйымдарының жиектеріне салынады, мәңгіліктің, күш-құдіреттің символы.

Қариялардың «таудай бол» деп бата беруі де тектен-тек емес. Гүл оюларының өзінде де халықтың дана ойы жататынын мынадан байқаймыз: гүл мен гүл түйнегінің айқаса бірігіп салынуы бірлікті, елдің ынтымақты болуын мегзейді.

**Табиғат сыры.** Компастың, сағаттың әлі шықпаған кезінде қазақтар бағытты, уақытты күннің, айдың, жұлдыздың қозғалысына қарай болжап білген. Жыл мезгілдері, табиғаттан болатын тосын құбылыстарды да алдын ала дәл шамалаған. «Ай туды», «күннің құбылуы», «ай тұтылатын күн» деген тіркестер осыдан қал-



*Тасбақа оюы*



*Қарғатқық*

ған. Осыншама білімдер, дүние жайлы елестер, дүниенің, жердің және т.б. құбылыстардың пайда болуы жайындағы шамалар, болжаулар қазақтың космогониялық өрнектерінде көрініс тапты. Мысалы, халық шеберлерінің айтуы бойынша күннің символы ретінде «дөңгелек», дүниенің төрт торабы ретінде «төртқұлақ» бейнеленді. Ортасында күннің нұр шашуы, жұлдыз, ай белгілері бейнеленіп, сырт жағынан жапырақтарымен өрнектелген «шү-

ғыла оюы» өмір сүрудің қайнар көзі осылар деген ұғымды мегзейді.

• *Дала жәндіктері, аң-құстары.* Ою-өрнектің табиғатқа еліктеуден туғандығына тағы бір мысал, халық жыртқыш аңдардың, басқа да жануар, жәндіктердің ерекше қасиеттерін көрсету үшін олардың дене мүшелерін күнделікті тұтылатын заттарының сыртына әшекейлеп, өрнек етіп салған. Мәселен, «тасбақа оюы» – мәңгіліктің символы. Тасбақа ұзақ жасайды, көне заманнан көшпелілер оны кие тұтқан. Бейіт басындағы сынтастар көбінесе тасбақа бейнесіндегі тасқа қашап орнатылатын. Бұл ою батырдың, ханның киіміне, жауырынына, қалқанына салынатын болған. Онысы – мәңгілік өмір мен бақыт тілегені.

«Қарғатұяқ» – қарғаның тұяғы тәріздес болғандықтан солай аталған. Бұл ою «қыс келді» деген белгіні білдіреді. Көк, қызыл, қоңыр, қара түстерге еніп, тықыр кілемдерді, алашаларды өрнектегенде тек қана бір элементі қолданылады да, ақ құрға салынғанда барлық элементтері қамтылады.

*3. Халықтың рухани өмірі. Ұлттық салт-дәстүр.* Мысалы, қазақ халқының ерте кезден бергі әдет-ғұрпы, салты бойынша бөтен жерге, алыс ауылға күйеуге ұзатылатын қыз баланың белгілі бір уақыттан кейін төркін жағына сәлемдеме жіберу дәстүрі болған. Сәлемдемеге жас келіншек өзінің күйеуге шыққаннан кейінгі тұрмыс жағдайын ою-өрнекпен бейнелеп жіберуі шарт. Осы салт бойынша, тұрмысқа шыққан қыздың үйіне жіберген сәлемдемесінде алақандай жарғақ, оның бетіне бойы сорайған ұзын және өте жіңішке әрі арық адам бейнесі кестеленіп салынған және оның жанында тұрған дөп-дөңгелек адам тұрпаты бейнеленген. Бұл сәлемдемеде қыздың ата-анасы жат жұртқа ұзатылған баласының «отырса опақ, тұрса сопақ» болған мүшкіл халін түсінген. Ал басқа ретте күйеуге ұзатылған қыздан «құсмұрын» бейнесі салынған сәлемдеме келсе, ата-анасы одан баласының барған жерінде құстай ерікті, басы бостандықта, жағдайы жақсы екенін ұғатын бол-



Құсмұрын



Ботакөз







Су өрнегі

ған. Сол себепті ұзатылған қыздан сәлемдемеге құстұмсық жүзік келсе немесе құстұмсық ою-өрнекті тұскиіз, басқұр сияқты зат келсе, ауыл-аймағы қуанып, той жасап, атап өтуді әдет еткен. Сондықтан да қазақ халқының ою-өрнектері көшпелі салтпен тікелей байланысты туып қалыптасты.

• *Наным-сенімдер.* Наным-сенімге қатысты ою-өрнектерге тоқталсақ, байырғы ұғымда өсіп-өнетін табиғат дүниесін кие тұту, олардың жаны бар деп қабылдау сенімі басым болған.

Бұған қоса табиғаттың тылсым құбылыстарын, мәселен,

найзағайдың жарқылдауын, күннің күркіреуін, қардың, жаңбырдың не себептен болатынын түсінбеген ертедегі қазақ халқы күнді, айды, аспанды, т.б. керемет күш деп біліп, сол күштерге сиынған. Имек , дөңгелек , қосу , жұлдыз  тәрізді белгілер сол керемет күштер деп сеніп-табынудан қалған.

«Бауырсақ» өрнегі де белгілі бір тұрмыстық нанымнан шыққан. Бауырсақ – өзі аттас затқа ұқсас ою, кей жерлерде «ботакөз» деп те аталады. Аталуы екі түрлі болғанымен, бірдей мағынада қолданылады. Әрине, халықтың ұғымында нан қадірлі, тіпті ұсағын жерге түсіруге болмайды. Сол сияқты түйенің жүні де қазақтың ұғымында киелі саналады, «аяққа басуға болмайды» деп ертеректе түйе жүнінен кілең баскиімдер, сырткиімдер тоқылатын болған. Қазірде бұл өрнек төселетін емес, тұтылатын бұйымдардың жиегіне салынады.

Осы жоғарыда саралап көрсетілген факторлар әсерімен қазақ ұлттық ою-өрнектерінің өзіндік мазмұндық ерекшеліктері қалыптасты.



*1-сызба. Қазақ ұлттық ою-өрнектерінің қалыптасып, дамуына әсер еткен жағдайлар*



*Зооморфтық және өсімдік тектес ою-өрнектер мен петроглифтер, элементтер*

## II ТАРАУ. ОЮ-ӨРНЕКТЕРДІҢ МАЗМҰНЫ ЖӘНЕ ЖІКТЕЛІМІ

### 2.1. Ою-өрнектердің мазмұндық ерекшеліктері

Қазақ ұлттық ою-өрнектерінің мазмұндық ерекшеліктерін былайша топтастыруға болады:

1. Мағыналық ерекшеліктері.
2. Бояу түстеріне байланысты ерекшеліктері.
3. Құрылымдық жүйесінің ерекшеліктері.
4. Басқа халықтардың өрнектерімен байланысты ерекшеліктері.
5. Өрнектеу әдістеріне байланысты ерекшеліктері.

#### 1. Мағыналық ерекшеліктері, оның өзі іштей:

- символы;
- халықтың дүниетанымы, ойы, арман-мүддесі;
- салт-дәстүрі және т.б.



*Итқұйрық*



*Түйетабан*

• *Символы.* Итқұйрық – иттің құйрығы тәрізді ою. Бұл өрнек – ауыларалық белгі (символ). Кебеже, қоржын бетіне, тықыр кілемге салынады.

«Түйетабан» оюы – алыс сапар нышаны (символы). Көштегі түйе жабуына, Жібек жолы сауда заманында саудагерлердің шапанына салынған, т.б.

• *Халықтың дүниетанымы, ойы, арман-мүдде-*

*сіне байланысты ерекшеліктер.* Мысалы, мына бір ою-өрнек элементтерінен халықтың арман-мүддесін, дүниетанымын тануға болады: Пазырық қорғанынан табылған сақ дәуіріндегі кілем үлгісінде «Ел, Байлық, Қорғаныс» ұғымдары шартты түрде «таңба», «марал», «салт атты сарбаз» бейнесі ретінде берілген. Мұндағы символды ұғымның айтпақ ойы: «Елді, ел мұрасын сақта!» Сондай-ақ VII-VIII ғасырларда қалыптасқан «қорған өрнекті кілем» үлгісінде «қала», «өзен», күмбез», «су», «қорған» бейнеленген. Бұл кілемдегі шартты түсініктің тұспалы: «Кіндік кескен мекеніңді айла-төсіліңмен қорғай біл».

• *Салт-дәстүрге байланысты ерекшеліктер.* Ертедегі әдет-ғұрып салтымыздың бірі – жас жігіт өзі ұнатқан бойжеткенге сыңар білезік сыйға тартатын. Егер қыз жігітті ұнатса, бұл сыйлықты жүрекке жақын көріп, сол қолына салады. Бірақ күнде емес, айтта, жиынды жерде «басы бос еместігін» білдіру мақсатымен салатын. Жігіттерді таласқа салмаудың бір жолы осы. Аталған білезіктің шынжыры мен тіркелген екі жүзігінің біріне күндей ашық, қуанышты жүрсін деп күннің, екіншісіне құстай ерікті, бақытты бол деген тілекпен «құсмұрын» бейнеленеді.

## **2. Бояу түстеріне байланысты ерекшеліктері.**

Мәселен, ою-өрнектерде бояу түсі мен мәнерінің тепе-теңдік принципінің берік сақталып келуі. Бұл, әсіресе қазақ кілем бұйымдарында мол байқалады. Ондағы сан алуан көріністер қоғам өмірі мен адам қызметінің ауқымдылығын, шексіздігін, белгілі бір мақсат көздейтінін баяндайды. Мұның бір жағынан эмоциялық әсерлігі, эстетикалық-тәрбиелік мәні аз емес.

Қазақтың ою-өрнек өнеріндегі бояу композициясының тереңдігі, көркемдігі мен оның белгілі бір идея әуенінен туындайтындығы бұл өнердің эстетикалық әсерлілігін байыта түседі. Бояу түсінің құнарлығы, қайталануы, назар аударарлығы көп жағдайда қазақ ән-күйімен бір сарындас болып келеді. Сайып келгенде, бояу үндестігі, бояу шешімі ою-өрнек өнерінде адамға

идеялық және эмоциялық жағынан мықты әсер ететін негізгі арқау болып табылады.

Әр халықтың өнерінде бояу түсі әр қалай байқалатыны өнер тарихында ертеден мәлім. Мәселен, бұған өнер саласында араб халқының сары немесе көк бояу түсін қолданатынын, ал қазақ халқының ақ бояу түсін жақсы көретінін айтсақ та жеткілікті.

Қазақ ою-өрнек өнерінде ақ бояу түсінің көбірек қолданылуы тегін емес, белгілі бір заңдылықтан, объективті шындықтан туған. Ақ түс – шындық, қуаныш бақыттың нышаны. Қазақ халқының тұтыну құралы мен тағам түрлерінде ақ мол кездеседі. Мәселен, сүт түсі ақ, ағарған деп аталады. Қазақ түрлі ауру-сырқау, бөле-жаланың бәрі де ақпен тазарады деп ұғынады. Адам өмірінің ұзақ болуы, елдің амандығы, халық тыныштығы, тағы басқа игі тілектері ақ ұғымымен тікелей байланысты болған. Оның ішінде қазақ сөздерінде жиі қолданылатын ананың ақ сүті, көңілің ағарсын, ақ дидар, ақжарқын, ақ отау, аққайың, ақселеу тіркестерінің белгілі бір мақсаттан, қажеттіліктен туғаны аян. Немесе ертеде қазақтардың басты адамын ақ киізге орап хан көтеру, тіпті құрбандыққа шалынатын малдың да ақ нар болғаны дұрыс деп түсінуі белгілі бір нанымнан, ақ ұғымын қасиеттеуден екені мәлім. «Ақ түйенің қарны жарылды» деген қанатты сөз де үлкен мерекелерде айтылады. Сондай-ақ, қазақта құйрығында ақ қылы бар жылқылар құтты саналып, сатылмайды, ешкімге берілмейді, себебі сол малмен бірге құт-береке кетеді деп түсінген.

Сондай-ақ қазақтардың ұғымында басқа бояу түстерінің де орны айрықша. Мысалы, «көк» – аспанның, аспанға табынудың, «қызыл» – оттың, «сары» – айырылысудың, «қара» – жердің, «жасыл» – көктемнің, жастықтың символы. Бұдан түр-түстің ою-өрнек өнерінде күрделі рөл атқарғанын, ондағы ой мен идеяны бейнелеу арқылы болмыс пен шындықты көрсетуде өзіндік шешім табатынын байқаймыз. Мәселен, қызыл, көк, жасыл түсті «гүл оюы» өрнегі аққұрға салынып,



жиі қолданылады. Мұнысы – «аспанымыз ашық, күніміз жарық, еліміз бақытты болсын» деген халықтың арман-тілегі.

3. Құрылымдық жүйесінің ерекшеліктері. Онда өрнек мәнерінің орналасу принципі тұрақты келеді, құрылым жүйесі қатаң сақталады. Қазақ ұлттық ою-өрнек өнерінде бір өрнектің екінші өрнекпен жөнсіз шатасуы немесе композициялық құрылысының ала-құла болуы жоққа тән.

Мәселен, кілем, тұскиіз, киіз, сырмақ, текемет бұйымдарында міндетті түрде «табақ» өрнегі (орта ою) – бұйымның ортасына безендіріледі, «шет ою» – бұйымның шетін жағалай жиектеріне салынады, «қолтықша» орта ою мен шет оюдың арасындағы үшкіл (үшбұрышты зат) сияқты орынға орналасады. Халық өнеріндегі осындай тұрақтылық пен жүйеліліктің болуы ою-өрнек идеясының мазмұндылығын арттыра түседі, нақтылық пен ұшқырлықты, айқындық пен өміршеңдікті әсерлендіре көрсетеді. Өйткені өрнектердің орналасу жүйесін берік сақтау әдісінің өзі халықтың өмірлік орта мен дүние кеңістігін кеңінен қамтып көрсету мақсатынан туған. Бұл ерекшелік қазақ халқының көшпенді өмір тіршілігінің ықпалынан туған деуге де болады.

4. Басқа халықтардың өрнектерімен байланысты ерекшеліктері.

Ұқсастығы: ою-өрнек пішінінің қолданылуы мен жасалу технологиясының, атауының да бірдей болып келуі. Мәселен, «тұмар» оюы қарақалпақ, өзбек, түрікмен, тәжік ою-өрнектерінде де кездеседі. Қазақ тілінде «тұмар», қарақалпақ тілінде «тумар», тәжік, түрікмен, өзбек тілінде «тумор» деп аталады. Н.А. Белинская, А.С. Морозова, М.С. Мұқа-



*Тұмарша*

нов және т.б. зерттеушілер «тұмар оюы» магиялық ұғымда әр түрлі бұйымдарына салынып, осы күнге дейін сақталып келгенін айтады.

Өзгешелігі – кейбір құрылысы (түрі) бірдей ою-өрнектердің бұйымдарда қолданылуы мен атауының басқаша болып келуі. Мысалы, қазақ халқының бауқұрларында кездесетін «алты жіп мүйіз» оюы тәжік халқының тілінде «балдақ» деп аталып, тақияға өрнектеледі, «төртмүйіз» оюы түрікмен, тәжік халықтарының тілінде «шаян» (скорпион) мағынасында қолданылады, «аштархан теру» оюының ортасындағы өрнекті тәжік тілінде «точдар сар» (увенчанный короной) деп атайды. «Ақ отау» оюын қарақалпақ өнерінде «қара үй» деп атайды. Бұл жөнінде Ө. Жәнібеков те былай дейді: «Кейбір қазақ оюлары көршілес халықтар ою-өрнектерімен өте ұқсас келеді, тек олардың атаулары өзгеше. Мысалы, «тықыр мүйіз» оюы ферғаналық қырғыздарда «туямоюн», «ирек» – «тайтұяқ», «омыртқа», өзбектерде «юлдуз», «төртқұлақ» – «мүйіз нұсқа» деп аталады».

Жалпы алғанда мұндай ұғымдар ежелден-ақ қазақ халқының көрші елдермен рухани достық қарым-қатынастарының мықтылығын дәлелдейді.

### **5. Өрнектеу әдістеріне байланысты ерекшеліктері**

Сәндік-қолданбалы өнердің әр саласына қатысты әдістердің алуан түрлілігі:

- киіз басуда (түр салу, ойыстыру, т.б.);
- сырмақ сыруда (ою, қию, бастырмалату, сыру, т.б.);
- кілем тоқуда (шалу, ілу, тегістеу, т.б.);
- зергерлік өнерінде (сіркелеу, зерлеу, бедерлеу, т.б.);
- ағаш ұқсату (сызу, қашау, т.б.).

Әрине, қазақ ұлттық ою-өрнек өнерінің ерекшеліктері осымен шектелмейді. Оның мазмұндық ерекшеліктерін зерттей түсуде оны бір топтамаға келтіру қажет.



*2-сызба. Қазақ ұлттық ою-өрнектері ерекшеліктерінің жіктелуі*

## 2.2. Ою-өрнектердің жіктелімі

Қазақ ұлттық ою-өрнектерінің екі үлкен жіктелімін бөліп көрсетуге болады:

- мотивтеріне қарай (Ә. Марғұлан, Қ. Жәнібеков, Т. Басенов, М. Мұқанов, т.б.);
- атауларының мағынасына қарай (С. Қасиманов, Ұ. Әбдіғапбарова, т.б.).

1. Қазақ ұлттық ою-өрнектері мотивтеріне қарай:

- зооморфтық ою-өрнектер;
- өсімдік тектес ою-өрнектер;
- геометриялық ою-өрнектер;
- космогониялық ою-өрнектер болып бөлінеді.

Осы топтар іштей топшаларға бөлінеді:

- Зооморфтық ою-өрнектер:
  - а) құс, жәндіктердің символдық бейнесі;
  - ә) жабайы және үй жануарларының символдық бейнесі.
- Өсімдік тектес ою-өрнектер:
  - а) белгілі бір стильге түскен жапырақтар;
  - ә) гүлдер;
  - б) дәндер мен жемістер.

- Геометриялық ою-өрнектер:
  - а) сызық түрлері;
  - ә) геометриялық фигуралар.
- Космогониялық ою-өрнектер:
  - а) космос денелері;
  - ә) жер көрінісінің элементтері;
  - б) табиғат құбылыстары.

Қазақ халқының ою-өрнек өнерінде ою-өрнек атаулары үлкен мәнге ие. Өйткені әрбір атау ою-өрнектің тал бойында жасырын жатқан сырды, маңызды да мағыналы ойды ашуға көмектеседі. Мәселен, «орамал-балдақ» өнеріндегі орамал – әйелдер басына тартатын жаулық, балдақ – шымылдыңтың бау өткізетін шығыршығы, ілгегі, яғни орамал мен балдақ жаңа түскен келінге шымылдық тұту, жаулық салу сияқты қазақ салтының шартты бейнесі ретінде бейнеленген. «Орамал-балдақ» өрнегінің жан-жағына «тұмар», «гүл ою», «су» оюлары салынып, ақ, қара, қызыл, жасыл, көк түспен тоқылады. Мұнысы – туған жердің гүліндей жайнап, сарқырап аққан судай мәңгілік халқыңа қызмет ет деген халықтың жаңа түскен келінге айтатын арман-тілегі.

Сондықтан да қазақ ұлттық ою-өрнектерін аталу мағынасына қарай топтастырудың маңызы зор.

Бұл тұрғыда С. Қасимановтың жіктелімін атауға болады. Ол қазақ халқының ою-өрнек атауларын мағынасына қарай 8 топқа бөліп қарастырады:

1. Ай, күн, жұлдыздарға – көк әлеміне байланысты өрнектер.
2. Малға, оның денесіне, ізіне байланысты өрнектер.
3. Аңға, аңның денесіне, ізіне байланысты өрнектер.
4. Құрт-құмырсқаларға байланысты өрнектер.
5. Құстарға байланысты өрнектер.
6. Жер, су, өсімдік, гүл, жапырақ, бұтақ бейнелі өрнектер.
7. Қару-құралдарға байланысты өрнектер.
8. Геометриялық фигура тектес өрнектер.

Осы жіктелім көптеген қазақ ою-өрнектерін аталу мағынасына қарай қамти алмайды. Мәселен, жіктелім топтарға «өткізбе», «қақпа», «терме», «солақ», «қолтықша», «шет», т.с.с. аталған ою-өрнектерді жатқызу мүмкін емес. Өйткені олардың бірі тоқылу әдісіне қарай («өткізбе», «қақпа», «терме»), екіншісі ен-таңбаларға қатысты («солақ»), ал үшіншілері затқа, бұйымға орналасуына қатысты («қолтықша», «шет») аталған.

Осыған орай қазақ ұлттық ою-өрнектерін аталу мағынасына қарай екі үлкен топқа бөлеміз.

*1-топ: бейнесінің ұқсастығына байланысты аталған ою-өрнектер.* Бұл топқа өнерде бейнеленген зат, құбылыс түрі табиғи атына сәйкес аталған ою-өрнектер жатады. Мысалы, «қошқармүйіз», «тұмар», «сырға», «пәтніс гүл», т.б. Бұл топтың өзін іштей, төмендегіше жіктейміз:

1. Жан-жануар, аң, құс тектес ою-өрнектер. Оларға қошқармүйіз, сыңармүйіз, сынықмүйіз, төртмүйіз, бұғымүйіз, құсқанат, қарғатұяқ, иттабан, итқұйрық, түйетабан, атбас, тайтұяқ, т.с.с. жатады.

2. Аспан әлеміне байланысты ою-өрнектер. Оларға күн көзі, шұғыла, айшық, үш айшық, төрт айшық, жұлдыз, т.б. жатады.

3. Өсімдік, жер, су бейнелі ою-өрнектер. Оларға тау, су, тоғыз төбе, алмагүл, арпагүл, т.б. өрнектер жатады.

4. Тұрмыстық заттарға қатысты ою-өрнектер. Оларға тұмар, орамал, балдақ, балта, бауырсақ, қора, шынжыр, кереге ою, тұмарша, құманбау, нәйзекі, сырға, т.б. жатады.

5. Аралас ою-өрнектер. Ою-өрнектер үнемі қозғалыста, даму үстінде болуы себепті кейбір өрнек элементтері бір-бірімен қосылып кетіп, өзінше бір өрнек жасайды. Өрине, мұндай өрнектерді бір топқа жатқызу үшін оның қағидасына бағыну қажет.

*2-топ: бейнесінің ұқсастығына байланысты емес аталған ою-өрнектер.* Бұл топқа өнерде бейнеленген зат, құбылыс түрі табиғи атына сәйкес емес, әр түрлі себептерге байланысты аталған ою-өрнектер жатады. Мысалы,

«терме», «шалма», «туырлыққас», «бұқар теру», «теңдеме ою», «сыңар ою», «жүздеме ою», «бастырма», т.б. Бұл топтың өзі іштей, төмендегідей топшаларға бөлінеді:

1. Жасалу ерекшелігіне, іс-тәсіліне қатысты ою-өрнектер. Оларға теңдеме ою, жүздеме ою, шалма, бастырма, өткізбе, қақпа, терме, т.б. жатады.

2. Аумақ, ұлт, ру атымен байланысты ою-өрнектер. Оларға бұқар теру, аштархан теру өрнектері жатады.

3. Ру, ел таңбаларына қатысты ою-өрнектер.

4. Затқа, бұйымға орналасуына байланысты ою-өрнектер. Оларға қолтықша, шет ою, орта ою, шет гүл жатады.

5. Салыну жағдайына қатысты ою-өрнектер. Мысалы, ағаш сандықтан алынған ою және т.б. Мәселен, «құстаңдай» өрнегі 1-топтың жан-жануар, аң-құс тектес ою-өрнектер түріне жатады. Себебі, бұл өрнек құстың таңдайы тәріздес, яғни ұқсастығына қарай аталған. Шешендер мен ақын-жыршылардың шапанына «тілің құстың сайрауындай ашық та құлаққа жағымды, көңіліңді сергітіп, жан жұбатарлық болсын» деген тілекпен безендіріледі.

«Қанатты ою» ғасырларымыздың басында пайда болған өрнектердің бірі, бас жағы қошқардың мүйізі сияқты, екі шеті ұшақтың екі қанаты тәрізді ою. «Қошқармүйіз» (жан-жануар, аң-құс тектес) оюы мен ұшақтың қанаты (күнделікті өмірдегі заттарға қатысты) бейнесінің элементтерінің қосындысынан жасалғандықтан осы топтағы аралас ою-өрнектер түріне жатады, көк түске қызыл мақпалдан ойып тұскиізге, сырмаққа салынады. Көк – аспанның, ұшақ – биіктіктің, жүйріктіктің, қошқармүйіз – байлықтың, молшылықтың символы. Мұнысы – елімізде молшылық, мерейіміз үстем, көңіліміз жүйрік болсын деген халықтың игі арманы.

Мәселен, «қақпа» өрнегі 2-топтың тоқылу ерекшелігіне, іс-тәсіліне қатысты ою-өрнектер түріне жатады. Қақпа ақ, қара, қызыл, көк түсті жолақ болып керілген желі жіптерге тек қана шатыс түсірілу арқылы арқау

өткізіліп, қылышпен қағып тоқылады. Теріп өрнек шығармайтын болғандықтан, тергіш қатыспайды. Қақпа әдісі арқылы алаша, төсеніштер тоқылады. Мұндай өрнек те әдіс атымен қақпа делінеді. Немесе «қолтықша» 2-топтың орналасуына байланысты аталған ою-өрнектер тобына жатады. «Қолтықша» – бұйымның орта гүлі мен шет гүлінің арасындағы үшкіл (үш бұрышты зат) сияқты орынға орналасатындықтан солай аталған.

Сонымен, ою-өрнектерді сұрыптау, топтастыру, атауларын анықтау – оның жай ғана сурет емес, көзбен танып, көңілге тоқыса атауының өзінде де аса үлкен тәлім жатқанын тағы да дәлелдейді.

Әрбір ою-өрнекке жеке талдау беру барысында кейбірінің қай топқа жататынын нақты айту қиынға соғады. Мысалы, «дөңгелек» өрнегін атауы мен формасына қарай геометриялық фигура, ал кейде күн белгісін бейнелейтін өрнек ретінде космогониялық ою-өрнектер құрамында қарастырамыз. Сондықтан, кейде ою-өрнектер мәнмәтінде, яғни бейнесі мен атауына қоса қай бұйымға, қайда, қалай орналасуына және қасындағы өрнектердің мағынасына, мазмұнына қатысты да анықталады.

Қорыта айтқанда, қазақ ұлттық ою-өрнек өнерінің тарихи даму жолдары мен өзіндік ерекшеліктеріне мазмұнды сипаттама беру, жіктелімін талдау, дүниетанымын, болмысқа деген эстетикалық көзқарасын, түйсікталғамын саралап көрсетуге ықпал етеді. Ою-өрнек өнерінде дәуір талабы, заман тынысы, қоғам тіршілігі, табиғат заңдылығы, адам әрекеті бар бояуымен, бар мәнерімен анық бейнеленген. Сондай-ақ, олардың тәрбиелік мүмкіндіктерін де назардан тыс қалдыруға болмайды.

### 2.3. Ою-өрнек өнерінің тәрбиелік маңызы

Қазақ халқының қолөнерінің арнасы өте кең, түрі сан алуан. Бұған мысал ретінде Қазақстанда Қазан төңке-

рісіне дейін металл өңдеу, сүйек пен мүйіз ұқсату, тері ұқсату мен етікшілік, тас өңдеу, ағаш ұқсату, тоқымашылық, т.б. салалардың дамып жетілгенін атасақ та жеткілікті.

Осы өнер түрлерінің қай-қайсысына болсын, яғни қазақ халқын айнала қоршаған бұйым, зат, құбылыстардың кез келгенінің де жасалу болмысына ою-өрнек өнері қатысып, оларды әсем де сәнді көрсетіп, мазмұнды да әсерлі етіп отырған. Осылайша оюмен ғана ойы толық, мазмұны анық көрінетін қолөнер қазақ халқының байырғы кәсіпшілігі болғаны белгілі. Олар осы кәсіпшіліктің арқасында өздерінің материалдық, рухани қажеттіліктерін өтеп қана қоймай, дер кезінде балаларына оның қыр-сырын түсіндіріп, жасалу жолдарын көрсетіп отырған және:

*Бармақтарың майысып,  
Түрлі ою ойысып,  
Ұста болар ма екенсің?! –*

деп сәбилерінің болашағынан үлкен үміт күткен.

Сондай-ақ А. Левшин қазақтардың тәрбиелеу дәстүрін сипаттағанда: «Қазақта балаға әкеден гөрі ана көп қарайды, қыздарын үй ішіндегі өнердің бәріне үйретеді», – дейді. Енді бұған қоса қолөнер кәсібіне балаларды әкелері, ауылдың тәжірибелі, салиқалы қарттары, өнер иелерінің шеберлері де баулып отырғанын айтып өту аса қажет.

Олар ер балаларға ұсталық, етікшілік, зергерлік, үйшілер, т.б. өнерін, ал қыздарға кілем, алаша, ши, кесте, бау, құр тоқу, киіз, текемет басу, сырмақ сыру, киім тігу, т.б. түрлерін меңгертуге тырысты. Соның негізінде балаларын жастайынан еңбек етуге, үнемділікке үйретіп, әсемдікке баулыды, олардың бойына адамгершіліктің тұғырын қалау мен денесін шынықтыруды, ақыл-ойын өсіруді, өз бетінше өмір сүру мен кәсібилікке даярлауды мақсат етті. Осы ниетпен олар өз тәжірибелерінің негізінде ақыл-кеңес беру, үлгі-өнеге көрсету, үйрету, түсіндіріп тоқыту, жаттықтыру, салыстыру, иландыру, сендіру, қолдау, мақтап-марапаттау,



әңгімелеу, т.б. әдістерді пайдаланды. Сонымен қатар, әдіс-тәсілдерді қолдану барысында да балалардың жас ерекшеліктерін ескерді, мәселен, тоқыма өнерінде жіп сабақтау, жүн түту, құрақ қию, құрау, кесте тоқу сияқты жеңіл, оңай қимылдарынан бастап киіз басу, кілем тоқу, алаша тоқудың қиын, күрделі жолдарына қарай меңгертілді. Сондай-ақ, ою-өрнек өнерін қыздарға үйрету жағдайында алғашында ою-өрнек үлгілерінің пішіні жеңіл, жіп сандары аз, кішірек бұйымға салынатын түрлері (тау, су, гүл, күн, айшық, балдақ, алты жіп мүйіз, т.б. оюлар), ал жасау тәсілдеріне орай бастапқы үлгілерін қию, құрау, тігу жұмыстары көрсетілді.

Осылайша ою-өрнек үлгілерінің оңай түрлеріне, жеңіл жұмыстарына көздері қанығып, іштей танып, қолдары үйреніп, өздері жасай алатын икемділікке жеткен шағында олар көп еңбек сіңіруді қажет ететін, топтасып жасайтын киіз, текемет басу, кілем тоқу өнерлеріне араласа бастайды. Одан әрі қолөнердің жекеше атқарылатын күрделі түрлеріне (алаша, бау, құрлар, т.б.) термелеп, сыңарлап, теңдемелеп, жүзде-мелеп сан қилы ою-өрнектерді түсіре алатын халге жетеді. Осылардың бәрін меңгеріп, жоғарыда айтқан көпшілік-тің көмегімен бітетін бұйымдарға басшылық ете алатын, сол бұйымға ою үлгісін жасап бере алатын жағдайға жеткенде «оюшы», «ісмер», «шебер», «өнерлі», «бармағынан бал тамған», «өнері асқан шебер» атанады.

Сол себепті қазақ халқы өнер адамдарын кейінгіге үлгі-өнеге етіп, мұндай жетістікке адам тек ою-өрнек өнерінің құпиясын, қыр-сырын меңгергенде ғана жететінін санаға сіңіріп отырған. Өйткені, мысал ретінде киіз басудың, жүн түту, жүн басу, су құю, білектеу, тебу, т.с.с. жұмыстарын кез келген жас-кәрі бір-екі көргеннен-ақ атқара алуы мүмкін. Ал ою үлгісін аса өнерлі адам ғана бастырмалатып шығады. Сырмақ сыруда да солай, ою пішімін белгілі бір «оюшы» жасап береді. Кілем тоқу өнерінде де шалу, ілу, қию, тоқпақтау, тегістеу, үлгіге қарай отырып кілемнің керілген желі жіптерін санап өрнек шығару әдістерін көпшілік

атқара алғанымен, кілемге салынатын үлгіні «асқан шебер» адам даярлап береді. Демек, қазақ халқының қолөнер шебері ою-өрнек өнерінде нағыз сынға түседі, яғни қолөнер шеберінің таразысы – ою-өрнек өнері. Сондықтан да қазақтардың қолөнер саласын жетік меңгерген, эстетикалық талғамы жоғары, ісмерлігі озған адамды «өнеріне қарай өрнегі» деп сүйсіне бағалауы тегін емес.

Осы орайда айта кететін бір жайт, ою-өрнек өнерін кейінгіге үйретуде халық математикалық тәсілдерді де пайдаланды. Олай дейтініміз, кілем, алаша, бау, құр, тоқу процесінде олардың көлеміне қарай жіп сандарын керуі, өрнектеріне орай жіптерді санап топтастыру, жіп сандарын есептеп өрнек шығару, басқа бұйым заттарға да өрнек түсіруде оюдың формасын, пішімін бұзбай салуы, оюлардың үндесуі – бәрі есептеліп отырады. Осылайша өнерге құштар балалардың отбасында-ақ есепке қызығушылығы қалыптаса бастайды және мұндай қисынсыз жіп есептеулер олардың ақыл-ой тәрбиесіне ерекше әсер етеді. Қазақтардың этнологиясын зерделеген Н.Л. Зеландтың: «Жалпы қазақтар математикаға басқалардан гөрі жақсы үлгереді», – деуінің бір себебі осыдан болса керек.

Қазақ халқы ою-өрнек өнерінің ерекшеліктерін балаларына үйретуде ауыз әдебиеті шығармашылығын кеңінен пайдаланды. Мәселен, «Өнердің күші» ертегісінде ақылды қыз Дүрияның ханның баласы Ыдырыс-қа: «Қолыңнан еш нәрсе келмейді, қолөнердің бір түрін үйренбесең, мен саған күйеуге шықпаймын. Бірде-бір қолөнер үйренбеген адам – бақытсыз. Адам қолөнерді меңгергенде ғана асқар шыңға көтеріліп, ағынға қарсы жүзе алады», – деп айтуының өзінен қолөнердің адам өміріндегі қаншалықты пайдасы аңғарылады. Одан әрі ертегіде осы сөздердің мағынасы ашыла түседі. Дүрияға үйленгісі келген Ыдырыс баскіім тігу өнерін үйренеді. Кейіннен Дүрия Ыдырысқа баскіімге өрнек салуды көрсете отырып, әрбір

ою белгісі бір әріпті, сөзді білдіретінін түсіндіріп, бұл өнердің бір күндері бәрібір қажет болатынын айтады.

Айтса айтқандай-ақ, Ыдырыс бірде қарақшылардың қолына түсіп, жаны қиналғанда: «Мені өлтірмендер. Мен сендерге бір баскіім тігіп беремін, соны ханшаға апарсаңдар 2 мың ділдә береді», – деп жалынады. Олар көнген соң қалпақ тігіп, сол қалпаққа «қарақшыларға тап болып қалғанын» оюмен бейнелеп беріп жібереді. Өрнектен не жағдай болғанын түсінген Дүрия Ыдырысты барып өлімнен құтқарып алады.

Міне, бұл ертегі арқылы үлкендер балаларына қолөнердің адам өміріндегі рөлін және әрбір ою-өрнектің «сөйлейтінін», оның бейнесінде белгілі бір сөздер жасырынып тұратынын, яғни әр өрнекте символдық мән жататынын ұғындырмақ болған. Демек, ою-өрнек өнері тек әшекейлеу ғана емес, белгілі бір ойды жеткізу мақсатында қолданылғанын түсіндірген. Ертегінің ең басты идеясы – ою-өрнек өнерінің адам өмірін сақтап қалуға себепші болғанын, жалпы «өнерлі өлмейді» деген түйінді көрсету.

Міне, бір ғана ертегіден ою-өрнек өнерінің қаншама тәлім-тәрбиелік тұстары байқалып отыр. Сол себепті ою-өрнек өнерінің тәрбиелік мүмкіндіктерін тереңдете аша түсу үшін аталу мағынасына қарай топтастырылған жіктелім бойынша саралап өтейік.

*1-топтағы бейнесінің ұқсастығына байланысты аталған ою-өрнектер тобындағы ою үлгілері* балаға ес білген мезетінен бастап-ақ үйретіле бастайды. Мәселен, жан-жануар, аң-құс тектес ою-өрнектерді алып қарайық.

Бала туылғаннан-ақ әке-шешесі, өскен ортасы оған аң, құс, мал жөніндегі ұғымдарды, олардың адам өміріндегі пайдасын, рөлін өздерінің арман-мақсаттарымен сабақтастырып, әр түрлі әдіс-тәсілдермен құлақтарына құйып отырғаны белгілі. Соның бірі – «қазақтың бұрынғы әдет-ғұрпы бойынша нәрестеге құтты болсын айтуға барғанда оған апаратын «бала жинағы» деп аталатын бұйымдарға малдың, аңның бейнелері салынатын

болған. Мұның да себебі жоқ емес, балаға айналадағы дүниені таныту. Бұйымдарда бейнеленген бейнелерді есейгенше бірте-бірте танып өседі» деп ұғыну.

**1. Жан-жануарлар, аң-құс тектес ою-өрнектерге** қошқармүйіз, сыңармүйіз, сынықмүйіз, төртмүйіз, қосмүйіз, тақмүйіз, тікмүйіз, бұғымүйіз, құсқанат, қанатты ою, қарғатұяқ, иттабан, қырықтырнақ, балыққөз, итқұйрық, түйетабан, ботакөз, атбас, тайтұяқ, т.б. жатады. Бұл ою-өрнектер әр шебердің эстетикалық талғамына орай киіз үй жиһаздарының барлық түріне, сондай-ақ мүйіз өрнектер ер-тұрмандарға, құс тектес түрлері көбінесе қыз-келіншектердің әшекей бұйымдарына жиі салынады.

Мәселен, «қосмүйіз» – мүйіздің қосарланып, парланып тоқылуына байланысты аталған. «Қос» сөзі екі, пар, егіз деген мағынаны білдіреді. Демек, қойдың, ешкінің, сиырдың, арқардың, бұғының екі мүйізін ғана бейнелейтін өрнек. Бұл ою мал шаруашылығы мен аңшылық кәсіпшілігіне байланысты туған. 15 жіптен шығатын қосмүйіз оюы көбінесе желбауға салынады да, 25 жіптен шығатын түрі туырлықтың құрына тоқылады. Бұл – үйде ұдайы молшылық пен тоқшылық болсын деген белгі. Демек, төрт түлік малмен, аңшылықпен күнелткен қазақ халқының арман-ойы, ою-өрнек өнерінде де дәл бейнеленген.

**Тәрбиелік мәні:** Жан-жануар, аң-құсқа байланысты ұғым-түсініктерді ауыз әдебиеті үлгілерінен естіп, тыңдап, біліп жүрген балалар олардың бейнелерін қолөнер туындыларынан да көріп қаныға түседі; сол бейнелерді санасына әбден сіңіріп өседі, яғни олар осы ою-өрнектердің түр-түсінің әсемдігіне сәйкес жып-жинақы орналасуынан эстетикалық әсер алып қана қоймай, олардың бейнеленген ұғымдарға дұрыс көзқарасы қалыптасады.

**2. Аспан әлеміне байланысты өрнектерде** де қазақ халқы балаларына аспан белгілерін таныстыруды мақсат етіп, аспан сырын сол кездегі өздерінің дүниетанымдарына сәйкес түсіндіріп отырған. Мұндай ою-өрнектерге күн көзі, шыққан күн, шұғыла, айшық, айгүл, үш

айшық, төрт айшық, жұлдыз, топ жұлдыз, т.б. өрнектер мысал бола алады.

Күннің шығуына табынған, ай туғанда тағзым еткен, жұлдыздарға тамсанып тілек тілеп, жұлдыз ағып түскенде бір жарық өшті, бір пәлекет болады деп қауіптенген қазақ халқы күн, ай, жұлдыздарды жер бетіндегі жарық дүниелер деп қастерлеген.

Қазақтар көк әлемін ауызекі шығармаларында ерекше тапқырлықпен, білімдарлықпен қолданып, балаларынан да соны талап еткен. Мәселен:

*«Ақ сандығым ашылды,*

*Ішінен жібек шашылды» (Күннің көзі),* – деген жұмбаққа сай. «Май берейін, құрт берейін. Күннің көзі шық, шық» деп балалардың өлеңдетуі осы ойымызды айғақтайды. Оның үстіне берілген жұмбақтағы «сандық» қазақтардың өміріндегі аса қажетті бұйымдардың бірі болса, «жібек» – ең асыл маталарының не ең асыл жіптерінің бірі, демек мұнда күн – адам өміріндегі тіршілік көзі, онсыз өмір жоқ деген белгі. Көздің жауын алатын, жібектей жарқырайтын күннің де үнемі шуағы шашырап тұруын аңсаған халық оны нұрлы да шаттық үмітпен өздерінің қолөнер шығармаларында пайдаланды.

«Күн» оюы көбінесе жүзік, білезіктерге бір дөңгелек не қос дөңгелек түрінде безендіріледі. Бір дөңгелек күн белгісін «күніміз ашық болсын» деген тілекпен салған. Қос дөңгелек – мейірімділік пен әділеттіліктің белгісі. Қалың қос дөңгелекті жүзікті әдетте қолбасшы адамдарға сыйлайды. Мұндай жүзіктер мөр ретінде де жүрген. Тас көздің бетіне кейде адам аты да жазылған. Мұнан басқа да мөр жүзіктен екі есе кішкене қос дөңгелекті құдағи жүзік болған. Оны ұзатылған қызының соңынан барған анасы тағып барып, қызын шат тұрмыста көрсе қыз енесінің қолына салады. Құдағи жүзік айтқа, тойға, мейрамға барғанда салынады. Қазір де үлкендер құдағи жүзігі бар адамды көрсе, «шіркін, ақ ниетті әділ адам екен» деп қызығып, ізет көрсетіп, сыйлап төрге

отырғызады. Келіні кесірлеу адамдар мұндай жүзікті кісіден кеңес сұрайды.

**Тәрбиелік мәні:** Үлкендер мұндай өрнектердің мәнісін үйрету арқылы балалардың адамгершілік тәрбиесін жетілдіре түскен. Аспан әлеміне байланысты өрнектердің мазмұнын білуі негізінде балалар ертедегі қазақ халқының дүниетанымымен танысады, олардың тапқырлығына, даналығына көздерін жеткізеді.

**3. Өсімдік, жер, су бейнелі өрнектерге гүл, тау, су, тоғыз төбе, алмагүл, шатыр гүл, арпагүл, т.б. өрнектер мысал бола алады.**

Туған жерін жанындай сүйіп, қастерлеген қазақ халқы кейінгі ұрпақтарының да жер, су, өсімдік атаулыны аялайтын абзал азамат болып қалыптасуын армандап, олардан да соны талап етіп отырған. Сонымен бірге, ертедегі халық дала табиғатымен адамша тілдескен. Бұл тіпті балаларға арналған өлеңдерден де байқалады:

*Жау, жау, жаңбыр*

*Жау, жаңбыр!*

*Арық суы мол болсын!*

*Өсімдіктер көп болсын!*

*Жауған жерің шөп болсын! –*

деген өлең қатарлары «сулы жер – нулы жер» екенін, су көп болса, шөп көп болады, шөп көп болса, мал семіреді, мал семірсе, қарын тоқ болады деген арман-тілектен туған.

Қазақ халқының осындай арман-тілек ойлары ою-өрнек өнерінде де қалыс қалмаған. Мысалы, «су» оюы – байырғы, киелі ою. Олай дейтініміз, су – ертедегі ұғымда киелі, жаратушы аналардың бірі. Ауырған адамдарды сумен ұшықтайды. Қазақтар арасында «суға түкірме» деген тыйым да бекер айтылмаған. Көне түркі жазбаларында «от ана», «су ана» деген тіркестер кездеседі. Ертедегі адамдардың ұғымынша, дүниенің жаралуына төрт зат негіз болған: от, су, ауа, тау, т.б. Су оюының негізінде «ирек», «тасқын», «дария» оюлары қалыптасты. «Дария» – дархандылықтың символы. «Су» оюы көбінесе кез келген бұйымның жиектеріне және бұйым ішіндегі өрнектердің жік-шекарасын көрсете бейнеленді.

**Тәрбиелік мәні:** Қазақ халқы жер, су, өсімдіктерге қатысты да қасиетті ұғымдарды ою-өрнек өнерінде бейнелеу арқылы балаларының суды ластамауын, талды сындырмауын, шөпті жұлмауын, т.с.с. тәртіптілікті талап еткен. Яғни, сол өрнектердің жасалу тәсілдерін көрсетіп қана қоймай, мазмұнын түсіндіру негізінде балалардың туған жер табиғатына деген аялы сезімдерін оята білген. Қазақтың баласына «жерді теппе», «шөпті жұлма, оны жұлсаң, көктей соласың» деп өсиет айтуы, әйелдердің ағын суға кір шайқамауы – жер мен шөпті, суды қастерлеуден туған ырымдар. Қазақтың қарғысының үлкені де «көктей солғыр», «көктемегір» болып келуі тектен-тек емес.

**4. Тұрмыстық заттарға қатысты өрнектерде күнделікті тұрмыста кездесетін кейбір заттардың бейнелері беріледі.** Мысалы, тұмар, орамал, балдақ, балта, бауырсақ, қора, шынжыра, кереге ою, балдақ тұмарша, құманбау, нәйзекі, сырға, т.б.

«Нәйзекі» – найза төріздес ою. Бастапқы атауы «найзаға үкі» болса керек, ауызша дыбысталуынан «нәйзекі» түрінде естіліп, солай аталып кеткен. Бұл ою елдер арасындағы шапқыншылықпен, найзаның ұшымен, білектің күшімен деген жаугершілік дәуірмен тығыз байланыста туған.

Ел намысын ту етіп көтерген, әйгілі жүйрік Қазыбек шешен қалмақтарға елшілікке барғанда: «Біз қазақ деген мал баққан елміз, бірақ ешкімге соқтықпай жай жатқан елміз. Елімізден құт-береке қашпасын деп, жеріміздің шетін жау баспасын деп найзаға үкі таққан елміз, ешбір дұшпан басынбаған елміз, басымыздан сөз асырмаған елміз», – деген дәуірде дүниеге келген бұл ою ерліктің белгісі ретінде бау-құрлардың шетіне салынады.

Найзаға үкі тағудың өзі белгілі бір наным-сенімнен шыққан. Өйткені «үкі» қазақтардың ұғымында киелі, осы күнге дейін жас нәрестелердің киіміне, қыздардың жүгіне, жас келіннің шымылдығына, орамалына көз, тілден сақтайды деп тағып қояды.

Сондай-ақ «тұмар» оюы да киелі оюлардың бірі. Көне түрік тілінде «тума иер» деген сөз бар. Онысы – «туған жер» дегені. «Тұмар» сол «тума иер» сөздерінің қосылуы арқылы шыққан. Бұрын тұмар ішіне туған жер топырағын, тас қиыршықтарын салған. Онысы «Жер-ана желеп-жебейді, туған жерге қайтып ораламын» деген сенімнен шыққан. Бұл ұғым қазақ арасында әлі бар. Шашы ұзын қыздар көзден сақтайды деп, жас балаларға көз тимейді деп ауыл молдаларына тұмар жаздырып алып (араб тілінде) тағатын болған. «Тұмар» оюы басқұр, аққұр, кілем, текемет, киіздердің шетіне салынады. «Тұмарша» деп те аталады. Мәселен, «шаршы оюды» «қостұмар» деп те атайды. Бұл да киелі ою. Қазақ ою-өрнегінің төрт бұрышты бітімге салынуына себепші болған.

Сол сияқты «шынжыра» оюы да шынжыра тәрізді ою. Шынжыралап тоқылған кестеден шынжыра өрнегінің бейнесі көрінеді. «Шынжыра» оюы киіз үйге тұтылатын және төселетін барлық бұйымдардың шетіне салынып тоқылады.

Ертеде қазақ қыздары өз жасауларын өздері тоқып алуды әдетке айналдырған. Өрмек өнерін білмейтін бірде-бір қыз кездеспеген. «Шынжыра» оюы бар-жоғы алты-ақ жіптен шығады, сондықтан да аналарының қыздарына «шынжыраны білмей тұнжыра» деп ренжитіні тегін емес.

«Кереге» оюы – киіз үйдің керегесі тәрізді өрнек. Туысқан түрікмен, қарақалпақ қолөнерінде «кереге көз» делінеді. Қазақтың тоқыма өнерінде бұл ою кілем, құрлардың шеттеріне сәндік үшін тоқылады. «Керегең сөгілмесін, керегең кең, берік болсын» деген тіркестерді оюмен жеткізу – үлкен тапқырлықтың, даналықтың белгісі.

**Тәрбиелік мәні:** Тұрмыстық заттарға қатысты ою-өрнектер – күнделікті өмірдегі ең мәнді де қастерлі ұғымдарды көрсететін заттар бейнесі. Олай болса, ұл мен қыз күнделікті көріп жүрген заттарының бейнесін ата-бабасының қолымен жасалған бұйымдардан көріп,



өсемдігіне бір тамсанса, сондай-ақ оның екінші бір затты сәндеп тұрғанына тағы бір сүйсінеді және сол өрнектің мағынасын терең ұғынуы арқылы өз бойында ол затқа деген ерекше құрмет пайда болады.

Сонымен, балалар 1-топтағы өмірдегі зат, құбылыстардың дәл бейнесін ою-өрнектер арқылы қолөнер туындыларынан да сезініп, көріп қанығып, оның бәрін көңілдеріне тоқып өседі, нәтижесінде дүние, өмір, қоғам, төл мәдениеті жөніндегі түсініктері ұлғаяды, ақыл-ойы кеңейіп, танымдық қабілеті, эстетикалық талғам-түйсіктері, адамгершілік қасиеттері артады.

М. Красовскийдің: «...Қаршадайынан жас қыздарды тігуге, тоқуға, киіз басуға және сол сияқтыларға үйретеді, ал сәл өсе бастағанда енді мұның бәрін олардан талап ете бастайды» дегеніндей, олар есейе келе тыңдап, көріп көңілдеріне тоқығандарын іс жүзінде көрсете бастайды.

Міне, *2-топтағы өнерде бейнеленген зат, құбылыс түрі табиғи атына сәйкес емес, әр түрлі себептерге байланысты аталған ою-өрнектер* балалардың осындай есейген шақтарында үйретіле бастайды. Олай деуімізге басты себеп, мәселен, жасалу ерекшелігіне, іс тәсіліне қатысты ою-өрнектерді – теңдеме ою, сыңар ою, жүздеме ою, шалма, бастырма, өткізбе, қақпа, термені, т.б. балалар өз қолдарымен жасап көргенде ғана аталу себептерін түсіне алады. Мысалы, «қошқармүйіз» тәрізді өрнек бейнеленіп, дәл сол ою «шалма» деп аталуы мүмкін.

«Шалма оюы» тоқылу әдісіне қарай аталған. Шалма – жіпті не таспаны әрі-бері өткізіп тоқу мен өрудің бір әдісі, осы әдістің аты. Бұл жайлы С. Қасиманов: «Шалма – өрмек тоқу өнерінің бір әдісі, өрім өрудің бір түрінің атауы», – десе, Ә. Тәжімұратов: «Керілген желіге салынатын түрді еркек жіптен алып ұрғашы жіпке шалып орағанды шалу немесе түр шалу деп те атайды», – дейді. Осы айтқанға орай «шалма» деп тек қана күзулі (еркек) жіптен алып күзусіз (ұрғашы) жіпке шалып орағанды да айтады. Оң шалу, теріс шалу сияқты тіркестері – осы-

ның дәлелі. Оң шалу деп түр жіпті күзулі жіптен алып, күзусіз жіпке шалып орау айтылса, теріс шалу деп түрді күзусіз жіптен алып күзулі жіпке шалып орағанды айтады. Оңтүстік Қазақстан облысының кейбір аудандарында кілемді теріс шалу әдісімен тоқиды.

Көбінесе кілем тоқуда шеткі 6-8 жібінің мықты болуы үшін теріс шалу немесе орама әдісі қолданылады. Теріс шалу әдісімен жұлқыш (джульхирс) тоқылады. Бұл жайлы А.С. Морозова былай дейді: «Орта Азия халықтарында кездеспейтін, өзбектердің кейбір тайпаларында ғана ұшырасатын кілемдер көңіл аударуға тұрарлық. Олардың арасында түріктер, юздер, парча юздер, наймандар тоқыған «джульхирс» (аю терісі) аталатын ұзын төсеніш кілем ерекше орын алады».

Сонымен, «шалма дегеніміз – түрді кейде күзулі жіптен алып күзусіз жіпке, кейде күзусіз жіптен алып күзулі жіпке шалып орау әдісі».

Шалма әдісінің өзіне тән ерекшеліктері:

а) желі бір түске боялады;

ә) желінің өзінен теріп өрнек шығармайды, түрлерді, жоғарыда аталғандай, желі жіптерге шалып орап, тегістеп, қайшымен қиып отырады;

б) тергіш, қылыш қатыспайды да, тоқпақ қатысады.

Шалма әдісімен негізінен кілемдер тоқылады. Ал «шалма» оюы ақ құрға түрлердің қатысуы арқылы кілем тоқу әдісімен тоқылады.

**Тәрбиелік мәні:** Жеткіншектердің «шалма» оюын үйрену негізінде тоқылу әдісін біліп қана қоймай, оны тоқу үстінде ісмерлігі, шеберлігі, біліктілігі артады.

**2. Аумақ, ұлт, ру атымен байланысты өрнектер** кейбір әлеуметтік-этникалық ерекшеліктерге орай аталған. Мәселен, бір елдің, рудың ұлттық қолөнер туындылары сауда-саттық жолымен, ежелгі салт-дәстүр әдетімен (қыз ұзату, келін түсіру, өлік шығару, т.б.) тағы сол сияқты себептермен екінші елге, басқа ұлтқа ауысып отыратыны белгілі жайт. Осындай жолмен ауысқан заттардағы ою-өрнектердің бастапқы атауын білмейтін мұндағы халық келген бұйымды, тіпті өрнектерін сол елдің руы-

ның, ұлтының атымен атаған. Мәселен, «түрікмен теру» ұлт атымен аталынса, «бұқар теру» – Бұхара халықтарының ою үлгілері.

Оның үстіне қазақтардың тұрмыс-тіршілігін зерттеген А. Янушкевич саяхат күнделігінде: «Қазақтардың өлікті шығаруы тез. Қазақ өлген бойда қатындар киіз үйде жоқтау айтады. Содан соң оны тездетіп жуындырады да, алдын ала Бұхарадан сатып алынған кебінге орайды, тайыз қазылған көрге апарады», – деген болса, жерлеуге қатысты бұйымдарға да ою-өрнек бейнеленетінін Ш. Уәлихановтың ел ішінен жазып алған «Көкөтайдың асындағы» жыр жолдарынан көруге болады:

*«Арулап мені қойыңдар...*

*Ақ сарайды салыңдар.*

*Суагер науа ілгізіп*

*Оюлап сыртын нақыштап,*

*Әдемі өрнек салыңдар».*

Ескерте кететін бір жағдай, «бұқар теру», «түрікмен теру», «қазақы теру» деген ою атауларындағы «теру» сөзі бұл жерде ою, нақыш, өрнек деген мағынаны білдіреді. Аталған оюлардың тоқылу ерекшелігіне қатысты ою-өрнектер тобына жатпау себебінің бірі содан.

**Тәрбиелік мәні:** 2-топтағы ою-өрнектерді білу арқылы балаларда өнердің салыстырмалы көзқарасы пайда болады, өзге елдің де ою өнерінің қыр-сырымен танысады, ұлтаралық, халықаралық сыйластық, достық қатынастарын үйренеді.

### **3. Ру, ел таңбаларына қатысты ою-өрнектер.**

Қазақта балаға 7-9 жасында әкесінен бастап ағайын-туысын, нағашы жұртын, алыс-жақынын таныстыруға, ататегін, руын, ел-жұртын білдіруге ерекше көңіл бөлінген. Жеті атасын білу заң болған. «Жеті атасын білген ел жеті жұртқа жөн айтар» деген аталы сөзді арқау етіп, баласына ата тарихын жастайынан жаттатып, ел-жұрт тарихын білу ерлікке, елдікке, отансүйгіштікке баулиды деп ұққан. Әкесі, атасы балаға тек жеті атасына дейінгі бабаларының атын жаттатып қана қоймай,

олардың қандай адам болғанын, ел-жұрты үшін жасаған ерлігін, өнегелі істерін әңгіме еткен. Сол арқылы бала ата дәстүрін жалғастырса екен деген мақсат көзделген.

Әу баста сол әрбір рудың ұраны, таңбасы өзінше белгіленген. Қолөнер бұйымдарында да белгілі бір ру өнерінің белгісі ретінде ру таңбалары да бейнеленген. Мәселен, тұмар – шапырашты руының, дөңгелек – албанның, суанның, қос дөңгелек – арғынның, тарақ тарақтының ру таңбасы болған.

Осы аталған таңба да ою-өрнек өнерінде өте жиі кездеседі. Бірақ аталған өнер түрінде дөңгелек күн белгісі ретінде де, тарақ тұрмыстық заттарға қатысты да бейнеленуі мүмкін. Сондықтан оны ажырату үшін ою-өрнектер мән мәтінін, «сөз тіркесін» оқи білу керек, екіншіден, ою-өрнек өнерінің бар ерекшеліктеріне қоса ру таңбаларын меңгеруі шарт, ол үшін алдымен қазақ шежіресімен, ата-баба тарихымен де етене таныс болуы қажет.

Оның үстіне ертеде «дәулетті адам айғыр, бие, сиыр барлық ірі қарасына белгі (ен, таңба) салып, өрісте бақташысыз ұстайды, мал қосылып кетсе, белгісіне қарай иесіне қайтаратын, қой-ешкіні қойшы бағатын». Бұл күнде де ауылдық жерде қойларын қойшыға бақтырады не кезектесіп бағады. Өрістен қайтқанда ендеріне қарап ажыратып алады.

Міне, осындай ен-таңбаларға ұқсас өрнектер қолөнер бұйымдарында да жиі кездеседі. Мәселен, «солақ» оюы жылқының қамшылар жағындағы құлағының ұшын кесіп салатын «солақ» ені тәріздес. Олай болса бұл ою да қазақтың дәстүрлі бір ерекшеліктерінен туындаған.

**Тәрбиелік мәні:** Ру, ел таңбаларға қатысты ою-өрнектерді үйрену нәтижесінде балалардың тарихқа деген қызығушылығы артып, ақыл-ойы дами түседі, ата-баба дәстүрлерін қастерлеуі арқылы адамгершілігі молаяды, әрине бұған қоса өнер жөніндегі білімдері толысады.

4. Затқа, бұйымға орналасуына байланысты ою-өрнектер қатарына «қолтықша», «шет ою», «орта ою», «шет гүл», т.б. мысал бола алады.

Шет ою, шет гүл оюлары бұйымның шетіне, жиегіне салынатындықтан солай аталған. Көбінесе кілем, тұскиіз, сырмақтарға, т.б. төсеніштерге салынады.

«Орта ою» – бұйымның не заттың ортасына безендірілетіндіктен, яғни орналасу орнына қарай аталған.

«Қолтықша» оюы – үшкіл өрнегінің ішкі ойыс жағы. «Орта ою» мен «шет оюдың» арасындағы үшкіл сияқты орынға орналасатын өрнек. Бұл ою киіз үй жасауларындағы тұтылатын және төселетін бұйымдарға өрнектеледі.

**Тәрбиелік мәні:** Ою-өрнектерді үйрену негізінде балалардың ісмерлігі, шеберлігі артады, эстетикалық талғамы ерекшеленеді. Өйткені бұйымға ою-өрнектерді түсіруден бұрын қай өрнекті бұйымның қай жеріне орналастыруды, қалай сәндеуді, қай тұста қай өрнек әдемі көрінетінін алдын ала ойластыруы тиіс. Мұның өзі қаншама білімдарлықты талап етеді.

Жалпы, ою-өрнек өнерінің тәрбиелік мүмкіндіктері қолөнер бұйымдарының жасалу процесінен де анық көрінеді. Мәселен, киіз басу, текемет ойыстыру өнері жүн сұрыптаудан басталады. Қойдың жүнін қырқу жұмысына ересек балалар көмектеседі. Олар тек қырқу әдісін ғана емес, киізге қандай жүнді пайдаланса (жабағы жүн, күзем жүн, қозы жүн), оның мықты да тиімді болатынын естіп біледі. Жүнді жуу, сабау, түту істеріне қыздар көмекке келеді. Мұнда да үлкендер балаларын жұмысқа қызықтыра түсу үшін «жүнді тұмсығыңа дейін түтсең, мұрныңнан маржан түседі» деп иландыра шапшаңдыққа, жүнді ысырап етуге болмайтынын ескерте отырып үнемділікке, жүннің шуаш исі кеткенше әбден жууды талап ете тазалыққа, текеметке түр салу үшін жүнді алуан түске бояуды көрсету арқылы әсемдік пен талғампаздыққа тәрбиелейді. Бұл бұйым бір күнде бітуге тиіс әрі көлемді болғандықтан көпшілік болып топтасып жасайды. Нәтижесінде балалар топтасып қызмет етуге, бір-біріне жанашыр, қамқор, сыйлас болу

сияқты адамгершілік мұраттарына, ұйымшылдыққа ұмтылады. Олардың су құю, білектеу, тебу, ширату, қарпу процестеріне қатысуы арқылы денелері шынығады. Текеметтерге алдын ала дайындалған түрлерден өрнек түсіруді көру, үйрену негізінде эстетикалық талғамы дараланады, өрнектердің мазмұн-мағынасымен таныса отырып ақыл-ойы өседі, туған жеріне, еліне деген сүйіспеншілігі артып, қолөнер мұраларын бағалай білетін дәрежеге жетеді. Жүннен бұйым болып біткенге дейінгі барлық жұмыс кезеңінде үлкендер жастарға әңгіме, аңыз, ертегі, мақал-мәтел, өсиет айтып не жұмбақ жасырып яки слармен ойнап, олардың ой-өрістерінің дамуына әсер етіп отырады. Жеке дауыста немесе бәрі бірге ән салып музыкалық-эстетикалық сезімдерін де қозғай түседі.

*«Оюын текеметтің ойдыр, әже,  
Бір тоқты оюшыға сойдыр, әже.  
Бір жаман мал бердім деп алып, кетер,  
Бір жылша «балам жас» деп қойдыр,әже», –*

тәрізді өлеңдердегі «оюшыға бір тоқты атайтынбыз» деп көрсетілуі біздің айтқан ойымызды дәлелдей түседі. Қазір де осы дәстүр ауылдық жерлерде жалғасып келеді. Сол сияқты кілем тоқудың да жүн жуу, түту, бояу, иіру істерінен бастап тоқылып біткенге дейінгі жұмыс процестерінде қыздар жұмысқа тартылады. Кілем тоқуға да көпшілік қатысады. Бірақ бұл бір күнде бітетін бұйым емес. Көлеміне қарай 3-4 адам болып тоқығанның өзінде ең қысқа мерзімі – 15-20 күн. Сол себепті үй иесі, көрші-қолаңы, ағайын-туыстары, ауылдың үлкен қариялары тоқушы қыздардың көңілдерін аулап, оларға әңгіме, аңыз, өлең, жыр, ән айтып береді, еңбектерін құрметтеп, бағалап «сый табақ» әкеледі.

Оның үстіне кілем – қазақтардың ең бағалы, ең көлемді, ең әдемі бұйымдарының бірі. «Сатайын десем ауыр кілем, сатпайын десем тәуір кілем» (жер), «Зер-зер кілем, зер кілем, көтерейін десем зор кілем» (жер) деп, тіпті кілемнің өзін жұмбақтағанда қырдың қызыл

гүліне бағалап, әсерлендіре көрсеткен халық баласының бойынан да сол әсемдікті көргісі келеді. Ал кілемнің қырдың қызыл гүліндей құлпыруы – шебердің ою-өрнекті бояу түсімен, материалмен үйлестіре тоқып, өрнекті орнын тауып орналастыра білуіне байланысты.



Мүйіз ою



Қолтық ою



Табан



Мүйіз



Қошқар мүйіз



Қосмүйіз



Түйетабан



Қыңырмүйіз



Ағын су, арық



Теңіз түбінің жұлдыздары



Теңіз белгісі



Дәнді дақылдар



Қарағатқяқ



Ашатқяқ



Итқұйрық



Ағаш



Гүл



Жауқазын



Шеңбер



Үш жапырақ



Жапырақ



Ирек



Төртқұла



Төртүшкі



Шеңбер



Сыраа



Өткізбе



Қазмойын



Өркеш



Солақ  
теру



Жарқанат



Құсмырын



Қоянқұлақ



Шиыршы



Таңдай



Өрмекші



Шұғыл



Иттаб





Жұлдыз



Балдақ



Тұмар



Бітпес



Шынжыра



Қарма



Айшық



Қарғатқяқ



Балықкөз



Қарғатқяқ



Нәйзекі



Бауырсақ



Дөдеге



Сыңармүйіз



Солақ



Келінбармақ



Бес таңба



Гүл



Бес дөңгелек



Балта



Омыртқа



Қайнар



Қаңқа



Қазмойын



Қос  
дөңгелек



Балта  
сабы



Жұлдыз



Бота  
мойын



Күн



Жұлдызша



Үш



Құстаңдай



Табан



Бес  
дөңгелек



Үш гүл

Бес гүл



Омыртқа



Айбалта



Балта



Аймүйіз



Қосмүйіз



Тұмарша



Тікмүйіз



Орамал-балдақ



*Шынжыра*



*Түндік ою*



*Құманбау*



*Қанатта ою*



*Жарты сірге*



*Гүл ою*



*Туырлыққас*



*Сыға*



*Балдақ тұмарша*



*Терісұтақ*



*Шалма*



*Теңіз*



*Кереге*




*Балдақ тұмарша*




*Сынық мүйіз*




*Тік мүйіз*



*Қажары*



*Жарты қажары*



*Түк*



*Кесік бас қора теру*



Құсқанат



Құсқанат



Түрікмен



Қосмүйіз



Жарты екі



Қорасан



Екі



Жарты қорасан



Мүйізді  
қорасан



Бүтін екі жүздеме



Жүз теру



Сірге теру



Шаттықтағыдай

### III ТАРАУ. ОЮ-ӨРНЕКТЕРДІҢ СӘНДІК- ҚОЛДАНБАЛЫ ӨНЕР ТҮРЛЕРІНДЕ ҚОЛДАНЫЛУЫ ЖӘНЕ ЖАСАЛУ ТЕХНИКАСЫ

#### 3.1. Ою-өрнектердің тоқыма бұйымдарында қолданылуы және жасалу техникасы

Қазақ халқының тоқыма бұйымдарына жүннен жасалатын бұйымдар жатады. Атап айтқанда, киіздер, текеметтер, сырмақтар, кілемдер, алашалар және т.б. Оларды әсем де әрлі әрі мазмұнды көрсету мақсатында аталған бұйымдарға ою-өрнектер әшекейленген.

*Қазақ ұлттық ою-өрнектерінің текеметте қолданылуы және жасалу тәсілдері.* Текеметтің киізден айырмашылығы сол, текемет бетіне әр түсті өрнектер басылады. Осыған орай текемет басудың біраз өзіндік өзгешеліктері бар. Текемет киізі үйге жабылатын кесек киізден жұқа, сырмақтық киізден қалың болады. Ол киізге қарағанда таза әрі жұмсақ. Сондықтан оған тек қана қозы жүнін немесе ең таңдаулы ұяң жүнді ғана пайдаланады.

Текеметке түр салып басудың ертеде екі түрлі әдісі болған: біріншісі – түрлі түсті жүннен бөлек басылған жұқа талдырма киіз қиылып алынады. Үлгі бойынша өрнектеліп, қайшымен қиылып алынған оюды шабақталған жүннің үстіне салып, ыстық шашып киізше басады. Әдетте, бұл әдіспен басылған текеметтің өрнегі теп-тегіс болып әдемі түседі.

Екінші әдісі – түрге салынатын бояуды немесе басқа түсті жүнді бөлектеп басып алмай-ақ, сол жүн күйінде бет тартқанда шүйкелеп отырып бірге тарту. Білектен, тебу және қарпудан кейін текеметті тағы бір рет пысытады. Текемет сырылмайды, жиектелмейді. Текеметтер-

де мүйіз өрнектердің түрлері қолданылады. Құрылымына қарай олар – «орта ою», «қолтықша», «шет ою» деп аталады. Оңтүстік Қазақстан облысының текемет басу әдісі төрт сатыдан тұрады.

1. Боялмаған ақ жүнді жұқалап жайып талдырып алады да, оның үстіне тағы да осындай басқа түсті жүн тартып қайта талдырады. Бұл текеметтің негізі болып есептеледі.

2. Оның үстіне ең есебінде боялған жүн тартып, біраз бастырады.

3. Салынатын өрнектің нұсқасын жүнмен жүргізеді.

4. Әбден пысығанша басады.

Кейде өрнек жүргізудің басқа әдістері де қолданылады. Ол үшін түсті жүннен алдын ала дайындалған талмадан керекті өрнекті ойып алады. Оларды үш қабат етіп талдырылған текеметтің ең жағына қиюластырған соң, үстіне ыстық су құйып бастырады. Текемет басуға машықтанған әйелдердің айтуынша, соңғы тәсіл кейінгі кезде сирек қолданылатын көрінеді. Текеметтің жиегін шашақтау үшін ешкі терісінен жіңішкелеп тігілген ұзын шудалы таспаны әр түсті етіп бояп, талма қабаттарының арасында келтіре бірге басады.

*Қазақ ұлттық ою-өрнектерінің сырмақтарда қолданылуы және жасалу тәсілдері.* Ертеде сырмақ жасаушы шеберлер алдымен өзі білетін немесе қолында бар ою үлгілерінің қайсысын алуды, оны қалай орналастыруды қарастырған. Сонымен қатар, киіздің көлеміне қарай оны көп кесіп, қырдасынды көп түсірмеу жағын да ойластырды. Содан кейін сырмаққа арналған киіздің оң бетін еденге жаяды. Таңдап алынған ою-өрнектердің қағаз бен тықыр теріге немесе клеенкаға түсірілген үлгісін киіздің үстіне салып, сол үлгінің ізімен өткір пышақпен немесе қайшымен мінсіз етіп қиып алады да сырмақ бетіне салады. Оң беті қара киізден ойылған болса, оның ортасы ақ киіздің ортасына түседі. Сырт оюлары ақ киіздің шетіне келіп, ақ киіздің ортасы осы қара шеттің ішінен орналастырылған, екі түсті, оны жөрмеп тігеді. Осы тәртіппен сырмақтың оюлы беті



құрастырылып болған соң, ою жоспарларының үстінен боялған жиек бастырылады. Мұны жиектеу дейді. Оюларын жиектеп басып болған сырмақты астар төсеп, бетпен қосып сыриды.

Жиектік жіптің иірілуі де, қабатталуы да басқаша және оның түсі, бояуы да оюды айшықтап тұратын ашық түсті болады.

Сырудың тігісі де екі түрлі: біріншісі – жеке жіптің өзімен әрлі-берлі тік шаншып сыру арқылы тігу де, екіншісі – қос жіппен сырып тігу. Бұл әдіс инедегі жіптің астынан тағы бір жіпті бос төсей отырып сыру арқылы іске асырылады. Мұндай тігіс тігін машинасының тігісіне ұқсайды. Сырмақты сыру үнемі ою-өрнектердің бағытымен оюлана сырылады. Сырылып болған соң сырмақтың шеттерін тегістеп қиып, шетіне жиек бастырады.

Қазақ сырмақтары бояуларының үйлесімділігімен, оюларының жатықтығымен ерекше көз тартады. Ақпен қара оюдың қосылар тұсына қызыл жиек жүргізу де оюды әшекейлей түседі. Сырмаққа салынар ою – қошқармүйіз тектес өрнек. Орталық Қазақстанда кездесетін сырмақтар оюы үш-төрттен бірігіп, бір квадрат немесе ромбы құрайды да, тұйықталып әрқайсысы өзінше жеке тұрады. Оюларды бір-біріне қосып, тартылып жататын ортақ не жалғас сызық жоқ.

Ал Шығыс Қазақстанда кездесетін сырмақ оюларында өсімдік элементтері кеңінен қолданылып, тіпті, өзгеше сипат алады. Оюлардың орналасуы да басқаша. Мұндағы гүлдер сырмақтың орта шеніне тұтастай түседі. Кейбір сырмақ үлгілерін қарастырғанда оған көзді анық жеткізуге болады. Сырмақтың орта шенінен ұзыннан-ұзақ гүл сабағы сияқты түзу тартылады да, осы негізгі сабақтан өзінше жекелей бірнеше сабақ басталып, олар тағы ұсақ гүл жапырақтарына ұқсас бірнеше өрнектерге жіктеледі. Осындай гүл сияқты гүлденген сырмақ оюларында да өрнектің екі жағының өлшем үндестігі қатаң сақталған. Оны сырмақтың ортасына тартылған негізгі гүл сабағынан тарамдалған бүрлерден

анық байқауға болады. Бүрлер сабақтың екі жағына бірдей тарамдалып отырады. Сырмақтың шетін өрнектеген ою түстес жиек пен ортаңғы күрделі өрнекті қоршап қояды. Ол сырмақтың өңін ашу үшін емес, негізгі оюын ай-қындап тұру үшін қолданылды.

Сырмақтың түрлері өте көп. Соның ішінде қара ала сырмаққа салынатын оюлардың жасалу жолдары саң алуан. Сол себепті қара ала сырмақтың жасалуына тоқталып өткен жөн.

**Қара ала сырмақ.** Шымқай ақ, шымқай қара екі түсті киізді бір-біріне ойыстыру арқылы шығарылған түсіне орай қара ала сырмақ аталған. Осы қара ала сырмаққа қазақы қойдың күзем жүні мен қозы жүнінің шымқай ақ, шымқай қарасы іріктеліп алынады. Сырмақ үшін арналған жүн тоғытылған қойдан қырқылып, ұлпілдете сабалады да, ши бетіне шабақталады. Осылайша дайындалған жүн басылып шыққаннан кейін пісірілгенде қалыңдығы шынтақ елі мөлшердей болады. Сырмақ киізі қарпылмайды. Ақ, қара түсті киізбен жабдықталған қара ала сырмақ ойыстырылуы жағынан бірнеше түрге жіктеледі.

**Тұтас ою** – сырмақ өлшеміне пішілген ақ, қара киіз оң-теріс (ақ киіз өңін ішіне, қара киіз өңін сыртына) беттестіріліп, көктеледі. Осының ақ бетіне бір ұғымды толық беретін ою-өрнек тұтас түсіріледі де, өрнек мәнері үзілместен ойылып шығарылады.

**Шеттеп ою** – сырмақ өлшеніп пішілген ақ, қара киіз оң-теріс беттестіріліп көктелген соң, бетіне бір ұғымдағы ою-өрнек сызылып, ойылады. Ойылған бөлшек сырмақтың ортасына салынады. Ал сырмақтың төрт жақтауына өлшеніп пішілген ақ және қара киіз оң-теріс беттестіріліп көктелген соң, жақтаудың ақ бетіне соған лайық бір ұғымды білдіретін қалаған ою-өрнектің түрі сызылып түсіріледі де ойылады. Сонда төрт жақтаудағы өрнек мәндері толық бір ұғымды беруі тиіс.

Кейде екі ұзын жақтауы бір ұғым, ал екі қысқа жақтауы басқа бір ұғымды білдіретін өрнек те түсіріледі. Ол да жоғарыда айтылғандай, ортасы бір бөлек, жақтау-

лары бір бөлек ойылады. Соған орай шеттеп ою деп аталған. Бұл тұтас оюдан жеңілдеу түседі.

**Ортасы қара ала сырмақ.** Ортасына ақ және қара киіз ойыстырылған сырмақтың ортасы қара ала болып шығады. Ал төрт жақтауына шымқай ақ не шымқай қара киіз оймастан тұтас ендіріледі. Бұл жағдай да жақтау бетіне қалған бір ұғымдағы ою-өрнекті сыру немесе жиек жіп бастыру жолымен түсіреді.

**Төңірегі қара ала сырмақ.** Төрт жақтауына ақ және қара киіз ойыстырылған сырмақтың төңірегі қара ала болып шығады. Ал сырмақ ортасына шымқай ақ не шымқай қара киіз оюсыз орналастырылып, киізге сырмақ иесінің талғамына қарай бір ою-өрнек сыру немесе жиек жіп бастыру жолымен түсіріледі.

Қара ала сырмақ – зерделі ой-өрнегінің ұғымы, мазмұнымен, ою-өрнектің алуан түрлі мәдениетімен, өрнек мәнерінің айшықтары ұнамдылығымен, әдемілігімен, мән-мағынасы жағынан өз алдына ұлттық-этнографиялық бедері бар өнер туындысынан шыққан мүліктің бірі саналады.

Қара ала сырмақтың, оған салынатын ою-өрнектердің жасалу кезеңдері мен жолдарын былайша бөліп көрсетуге болады.

**Оюға әзірлеу.** Ол үшін қара ала сырмақтың тұтас ойылатын ақ киізінің бетін ішіне (арасына), қара киіздің бетін сыртына келтіріп (оң-теріс беттестіріп) қабаттау керек. Сонан соң ойғанда киіз де, ою да сырғып кетпейтіндей етіп, жиі көктелуі қажет. Көктелгеннен кейін ақ киіздің бетіне қалаған бір оюдың толық ұғымын беретін тұтас өрнегі сызып түсіріледі. Тұтас ойылатын қара ала сырмақ киізін осылай дайындау ойыстыру деп аталады.

**Киіз ою.** Оюға пышақ қажет болады. Ол пышақ әрі өткір, әрі епті болуы шарт. Пышақ сызыққа тік шаншылады. Оны екі жақтың біріне жантайтуға, толқытуға мүлде болмайды. Егер осы шарттар титтей бұзылып ағат кетсе, өрнектің мәнері, тіпті ұғым зердесі бұзылады. Сондықтан пышақ ұстау шарттары есте болған жөн. Пышақ сол ұсталған бойы қашан да ішке (шебердің

өзіне) қарай тартылады. Кейде оюлардың әлжуаз, нәзік мүйістерін шығару қиындаса, пышақты суырып алып, қарсы жақ сызыққа тік шаншу арқылы мүйісті дұрыстап, бұзбай шығаруға болады.

**Салғастыру.** Ойылып болған киіз сол екі қабат күйінде екі бөлек оюға айналады. Сонан соң оюдың үлгі мәнерін, қалыбын бұзып алмай, көктеу жіптерін пышақпен қиып сөгу керек. Сегіліп болғанда киіз төрт бөлшекке бөлінеді. Бұл бөлшектердің екеуі ақ, екеуі қара болып шығады.

Осы төрт бөлек оюдың да оң беті (оң жағы) үстіне қаратылып, ақ киіздің ішкі оюы қара киіздің сыртқы оюына, қара киіздің ішкі оюы ақ киіздің сыртқы оюына киістіріледі. Бұл сәтте оюдың бірін тегіс жерге мұқият жайып алып, екінші бірін соның үстіне салып, оюларды өз ұяларына еппен, дөп түсіріп, мүйістерді бірден дәлдікке келтіреді. Ақ ою мен қара оюдың бір-біріне қиыстыру жұмысы шеберлер тілінде салғастыру деп аталады.

Екі ақ, екі қара төрт бөлшек ою бір-біріне қиюласып, салғастыру жұмысы аяқталған кезде, екі қара ала сырмақтың тұтас беті келіп шығады. Яғни, бірі ақ, бірі қара екі кесек киіз ойыстырылғаннан кейін де сол бұрынғы өлшемін сақтайды. Тек екеуі де қара ала.

**Үйлестіру.** Салғастыру жұмысы қара ала сырмақ бейнесін келтіріп шығарғанда, сол тұрған жерінен қозғалтпай тұрып, оюлардың әрбір мүйіз, мүйіс, сағақтары мұқият үйлестіріле отырып, жер-жерден жіппен іліп қосақталады. Осы жұмысты шеберлер үйлестіру деп атайды.

**Біріктіру.** Үйлестіру дұрыс шығарылғаннан кейін киіздің оң бетіне ақ, қара оюлар бір-біріне қолмен түйістіре жөрмеледі. Жөрмеген кезде тебен екі киіздің түйіскен қырын жара, қарбыта шаншылады. Жөрмеу жібі жиілеу түсіп, киізге сіңіріле тартылғаны жөн. Бірақ ою-өрнектердің бырысып-тырысып, өз қалыбы мен сиқын бұзбауы шарт.

*Жиектеу.* Жөрмеу аяқталғанда қара ала сырмақ беті біртұтас киізге айналады. Енді ақ, қара оюлардың түйіскен сызығы үстін қуалай, сырмақтың оң бетіне жиек жіп бастырылады. Жиек оюлардың сын-сипатын, мәнерін бұзбауы мұқият қарастырылады. Егер жиек ою мәнерін бұзбай дұрыс бастырса, сырмақ өңіндегі өрнек айшықталып, құлпырып шыға келеді.

*Қос жиек.* Бірі оң, бірі теріс иірілген екі жіпті осылай атайды. Оның әрбір сыңары иірілген екі тал жіппен қабатталған. Мөлшері – жуандау ши мөлшерінде.

*Қос жиек бастыру.* Қос жиек оюлардың түйіскен сызығы үстін бастыра қолмен ұсталады. Сабақты тебен ине бір жиекті жара шаншылып, киіздің астына тік өтеді. Астынан үстіне қарай тік шаншылғанда, тебен екінші бір жиекті жарып үстіне шығады. Осы әдіспен жиек жіптің бірін жарып астына, бірін жарып үстіне шығып, баппен алма-кезектеп тартылған шуда жіп жиекке көрінбейтіндей дәрежеде сіңіріледі.

*Сыңар жиек.* Оң не теріс шириқтары иірілген жалаң жіп екі қабатталғанда сыңар жиек аталады. Қос жиекке қарағанда сыңар жиек жуандау иіріледі.

*Сыңар жиек бастыру.* Қос жиекке қарағанда сыңар жиек бастыру күрделі жұмыс. Ол оюлардың түйіскен сызығы қоспасын басып арасына сіңе түседі. Сабақты тебен жиекті сәл қиғаш жарып өтіп, киіздің астыңғы қоспасын жөрмей орап үстіне шыққанда жиекті сәл шеттеп жарып өтеді. Осы әдіспен жиек үстіне бастырылғанда киіздің (оюдың) астыңғы қоспасы жөрмеліп отырылады.

*Астарлау.* Сырмақ беті ақ, қара киіз оюлардың ойыстырылуымен біртұтас қара ала киіз болып шығады. Бірақ бұл жалаң қабат және жұқалтаң келеді. Сондықтан қара ала сырмақ көбінше пісірілген, бірақ қарпылмаған жұқалтаң талма киізбен астарланады. Кейде қой жүнінен арнайы иіріп, өрмекте тоқылған астармен, жұқалтаң алаша төсеніштермен, кенеп, қап сияқты заттармен астарланатындары да болады.

*Сыру* – тігіс аты, яғни сырмақ беті мен астарды қосып біріктіру. Жақсы сырылған сырмақ әсем де берік бола-

ды. Сырылғанда оюлар сиқы бұзылмай, бырысып- тырысып, селкеу, көз, ірку қалмай шығуы шарт. Әдетте, ақ және қара оюлардың іші түгел сырылады. Сыру тігісі ою жиегіне жарым елі, шынтақ елі жерден оларды түкпірлеп жүргізіледі. Әрбір шаншуда тебен киізден тік өтіп, астынан үстіне тік шығып отырады. Сондай-ақ, әрбір шаншу аралығы және сырудың оң мен сол аралығы біркелкі шығарылғаны дұрыс.

**Жөрмеу** – тігіс аты. Тілімізде тігіс атының отыз-қырық түрі бар. Соның бірі – жөрмеу. Шеберлер тілінде киіз бен сырмақ шетін жөрмеудің бірнеше түрі айтылады. Мәселен, шырыштап (орайпек) жөрмеу, сіргеше жөрмеу, асықша жөрмеу, тарақша жөрмеу, торлап жөрмеу. Ал мұның қай түрін алып, қайсысын қай тігіске түсіру шеберлердің талғамына байланысты.

**Алақұрттау** – жиектеудің бір түрі. Тұтас ойылған немесе ортасы бөлек, жақтауы бөлек ойылған қара ала сырмақтың ортасындағы оюының айнала шеті мен сырмақтың жалпы төңірегі түгел жиектеледі. Кейде осы жиек орнына арнайы шалынған таңдайша баулар, алақұрттар бастырылады.

Мәселен, үш саусақты (алты қол деп те айтылады) шалу, төрт саусақты (сегіз қол деп те айтылады) шалу арқылы жіпті алты қатар, сегіз қатар түсіріп таңдайлайды. Таңдайшаның ені – бармақ елі, елі мөлшері. Егер ақ, қара екі түсті жіп шалынған болса, баудағы таңдай көлденеңі бір қара, бір ақ болып шығады. Мұны шеберлер тілінде алақұрт деп атайды.

**Қазақтың ұлттық ою-өрнектерінің түскиіздерде қолданылуы және жасалу тәсілдері.** Түскиіз киізден және матадан дайындалады. Киізден жасалатын түскиіздерде оның кестесі арнайы басылған ең жақсы киізден жасалады. Оған әрі тығыз, әрі жұқа ақ жүннен басылған фетр сияқты киіз таңдалып алынады (қалыңдығы 0,6-0,7 см), орта есеппен ені – 150-200 см, ұзындығы – 300-450 см болу керек.

Көбінесе біртұтас мазмұндағы бірнеше ою-өрнектердің жиынтығынан, яғни бірнеше өрнектердің ұнам-

ды үйлескен тұтас желісін жасау негізінде тігіледі. Мысалы, кестелеуге арналған матаның шетін ені 10-12 см-дей өзге түсті матамен көмкереді. Кейде матаның шетін көмкерудің орнына оны кестелейді, кейде машинамен өрнектеп тігеді. Содан кейін ортадағы матаға екі-үш дөңгелек не ромб бейнелі сызықты кестелеп алып, оның ішін «гүл», «түйетабан», «қошқармүйіз» сияқты оюлардың бірімен толтырып кестелейді. Қатар орналасқан дөңгелектердің, ромбылардың аралығындағы қолтықшаларды мүйіз тектес оюлармен толтырады. Ортадағы дөңгелек («табақ») өрнектер мен қолтықшалардағы үшбұрыш бейнелі өрнектер тігіліп болған соң, тұскиіздің төрт бұрышы кестеленеді. Бұрыштарға мүйіздердің басы ортаға қарай сұғына келетін және бұрышты толтырып тұратын өрнектер түсіріледі.

Киіз бетін матамен оюлап кестелеу қазақтың дебіске дейтін жеңіл сырмағына ұқсас келеді.

Бұл жолақтың екі жақ шетін ұзына бойына бір түсті жіппен жиектеп, кестелейді. Жиек кестесін көрнекті ету үшін оны екі-үш рет бір-біріне тиістіре қайталайды. Мұны тұскиіз кестелігінде де «су» деп атайды. «Су» өрнегінен қалған қара немесе ақ киізге, сондай-ақ, «су» өрнегінің ортасында қалған төртбұрышты таза жеріне әр түсті маталардан ою бастырылып, бұл оюлардың да жапсарлары екі-үш қатар әр түсті жіппен кестеленеді.

Қазақтың көне үлгісімен кестеленген тұскиіздерде «су», «мүйіз», «гүл», «жапырақ», «шырмауық», «түйетабан», «айбалта», «алқа» оюлары жиі кездеседі. Жайқалған гүлжапырақ, жайылған мал, ағын су ою-өрнектері жарасты жастықтың, жаңа өмірдің символы ретінде салынған. Сондай-ақ, аңшылыққа және жорық жабдықтарына байланысты ұғымның нәтижесінен келіп туған ескі тұскиіздердегі кестелер де осындай жайларды аңғартатыны мәлім.

Қазақстанның солтүстігінде осы күнге дейін тұскиізді матадан оюлап тігу дәстүрі сақталып келеді. Тұскиіздің орта шеніндегі жасыл мақпал үстіне қызыл шұғададан ойылып тұтас өрнек жапсырылады. Оюы

«қошқармүйіз» тәрізді иіріліп келгенмен, кейде дөңгеленген теңгені елестетеді. Оюдың ойылуы қатаң дәлдікпен жасалады. Тұскиіздің өн бойынан екі көлденең сызықты көруге болады. Одан екі жаққа тарамдалған оюлар бірдей түскен. Тұскиіздің орта тұсында тағы бір тігіс бар, ол – қара мен қызыл шұғаның біріккен жері. Бұдан шебердің ою оярда қызыл шұғаны да, қара шұғаны да екі бүктеп, төрт қабат матаны қатар қойып ойып түсіргенін білу қиын емес. Ал ол асқан тапқырлықты керек етеді. Бұрынғы тұскиіздерде кездесетін «П» тектес, үш жағынан ұсталған жиекті мұнан көрмейміз. Шетіне жалғанған сары шұға көркемдік үшін емес, көмкеру үшін ұсталғандығын байқауға болады.

Түрлі түсті жібек жіптермен кестеленген тұскиіздердегі өрнектер көбіне гүл тектес жапырақтарды бейнелейді. «П» әрпін бейнелейтін таңба, әрине, тұскиіздің орта шеніне орналасып, екі жақ шеті жалпақ жиекпен тігіледі. Тұскиіздің дәл ортасына бағалы мата ұсталынады. Ол көбіне таза жібек не жүн, қамқасынды қымбат, көрер көзге әсер қалдырарлықтай өзгеше болады. Мүмкіндігі барлар тұскиіздің айналасына (үш жағына) аң терісінен, көбіне құндыздан жұрын (жиек) жүргізеді, құндыз болмаса да, бұлғын терілерінен жасалған жұрын жиі ұшырайды. Ал Оңтүстік Қазақстанда тері орнына кестеленген қара мақпал ұсталатын болған. Мұнда жасыл түсті мақпалға айшықты кесте тігу кең қолданылған. Тұскиіз жасайтын қазақ шеберлерінің кесте тігу мәнері де жалпы Орта Азия шеберлері қолданатын тамбур тігісі болғанмен, өзіндік ерекшелікке бай. Соңғы уақытта баспа, оқалап зер салып тігу кең қолданылды. Әрине, оқамен зерлеп тек киім-кешекті ғана айшықтап сәндеген, кейде бұл әдісті қымбат деген тұскиізге пайдаланған.


*Қазақ ұлттық ою-өрнектерінің кілемде қолданылуы және жасалу тәсілдері.* Кілем түгіне қарай түкті кілем және тақыр кілем болып бөлінеді.

Түкті кілем іштей ою-өрнегіне, тоқылу сапасына, бояуының түріне, тұрмыста қолданылуына қарай әр алуан атауларға ие болған. Оның сан түрлі атаулары бар. Со-



нымен қатар, өзге елдерден (Шығыс елдерінен) әкелінген кілем түрлеріне еліктеп тоқылғандарына да лайықтап атау берген. Әндіжан кілемі, парсы кілемі, арабы кілем деген атаулар соның айғағы болса керек.


Енді осы өнердің ел арасында дамыған түрі – түкті кілемнің қолмен тоқу технологиясына тоқталған жөн.



*Оюлы текемет*



*Сырмақ*



*Тұскиіз бөліктерінің көрінісі*



*Түкті кілем бөліктерінің көрінісі*

Кілемге түк салуға арналған жіп асқан ептілікпен біркелкі, өрмек жібінен сәл жуандау, бірақ бос иіріледі. Кілемге қойдың жабағы жүні немесе түйе жүні керек. Кілем түгіне арнап иірілген жіп келештеліп, жүн жууға арналған синтетикалық ұнтақтармен бірнеше қайтара қанжылым сумен жуылып, салқын сумен шайылады. Келештерді жеке-жеке жайып сорғытып бояйды. Бояу өркімнің қалауынша есептеліп, боялатын жіп мөлшеріне орай суға езіліп құйылады. Түйіршік қалмай әбден ерітілген бояу қазанда қайнап тұрған суға құйылып, үстіне сірке қышқылы қосылады. Енді қоспа араластырыла отырып жіп салынады. Қазанның қақпағын жауып, жіп бояуды алғанша қайнатады. Сонан соң келешті бір-бірлеп сорықтырып, бөлек ыдысқа түсіріп алады да, әбден суығанша бетін жауып қояды. Сонда ғана боялған жіп өз буымен бояуды бойына қажетінше сіңіріп, бабына келеді. Әрі қарай бояу сіңген жіпті салқын сумен екі-үш қайтара шайып іледі. Осылайша дайындалған жіптің бояуы оңбайды және бір-біріне көшпейді. Бояуы қанық жіптің өрнегі кілемге ерекше сән беріп, құлпырта түседі.

Тоқылатын кілемнің көзделген көлеміне қарай дайындалатын арқауға, желі мен түк салуға арналған жүн көлемі де әр түрлі болады.

Арқау қылшықты жүн немесе ешкінің қылымен аралас иірілсе, мықтырақ келеді. Қазір арқауға мақта жіп те пайдаланылып жүр. Арқаудың жуандығы өрмек жібіне сәйкес өте жіңішке немесе өте жуан болмағаны жөн.

Көлемі 4,20x2,30 м болатын кілем арқауына 4 кг, желі жүгіртуге 10 кг мақта, жіп және түк салуға 24 кг жүн жіп керек. Осы кілемді тоқу үшін 520 қатар желі тартылады. Бұл желі жіптерінің аралығы бір түйір бидай дәні сыятындай болса (желі жібі керіліп, қалып темір бұрандамен тартылғаннан кейінгі өлшем) жарайды. Желі жүгіртіліп, қалып қатайтылғаннан кейін күзу байланады.

Күзу байлау өте-мөте мұқияттылықты қажет етеді. Күзу ағаштың ұзындығы кілем енінен 30-40 см-дей ұзындау, қалыңдығы 5-7 см болады.

Күзу жібі де кілемнің жібіндей ширақ иіріліп, екі тінделеді. Оны ешкінің қылын араластырып иіруге немесе орнына желіге қолданатын мақта жіпті пайдалануға болады. Күзу жіп боялмайды. Ол желі жібінің орын-орнында түгел болуын қамтамасыз етеді.

Желі жібі өте мықты болады, өздігінен үзілмейді. Дегенмен, әлдеқалай босаң тартып немесе үзілгені болса, күзуден байқауға болады. Мұны кілемшілер «жіп қашу» дейді. Мұндай үзілген жіпті аса ептілікпен жалғау керек. Үзілген жіптің екі ұшын бір-біріне жеткізіп байлау мүмкін емес, өйткені қалып қатайтылып, желі жебі барынша керіліп тұр. Сондықтан ортадан жіп жалғайды да, жалғанған желі жібінің артығын жіңішке шимен бұрап тастайды.

Кілем тоқу былай басталады: бес-алты арқау бойына түк салынбай арқау өткізіліп, адарғымен шатыс түсіріп (алғашқыда адарғыны көтеріп шатыс алынса, келесі жолы адарғы ағашты жағып, ілгері ысырып қояды), арқау өткізіледі де, тарақпен тегіс тоқылыс түседі. Осы түк салынбаған тегіс тоқылыс кілемнің басталысынан және екі шетінен ұзындығын бойлай әр жолы қалдырылып отырылады.

Тегіс тоқылысты әрі қарай түк шалумен жалғастырады. Түк шалуда шеттік екі-үш арқау әркімнің талғамына сай бірін-бірі толықтырып, әрлендіре түсетін екі түстен жолақ бірыңғай тоқылыс түсіріледі. Ал түк қалай шалынады? Ол үшін кілем тоқушының тұсына жіп керіліп, кілем түгіне арналған жіп домалақтары бірыңғай тарқатылатындай етіліп соған ілінеді. Барлық түстер қатар-қатар ілінуі керек. Домалақтағы жіптің ұшы кілем тоқушының қолында болады. Ол керегіне қарай желіге бір орап шалады да, пышақпен артығын қырқып тастап отырады. Бір қатарға түгел түк шалынып болған соң пышақты оң қолына ұстап, бас бармақпен пышақтың арасына әлгі түкшелерді шымши тартып, тоқылысқа қосады. Үстінен тоқпақпен ұрғылап нығыздаған соң қайшымен түк бетін тегістеп қияды. Арқау өткізілген соң адарғыны көтеріп, алын-

ған шатысты қамти тоқпақпен қайтадан нығыздап, келесі түк шалуға кіріседі.

Кілем тоқу басталысына түксіз тоқылыстан соң салынған екі түсті түкті жолақты жиек салу немесе шеттік деп атайды. Жиектен ішке қарай тоқылыста кілем ортасына (немесе табағына) түсірілетін өрнекті айналдыра, әркімнің қалауынша отау өрнегі бір немесе екі қатар жүргізіледі. Ал отау өрнектері болсын, кілем табағына түсірілетін негізгі өрнектер болсын, олардың шетін айналдыра бір жіптен салынып отыратын түрді «су өрнек» деп атайды. «Су өрнектің» міндеті – кілем төсегі (негізгі фоны) мен өрнекті бір-бірінен айқындап бөліп тұрады. Яғни, екі түрдің шекарасы іспетті.

Кілемге түсірілетін негізгі өрнектер: шатыргүл (қос шатыргүл немесе жеке шатыргүл), мақтагүл, лалагүл, шаршы ішіндегі самаурынша, жапырақ немесе мүйіз, сыңармүйіз оюлары. Бұлар кілем табағына әр түстен шығарылады. Ал отау өрнектері ұсақ гүлдер немесе жарты шаршы, жапырақ немесе жолақтап бірнеше түрден тоқылады. Бұлардың бәрін де бір тін «су өрнегі» жиектеп шығарып отырады.

Күзу мен тоқылыстың арасы 70-80 см мөлшерінде сақталады. Ал кілем тоқылып біте келе алдыңғы шеттік пен күзудің, күзу мен тоқылыстың арасы мейлінше жақындайды, яғни күзу ағаш әрі қарай жылжи алмайтын және адарғымен шатыс алу қиындайтын шекке жеткенде тоқылыс аяқталып, яғни кілем өрнектері түгел шығарылып, түк салу бітеді. Ал шеттік өрнектердің сыртынан бастапқыдай бес-алты арқау бойына тегіс тоқылыс түседі. Бұл – кілемнің екінші шеті.

Дайын болған кілемді екі адам екі шетінен (енінен) қарама-қарсы бағытта өткір қайшымен қырқады. Шашақты кілемнің шашағын (желі жібінен) қалаған ұзындықта қалдыруға болады.

Қырқылған кілем қағып-сілкіледі. Шаң-тозаң, жіп қырқындыларынан тазарған кілемнің екі шетінен есіп алақұрт салынады. Алақұрт екі түрлі жүннен немесе шашақ жібінен ширатылып есілген соң, кілемнің ше-

тіндегі түксіз тоқылыс үстінен жиек бастырғандай бастырып тігіледі. Кілем иесінің қалауынша шашақ түйюіне болады.

Жаңа тоқылған кілемді ұзындығын жоймау үшін қабырғаға керіп іледі. Неғұрлым жақсы тартылып керілсе, шеті шиыршықталмай, қалыпқа түседі. Мұндай кілем қисаймайды әрі формасын жақсы сақтайды.

### 3.2. Ою-өрнектердің тігін бұйымдарында қолданылуы және жасалу техникасы

С.Ж.Асанованың «Қазақтың ұлттық киімдері» атты кітабында қазақтың ұлттық киімдеріне ою-өрнектердің өсімдік тектес, космогониялық және геометриялық түрлері қолданылатыны және олардың жасалу технологиясы толық баяндалған.

Қазақ ұлттық киімдеріне әшекейленетін космогониялық ою-өрнектер. Космогониялық ою-өрнектерге ғарыш, аспан көріністерін, күн, ай, жұлдыз қозғалыстары мен құбылыстарын бейнелейтін ою-өрнектер жататыны алдыңғы тарауларда айтылған. Киімдерге күннің шеңбері, шашағы, құйыны, сәулесі ою-өрнектер түрінде әшекейленген. Күн шапағы мен күн құйыны сипатты кестелер ер адамның салтанатты шапандарына қолданылған. Сол сияқты мұндай киелі нәрсе ерге қуат береді деп есептеліп, белдіктерге, қару-жараққа да бедерленген. Киімге салынатын күнге қатысты өрнек түрлеріне – «күн көзі», «күн сәулесі», «шыққан күн», «күн шеңбері» және т.б. ою-өрнектер жатады.

Сондай-ақ, түнгі аспанды бейнелеуден туған «*шимай*» және «*битпес*» өрнектері де киімге салынады.

Түнгі аспанның басты тұлғасын бейнелейтін «*айшық*», «*айгүл*» атты өрнектер де киімді әшекейлеуде қолданған.

Жұлдыздарды бейнелейтін «жұлдыз гүл», «топ жұлдыз», «жұлдыз өрнек» сияқты ою түрлері де сырт-киімдерді – бешпент, шапан, тон өрнектеуге пайдаланады.

**Қазақ ұлттық киімдеріне әшекейленетін геометриялық ою-өрнектер.** Қазақ ою-өрнек өнеріндегі түзу, қисық, доға, ирек сызықтар – өмірдің тоқтаусыз, қозғалыстағы күйін бейнелей киімдерге де кестеленеді. Мұндай өрнектер киімнің айқын көрінетін жеріне – киім өңірлеріне түсіріледі. Толқын тәріздес үзілмей әшекейленетін өрнектер жануарлар немесе аспан әлемінен алынған күрделі өрнектердің екі шетін қаусырып тұру үшін қолданылады.

Бүгінгі таңда «Сымбат» сән академиясы «алшы», «алшымбар» атты «үтір» тәріздес өрнекті әйелдер жаулығының, кимешектердің, бешпенттердің шетіне кестелеп жүр. Осы өрнек – бақыттың, табыстың, ақжолдың белгісі.

**Қазақ ұлттық киімдеріне әшекейленетін өсімдік тектес ою-өрнектер.** Дала табиғатының гүлдері мен түрлері халық санасында берік ұғымдар қалыптастырып қана қоймай, ою мен өрнек түрінде үй заттарына, киімдерге көше бастағаны алдыңғы тарауларда айтылған.

Киімге қолданылатын өсімдік тектес ою-өрнектер өз кезегінде екі топқа бөлінеді. Олар – негізгі және жанама түрлері.

Өсімдік тектес ою-өрнектің негізгі тобына – ағаш, алмагүл, масақ, шырмауық, қызғалдақ, бадам атаулары жатады. Мұндай өрнектер әйел және ер адам киімдеріне молынан қолданылады. Оюлардың бұл түрі сан түрлі қиялдарға арқау болды. Олармен безендіру қайталанбас көрік береді. Мұндай өсімдік тектес өрнектерді тығыз және басып кестелеу арқылы түсіреді. Кейде жапсырма (апликация) әдісі қолданылады. Қазіргі сән түрлерінің ерекшелігі сол – бірден осы екі, тіпті, үш тәсіл қатар қолданылуы мүмкін.

Киімдерді безендіруде өсімдік тектес топтың жанама түрлері жиі қолданылады. Жанама түр дегеніміз өсімдіктің тұтас емес, оның бір ғана бөлшегінің қолданылуы. Мәселен, жапырақ тектес безендіру түрі киімдердің етек-жеңінде көптеп кездеседі. Жапырақ гүл, жапырақ ою, түйе жапырақ, қос және үш жапырақ, бес жапырақ, күлте түріндегі өрнектер «Сымбат» сән академиясынан шыққан киімдерден жиі жолығысады.

Қазақ ұлттық киімдерінде қолданылатын ою-өрнектердің орналасу құрылымы мен бояу үйлесімділігі.

Әрине, киімнің кез келген жеріне кесте тігуге немесе жапсырма жапсыруға болмайды. Бәрі ретіне қарай, өз орнымен қолданылып биік талаптың тұрғысынан шығуы тиіс.



*Ерлер тақиясының түрлері.  
Өсімдік тектес ою-өрнектер кестеленген*








*Өсімдік тектес ою-өрнектер салынған  
той жиынға киілетін қалпақ*



*Сәукеле*



*Әйелдер тақиясы*



*Сәукеленің байырығы түрі*




*Үйлену той жинақталымы*




*Қасаба, қамзол, көйлек*



*Берік, қамзол, көйлек*




*Қасаба, қамзол, көйлек*




*Бөрік, қамзол, көйлек*






*Той-жиынға кийлетін ерлер шапаны*




*Той-жиынға киілетін ерлер шапаны, қалпағы*




*Той-жиынға килетін ерлер шапаны, бөркі*




*Той-жиынга килетін ерлер шапаны, қалпағы*




*Той-жиынға киілетін ерлер шапаны*



*Той-жиынга киілетін ерлер шапаны*



*Қалпақ, қамзол, көйлек, шалбар*



*Қазіргі заманғы бешпент-свингер.  
Ою-өрнек ришелье техникасымен кестеленген*



Ою-өрнектердің көлемі, түсі киімнің жалпы түсімен, көлемімен және салмағымен сәйкес келуі қажет. Жапсырманың гүл түріндегі формалары көбінесе сол жақ омырау тұсқа жапсырылады. Ал көйлектердің етектеріне негізінен түрлі кестелер төгіледі, желбірлер тігіледі.

Киімді өрнектеуден бұрын оның дәл орнын анықтау керек. Әр нәрсе тек өз орнында тұрғанда ғана тартымды болатыны аян.

Алдымен, әшекейленетін өрнектің көлемі және орны есептеп алынады. Содан соң сол өрнектің түсі немесе түстері анықталады. Қазақ кесте түсін таңдағанда екі бағытты ұстанған. Біріншісі – матаның немесе кестенің өңін ашып көрсету. Бұл үшін кестенің түсі негізгі матаның түсіне қарама-қарсы (контраст) болады. Сол себепті көбінесе ақ матаға қара ою, қызыл матаға жасыл жапсырма жапсыру содан қалған. Мұндай тәсіл, шындығында, тігілген киімнің өңін ашу үшін керек. Олар бір-біріне қарсы түс болғандықтан да бір-бірінің ажарын ашады. Екінші тәсіл – тектес түрлер арқылы кесте тігу. Қызылдың немесе көктің яки жасылдың ашық, қалыпты, солғын, көмескі, ақшыл түстері арқылы сол бояудың бүкіл әлемін көзге елестетуге болады. Тектес бояулар бір-бірін толықтыру үшін қолданылады. Олар жаңағы түсті одан сайын жеңілдете немесе тереңдете түседі. Дұрыс ретін таба білсе, тектес түрлер арқылы қайталанбас түстердің үйлесімін құру мүмкін. Ол үшін суретші-сәнгер қиялы ұшқыр әрі бай болуы міндетті.

Осы жерде қазақтың ұлттық киім үлгілерінде әр түстің өзінің нышаны болғанын айта кеткен жөн. Қазақ түстердің өзін өмірмен, тіршілікпен астастырған. Қай түсті қандай жағдайда қолдануды ойластырған. Бояулардың қаншама түрін біле тұрып, қазақ сол бояулардың әрқайсысының астарын ашқан, оған әлеуметтік мән берген.

Қазақтың ұғымында көк түс – аспан асқан паңдықты (асқақтық), биіктікті әйгілейтіні себепті көк көйлек-

ті қыздар көлбеңдеп, өздерін жоғары ұстаған. Аспан түстес болудың ар жағында мәңгілік, яғни мәңгілік жастық түсінігі жатыр.

Қызыл түс көзге отты, күнді елестетуіне қатысты қызыл көйлекті қыздың мінезі де от сияқты лапылдап тұрған. От жастықтың бір таңбасындай. Соған байланысты қызыл түсті киімдерді негізінен жастар киетін болған. Жасы үлкен адамдар қызыл түстен киім кимеген.

Ақ түс тазалықтың, пәктіктің белгісі деп бағаланған. Ақ түс адалдықты, шындықты әйгілеп тұрған. Ақ түс бақыт әкеледі деп санаған. Сол себепті ақ түсті көйлектерді қалыңдықтар тойға киетін дәстүр қалыптасқан. Мұның өзі – шаңырақты жаңа аттаған жастарға бақыт, ақжол тілеудің белгісі.

Сары түс – сабырдың, ақылдың нышаны. Сары түсті киімді әйелдер сарықарын тартқанда, келіншектен енді әйел, одан әже боларда киген. Сары түстің сабыр мен ақыл белгісі болуы тегін емес. Мұнда да қазақтың табиғат пен жер құбылысын қапысыз танытын алғырлығы жатыр. Күзде бәрі сары түске боялары белгілі. Күз – жемістің, берекенің уақыты. Бүкіл қыр сары түске боялып, көктемгі қуаныштың, жазғы еңбектің жемісін әкеледі. Ендеше, адамның сары түсті табыс, ақыл, сабыр, байлыққа балауының қисыны бар.

Оның есесіне қара түс топырақты танытқан. Көбінесе еңбек пен бейнеттің түсі деп танылған.

Жасыл түс кез келген адамды жайнатып жібереді. Жасыл түс көктемді елестетеді. Сондықтан да көктемдей көк өрім жастар жасыл көйлек, жасыл тақия, бөрік киіп құлпыратын болған. Ақ көйлекке жасыл түсті кесте тіккізген.

Сонымен қандай түс болмасын негізсіз түспеген. Олардың әрқайсысының өз рөлі, айтар ойы болған. Ата-бабаларымыз жөнсіз киінбеген. Олар қандай киімге болсын жан-жақты әлеуметтік мән берген, оның ішінде киім әшекейінің бояуларына дейін ұмытпаған. Осындай тәжірибелік білімдерді бүгінгі жастардың да ұмытпағаны дұрыс.

## *Қазақ ұлттық ою-өрнектерінің киімдерге салыну жолдары*

Қазақ ұлттық ою-өрнектері киімдерге кестелеу және жапсырма тәсілдері арқылы түсіріледі. Олардың бүгінгі таңда төрт түрі қолданылады: жапсырма, біз кесте, тығыз кесте және ришелье.

**Жапсырма (апликация).** Киімге жапсырма жапсыру оның ажарын ашып, сәнін келтіреді. Қазақ халқы әшекейлеудің бұл тәсілін ежелден білген. «Жылтырағанды үстіне жапсырып» деген сөз тіркесі кез келген ауылда айтылары анық. Оны сән қуған адамдарға арнап айтқан. Бұл жапсырманың ертеден-ақ сәннің басты талаптарының бірі болып табылғанын және солай болып қала беретінін айғақтайды.

Жапсырманы жапсырудан бұрын оның қандай киімдерге және қандай тұстарына жапсыру тиістігін білу керек. Жапсырма көрік беріп, көңіл қуантып тұру үшін көшеге, кешкі суықтарға, той-жиындарға киетін салтанатты киімдерге жапсырылады. Күнделікті үй ішінде киетін киімге жапсырма жапсырыла бермейді. Өйткені, жапсырма қымбатқа түседі және ол үшін қымбат маталар мен жіптер пайдаланылады, оның орындалуы да асқан шеберлікті қажет етеді. Сол себепті жапсырма кештерге бір киіп шығатын киімдерге қолданылады.

Жапсырма киімнің көзге түсетін тұстарына орналасуы заңдылық. Осыған орай, жапсырманы омыраудың жоғары тұсына, кеудеге, алдыңғы қос өңірге, жеңге, етекке және ретіне қарай иыққа, арқаға орналастырады. Қалай болғанда да ол бірден жарқ етіп, назарды өзіне аудартуы керек.

Үшіншіден, жапсырманың матасы қандай болуы керек екенін білген жөн. Жапсырма үшін тек қана қымбат, жалтыраған, тамсандыратын алтын немесе күміс маталар алынады. Көбінесе алтын немесе күміс паршалар таңдалады.

Содан кейін жапсырманың қандай пішінде болуын мықтап ойлау керек. Бұл көбінесе суретші-сәнгердің

немесе тігіншінің қиялына, ойлау қабілетіне байланысты. Сондықтан да тура мынадай пішінде ғана болады деп кесіп айту қиын. Қиялы қаншама түрленсе, жапсырманың да соншама түрі кездесуі заңдылық. Бірақ оның әрқайсысы талғамды болуы керек. Тек ебедейсіз үлкен немесе ретсіз және сансыз көп жапсырмалар киім әрін кіргізбек былай тұрсын, оның ажарын қашырып жіберетінін ескермей болмайды. Сондықтан оны мөлшермен қолдану керек.

Дәстүрлі ұлттық киім үлгілерінде жапсырма өрнектері көбінесе өсімдік тектес болып келген. Қазір де сән әлеміндегі талаптарға сәйкес жапсырмаларда өсімдік тектес өрнектер жиі қолданылады. Суретші-сәнгерлер түрлі гүлдерді – раушанды, қалампырды және басқаларын, кейде тіпті оларды сабағымен, болмаса өсімдіктің бір бөлшегін – жапырағын, күлтесін жапсырма ретінде қолданады. Сондай-ақ, жапсырмалар ғарыш сипатты – жұлдыз, шоқ жұлдыз, ай, күн, құс жолы сияқты да жасала береді. Тотықұстың құйрығы, қырғауылдың қауырсыны, тіпті балапанның өзі, еліктің мүсіні түрінде де жапсырмалар көптеп кездеседі. Айтылып өткендей, қиял қаншалықты бай болса, сонша жапсырма жасауға болады.

Жапсырманың орындалу техникасының үш түрі бар. Біріншісі – ол бірден драптың үстіне келесі жапсырма матаны қою арқылы жасалады. Алдымен жапсырма ретінде қолданылатын жалтырақ матаны арнайы жұқа желімдегіш матамен желімдеп қояды. Содан кейін оған суретті, бейнені бормен немесе басқа белгілеу құралымен түсіреді. Содан соң белгіні бойлап машинамен тігіп шығады. Осы тігілген өрнек жалтырақ матадан кесіп алынады. Енді суреттің шеттеріне ара тісіндей (зиг-заг) тігіспен тығыз етіп тігіледі.

Бұл үшін матаны кергішке керіп қояды. Өрнек толық жапсырылған соң оны үтіктеп жіберсе, ол тырысып-бүріспей, біркелкі рең беріп, жайнап тұрады.

Жапсырманың екінші орындалу түрінде жұмыстардың реті сәл өзгереді. Алдымен өрнектің өзін алтын не

күміс паршадан кесіп алады. Содан кейін ол араның тісіндей, бірақ өте ұсақ тігіспен негізгі матаға тығыз етіп тігіліп шығады.

Егер жапсырманың одан да бедерлі болуы мақсат тұтылса, оны үстіне басып кестелеп шығудың қиындығы жоқ. Өрнектің шет-шеті тағы да алтын немесе күміс паршаның жіңішке таспасымен әдіптеледі.

Жапсырманың орындалуының үшінші техникалық түрі үнемі болмаса да, кейбір киімдерде кездесіп тұрады. Бұл – желіммен жапсыру. Жұқа полиэтилен түріндегі арнайы пленка жапсырмалық матаның астына төселіп, матамен бірге өрнек бойынша кесіледі. Содан кейін қыздыру тәсілімен негізгі матаға жапсырылады. Қыздыру үшін үтік немесе қысым аппараты қолданылады.

Біз кесте безендіру түрлерінің ішінде көп қолданылады. Өйткені біз кесте тәсілімен түскен әшекей бұртіктері өзіне бірден назар аудартады. Бұрындары бұл өрнек, аты айтып тұрғандай, кестенің бізімен жасалатын болған. Бірақ қазіргі техника дамыған заманда киімге біз алып кестелеудің қажеті болмады. Мұндай бұртік кестені машинамен де қапысыз орындап шығуға болады. Сөйте тұра, оның «біз кесте» деген аты сақталып отыр.

Біз кестені түсіру үшін міндетті түрде негізгі матаның астынан астар ретінде кесте тігілетін жерге желімделетін мата қойылады. Содан кейін матаға кестенің бедерін бормен, болмаса басқа белгілеу әдісімен түсіріп қояды. Мата міндетті түрде кергішке керіледі. Содан соң алғашқы өрнек контур бойымен түсіріледі.

Біз кесте түсірудің бірнеше түрі бар.

Біріншісі – өрнек бойымен тік тігістер жүргізу. Оны бүкіл өрнек бойына бірнеше қатар етіп жүргізіп шығу.

Екіншісі – өрнектің іші гүл, күлте, жапырақ және басқа суреттер түрінде толтырылып, олар бір-үш қатар нәзік желілермен шектеледі.

Үшіншісі – біз кесте оған дейінгі жапсырманы әдіптеп тұрады.

Төртіншісі – біз кесте оған дейін түсірілген, басып кестеленген өрнекті шетінен әдіптейді.

Біз кестенің өрнегін қолмен түсіргенде жүн, жібек және мата жіптердің шүйкесі пайдаланылады. Ал машинамен біз кесте түсіргенде тек №63 жібек жіп немесе алтын, күміс шарық жіптер қолданылады.

Біз кестенің өрнек салудың басқа тәсілдерінде елене бермейтін бір ерекшелігі бар. Мұнда өрнектің желісі үзілмей, тұтас болуы міндетті.

Кейде алтын, күміс немесе басқа түрлі түсті жіптен төгілген біз кесте басқа тәсілмен салынған өрнектің астында тұруы да мүмкін. Ол үстіңгі өрнектің салтанатын асыру үшін пайдаланылады.

**Тығыз кесте** де киім безендірудің бір түрі. Оның өрнегі жатық және өте үйлесімді болып тұрады. Тығыз кестелеудің техникасында мата дайындау әдісі басқа кестелермен бірдей. Өрнек түсетін матаның астынан тағы қосымша желімделетін мата төселеді. Бұл кесте түскен соң матаның құрысып-бүрісіп қалмауы және өрнектің өте еркін тұруы үшін керек.

Мата кергішке қатты керіледі. Тығыз кесте үшін №65 жібек жіп қолданылады. Жіптердің бір-бірінің ізін ала немесе қабатталып кестеленуі өрнектің бедерін молайтады, бүрттік түрінде сыртқа байқалып тұрады.

Тығыз кестенің ерекшелігі – ол көп түсті бояуларды бере алады. Бір түстің өзінің бірнеше реңдерін байқату үшін осы тығыз кестенің мүмкіндігі мол. Мәселен, қызыл түстің өзінің бірнеше түрлі реңдерін осы кестеден шығара аламыз.

Сырт көзге көрінуі, қонымдылығы жағынан тығыз кесте әшекей техникасының ішіндегі ең тиімдісі болып саналады. Сырткиімдерді әшекейлеу үшін тығыз кестеде кейде жүн жіптер де қолданылады. Өйткені олар матамен үйлеседі. Егер сырткиім үшін драп, жұқа мауыты қолданылатынын ескерсек, тығыз кесте олардың ажарын ашады және кестелегенге ыңғайлы.

**Ришелье (торлы тоқыма)** – безендірудің ең салтанаттыларының бірі. Ол өте көркем және нәзік кесте түрі.

Торлы тоқыма киімнің жағасына, жеңіне, етегіне жарасады. Әйел көйлегінің омырауына осындай торлы тоқыма жасау киімді де, оны киетін иесін де сәнге бөлейді.

Торлы тоқыманы тек машиналар арқылы түсіреді. Оған жоғары талап қойылған. Көбінесе жібек, сондай-ақ, алтын және күміс жіптер пайдаланылады. Торлы тоқыманың өрнектері киімге қайталанбас сән береді. Кейде торлы тоқыманы көзге бірден түсіру үшін оған негізгі матадан бөлек матаны астар етіп те жасайды. Мұндай жағдайда матаның бергі жағындағы торлы тоқыманың өзі де, ар жағындағы жанама мата да көріктене түседі.

Суретші алдымен әшекейге керек өрнектің сұлбасын жасайды. Кескін талғамнан шығып, бекітілген соң оны жұқа қағазға (калька) түсіріп алады. Содан кейін жұқа қағаздағы кескін матаның бетіне көшіріледі. Калькадағы суретті матаға көшірудің өз техникасы бар. Жұқа қағазды матаның бетіне берік бекітіп қойып, жіп сабақталмаған машинамен бір рет жүргізіп шығады. Сонда инеден қалған ұсақ тесіктерді қуалап тампонмен, түсті далаппен немесе бормен суретті қалпына келтіреді.

Бау – әшекей бөлшектерінің бірі. Қолдана білуіне қарай бау арқылы да киімдерді нақышына келтіруге болады.

Бау жіптен гөрі қалың болады. Бауды жасау үшін жібек немесе жүн жіптерді бірнеше қабат етіп алады да, өріп шығады. Бау өру – бабаларымыздың ежелгі кәсіптерінің бірі. Көне замандарда қазіргідей химиялық талшықтар мол болмаған. Ал жиі көшіп-қонатын және түрлі киімдерге түйме табудың өзі мүмкін емес далада қазақтар жүннен, қылдан және аттың құйрықжалынан бау есіп алған. Себебі, бауды да ежелгі әшекей бұйымдарының бірі деп есептеудің ерсілігі жоқ. Міне, осылайша бірнеше жіпті қатар қабаттау тәсілімен өрілген бау қазіргі сән әлемінде де кеңінен қолданылады.

Бауды бір түсті жіптен өріп шықса, ол бір түсті болары түсінікті. Кейде әшекей үшін бауды бірнеше түстен өруге болады. Оған мықтылық немесе нәзіктік үшін шарық және басқа жіптер қосатындар да бар.

Баудың басты қасиеті – қалай иіріп, үйіруге де келетіндігі. Сол себепті бау арқылы небір өрнектерді жасап шығуға мүмкіндік бар.

*Бау арқылы өрнектеудің техникасы.* Алдымен өрнек түсетін мата кергішке қатты етіп керіледі. Оған салынатын өрнек белгіленеді. Содан соң сол өрнектің матадағы кескінін қуалап бауды шетінен бастап тігіп шығады. Бұл үшін 22-класты тігін машинасы керек.

Баумен өрнектелетін өрнек үзік-үзік түрінде болмауы тиіс. Ол бір шетінен келесі шетіне дейін тұтас болғанда ғана баумен әшекейленеді.

Өрнекті бау арқылы түсіріп біткен соң оны ыстық үтікпен үтіктейді. Соның арқасында баудың өрнегі матаға бұрынғыдан да бейімделіп, тығыз жабыса түседі. Баумен түскен өрнектің сыртқа шығып тұруы оны бедерлі көрсетеді.

Баумен өрнектеу үшін қандай түсті матаға қандай түсті бау қажеттігін ескерген жөн. Мұнда негізгі матаның немесе оған түсетін өрнектің өңін ашу басты талап болып есептеледі. Сондықтан ақ матаға қара баудың өрнегі, қара матаға ақ баудың өрнегі, көк матаға қызыл баудың өрнегі ерекше жарасады. Ендеше, бауды қарама-қарсы өрнектерде көп пайдаланғаннан ұтылмайсыз.

### **3.3. Ою-өрнектердің ағаш өңдеу өнерінде қолданылуы және жасалу техникасы**

Қазақ халқының өмірінде ежелден бері ағаштан жасалатын үй жиһаздарының алатын орны ерекше. Көшпелі мал шаруашылығымен немесе жартылай отырықшылыққа ауысып, егіншілікпен айналысқан қазақ қауымының күнделікті тұрмысына қажетті, ағаштан жасалған бұйымдардың түрі сан алуан.

Киіз үйдің негізгі қаңқасы мен бірқатар жабдықтарының да ағаштан жасалғаны белгілі. Отырған орны мен ұстайтын бұйымының ыңғайлы болуымен қатар,



көзге көрік беруін ескерген қазақ халқы, осы бұйымдарды да ою-өрнектермен көркемдеген.

*Киіз үй есігі мен маңдайшаның* босаға ішіне қарайтын беттеріне ою-өрнектер ойылып, түрлі түсті бояулармен сырланып, сүйектеліп безендірілген. Кейде бәсекелес төрелер мен байлар киіз үй есіктерінің ішкі жағын түгелдей әр түрлі өрнекті сүйек, күміс әшекей және түрлі түсті асыл тастармен де сәндейтін болған. Ертеде маңдайша мен босағалардың сыртқы беттері, табалдырықтың екі жағы да ешбір ою-өрнек, әшекейлермен безендірілмеген. Оның есесіне ашпалы есіктердің сыртқа қарайтын беттеріне ою-өрнектер ойылып, түрлі бояулармен сырланған. Әдетте, ашпалы есіктердің ішкі және сыртқы беттеріне жүргізілетін ою-өрнектер екі түрлі болады, ішкі беттеріндегі оюлар өте күрделірек келеді.

Киіз үй есіктерінің ішкі беттеріне ою-өрнектің сан алуан түрлерін бедерлеп оймыштау тәсілі сирек кездеседі. Әсіресе, Қазақстанның батыс және оңтүстік-батыс өңірлерінде ішінара кездесіп отырады. Мұндай есік беттеріндегі ою-өрнектің өзі бедерленіп ойылады, оның түрі (фоны) әжептәуір тереңдікке дейін түгелдей қашалып, сәнді өрнек айқындала түседі. Бедерлі оймыштың әр өрнегі өте нәзік болады, бірімен-бірі астасып келеді, өткермеленіп жатқандай бейнеде орындалады. Мұндай есік бөлшектеріне өсімдік, космогониялық және зооморфтық мотивтегі ою-өрнектер араласып бейнеленеді.

*Адалбақанның* ағаштан жасалатын негізгі бөлігінің ішкі беттеріне ою-өрнек жүргізіліп көркемделеді. Адалбақан қызғылт түсті жеміс ағашынан немесе қызыл қайыңнан жасалады. Оның ұзына бойын мүсіндеп шауып, алдымен ою-өрнектерін ойып алады. Содан кейін ағаш бетін мұқият өңдеп, бірнеше қайтара өсімдік майын сіңдіре жағады, сөйтіп ағаштың өзіндік табиғи реңін енгізіп қана қояды.

Қазақстанда өте кең тараған ағаштан жасалатын бұйымның бірі – *ағаш төсек*. Ағаш төсектің түрі жасалу

төсіліне, бет жағына жүргізілетін ою-өрнек, әшекейлеріне қарай өркелкі келеді.

Көбінесе төсектің бет жағы түгелдей сүйек, күміс, түсті былғары, асыл тастармен безендірілген. Сүйек және күмістелген темір әшекейлер ағаш бетіне ойылып орналастырылған, араларынан жиек қалдырылған. Жиіектер үстінен күмістен стильденіп құйылған қосмүйіз өрнегі, яғни шеберлер тілінде «жиек басар» өрнегі шегеленген. «Жиіек басар» өрнегі екі бастың айнала жиегіне түгелдей орнатылған. Төсек бастарының жоғарғы және төменгі шеттеріне, тірсек тәрізденген орта тұсына бір-бірден және төсек бетінің ендірек орта жолағының ұзына бойына күмістелген бес оюлы темір текшелер ойыстырылған. Олардың астына көксауыр төселген де, төсек бетіндегі бес текшенің орталарына түрлі түсті тастардан көз орнатылған. Күмістелген темір текшелер стильденген «қошқармүйіз» өрнегімен ойылған. Темір текшелер араларына қиыстырылған сүйек текшелердің беттеріне негізімен түйіскен «төрт басты қошқармүйіз» өрнегі ойылып, қызғылт қоңыр бояумен сырланады, сөйтіп төрт жақ қолтықшаларынан төрт «қошқармүйіз» өрнегі шығарылған. Орта жолақтың екі жағындағы тұтасқан ұзын сүйек жолақтар мен төсектің екі басындағы сүйек әшекейлердің беттеріне өсімдік тектес өрнектер ойылып, қызғылт бояумен боялған.

Сүйек әшекейлерді көркемдеуде дәстүрлі «қошқармүйіз» оюы мен өсімдік тектес және геометриялық өрнектердің аралас қолданылуы ағаш төсек бетіне ерекше рең беріп, көздің жауын алады.

Қазақстанның Орталық мұражайында ХХ ғасырдың басында қызғылт жеміс ағашынан жұмырланып жасалған өте сәнді төсек ағаш сақтаулы. Ол Жамбыл облысы шеберлерінің қолынан шыққан. Мұның бет жағы жеті бөлек ағаштан шабылып, әрқайсысы ою-өрнектермен жеке-жеке безендіріліп барып қиыстырылған. Екі басы жұмырланып шабылып, бетіне өсімдік тектес ою нұсқасы жүргізілген, бас жағы мен аяқ жағында бірнеше буынтықтар жасалған, бас жақтарының үсті

жалданып, оюлана жонылған да, олардың іш жақ беттері өрнектелген жұмыр ағашпен жалғасқан. Мұны асты-үстіне дөңгелекпен «сыңармүйіз» бейнелері оюлаған. Бұған қоса ойылған тұстарға күміс бүркеншікті шегелер қағылған. Қатты, қызғылт жеміс ағашынан мұқият өңделіп, өзіндік ою-өрнекпен безендірілген осы ағаш төсектің бет жағы еш бояусыз-ақ көздің жауын алғандай.

Ағаш төсектің екі басы мен бет жағы тұтас ағаштан шабылып, тік аяқтары бөлек дайындалып орнатылған түрлері Қазақстанның солтүстік-батыс аудандарынан кездеседі. Бұл ағаш төсектің шалқақ бастары қыздың мойнындай иіле шабылыпты. Тұтас ағаштан шабылған бұл ағаш төсектің бастары мен орта тұсының беттеріне тұтасынан өсімдік тектес және геометриялық өрнектер бедерленіп ойылған.

Көп жағдайларда ағаш төсек бетіне стильденген өсімдік тектес өрнектер мен геометриялық фигуралар, әсіресе дөңгелектер, үшбұрыштар, ромбылар өрнектеледі. Мұндай төсектердің бет жағына түрлі түсті бояулармен әр түрлі ою-өрнектер салынады. Көбінесе ақ, қызыл, сары, көк, жасыл түсті бояулар жиі қолданылады.

Мұндай ағаш төсектердің бет жағы түзу ағаштан мүсінделе шабылып, сыртына сәл шалқая орналасатын екі басы мен олардың арасын жалғастыратын ұзын, жалпақ тақтайдан тұрады. Ал екі бас пен бет тақтайдың қиысатын жоғарғы бұрыштарына мүсіндей жонылған милық ағаштар сәндік үшін шегеленеді. Олардың екі басындағы тақтай бетіне ойылатын бедерлі оюлар бірдей болып келеді. Осы милыққа ойылатын оюлар сияқты орта ағаш бетінің оюлары да өз алдына дербес композиция құрайды. Әдетте төсектің бет тақтайының ортасына үлкен дөңгелек гүл ойылады. Ойылған оюлар мотиві негізінен өсімдік тектес болып келеді де, стильденген «қошқармүйіз», «сыңармүйіз» және әр түрлі геометриялық фигуралармен толықтырылады. Оюлы өрнектер қызыл, қара бояумен боялған.

Төсектің екі басындағы ағаштың бет жағына өсімдік сабағындай ойылған өрнек, ал оның үш жеріне қысқа сабақты гүл шоқтары өрбіте бейнеленеді. Орта ағаш пен екі бастағы сүйеніштердің ішкі беттері төрт басты «қошқармүйіз» оюы, «ромб» және «сегіз бөлекті дөңгелек жұлдызды» өрнектерімен безендіріледі. Ағаштың табиғи түсіне ұқсас ақ-сары бояумен боялған мінсіз бедерлі оюлар қара түрдің бетінде өте әсем жарасымдылық табады.

**Жастықағаш.** Оның дәстүрлі жасалу тәсілінің бірі төсағаштың жасалу тәсіліне ұқсас. Бас жағы бөлек дөңгеленіп біткен, астына биіктігі 12-13 см-дей аяқ орнатылады. Жастықтың астына келетін тұсы имектеле сүйірленіп жасалады. Мұның ұзындығы 60-70 см-дей, көлденеңі – 80 см. Екі жақ бетіне ою-өрнек жүргізіледі. Ал қарама-қарсы беттерінің арасы үш-төрт көлденең шабақтармен қосылады. Бетіне жүргізілген ою-өрнек мотиві – зооморфтық оюлар мен геометриялық фигуралар. Бедерлі оюлары қоңыр, ал түрі қара бояулармен боялады.

**Жұқаяқ.** Жұқаяқтағы әр бөлшек бетіне жүргізілген ою-өрнектердің композициялары өз алдына бөлек орындалған. Ою ерекшеліктеріне келсек, екі аяқ беттерінде «қошқармүйіз» – геометриялық фигуралар тоғыса орындалған. Үстіңгі жалпақ және астыңғы жіңішке ағаштардың беттеріне өсімдік тектес әдемі ою-өрнек жүргізілген. Ою-өрнектері жасыл, түрі көк, жиектері көк және сары, өсімдік сабағының ұштарынан шығарылған гүлдер сары, қызыл бояулармен орындалады. Аяқтарының төменгі жақтары тұяқ тәрізденіп мүсінделіп жонылған да, қызыл бояумен боялған.

Қолсандық, әбдіре және жағылан киім-кешек, әр түрлі уақ-түйек бұйымдар сақтау үшін үлкенді-кішілі пайдаланылған.

**Үлкен әбдіре** – сандықтардың ұзындығы 90-100 см, биіктігі мен ені 45-50 см шамасында жұқа қарағай тақтайлардан жасалады. Олардың сырты түгелдей қызыл, жасыл немесе қара бояулармен боялып, бет жағы жез, күміс түсті тастармен безендіріледі.

Ою-өрнектер қызыл шұғамен тысталған бетіне алтындай жарқыраған сары жезден салынған. Көбінесе «қошқармүйіз» оюы жүргізілген.

*Жағыландардың* сүйегі қарағай тақтайдан, тек қолдан жасалған шегелер арқылы құрастырылған. Сырты түгелдей қалың қоңыр түсті былғарымен қапталып, бет жағына стильденген «қошқармүйіз», «қосмүйіз» оюлары бедерленген. Оған қосымша үш жерден ортасында қызыл тастары бар үлкен-үлкен үш дөңгелек күміс гүл шоқтары бейнеленген. Жиіектері мен бұрыштары әр түрлі күміс әшекейлермен безендірілген. *Жағыланды* құлыптауға арналған темір ілгектің бет жағы күмістеліп, төрт жерден қызыл тас орнатылған.

Ою-өрнектерінің әшекейленуіне қарай қолсандықтар төрт топқа бөлінеді.

Бірінші топтағы қолсандық жиіектеріне қиыстырған сүйек әшекейлердің бетіне «қосмүйіз» оюлары жүргізілген. Алдыңғы бетіне үш үлкен шаршы ойыстырылған. Олардың араларында, астыңғы жағында шебер қиюластырылған әшекей беттерінде әдемі оюлар бар және астына жез немесе шұға төселген. Қолсандық ішкі құлыппен ашылып-жабылады. Ондағы әр түрлі сүйек әшекейлердің қиысу тәртібі де, әшекей беттеріне жүргізілген ою-өрнектер де симметрия заңдылығын мұқият сақтай орындалған.

Екінші топқа бет жағы түрлі түсті бояулармен әдемі өрнектелген қолсандық жатады. Қолсандықтарды бойжеткен қыздарға арнап жасататын, ол ұзатылғанда жасау құрамына енеді. Олай болса, қолсандықтар – бойжеткен қыздар мен жаңа түскен жас келіншектердің еншісіндегі өте сәнді бұйымдардың бірі. Оның көлемі де шағын (ұзындығы – 45-50 см, ені – 25-30 см, биіктігі 15-20 см шамасында) болатындықтан қыз-келіншек-тердің ине-жіп, айна-тарақ, өтір, сабын сияқты уақ-түйек бұйымдарын сақтауға арналады.

Көпшілік қауымның жасататын қолсандықтары тек ағаштан ғана мұқият өңделіп, бір түсті бояумен сырланып жасалады. Сән құған кісілер қолсандық беттеріне

нұсқалы, бедерлі оюлар ойғызып, түрлі түсті бояулармен сан қилы ою-өрнектер салғызады. Бұған қоса неше түрлі шұға, асыл тастар, сүйек пен күміс әшекейлерін кеңінен пайдаланатын болған. Әрине, қазіргі күнде қарапайым қолсандықтар сирек ұшырасады. Ел арасында да, мұражайларда да қолсандықтың өте әсем көркемделген қымбат үлгілері ғана сақталған. Сондықтан бұл арада бетіне салынған ою-өрнектері, әшекейлері бір-біріне ұқсамайтын нағыз өнер туындысы ретінде танылатын қолсандықтардың бірнеше үлгісі бар.

Мұндағы ою ерекшеліктері өсімдік тектес өрнектермен стильденген зооморфтық оюлардың етене тоғысуымен сипатталады. Қолсандық бетіне жүргізілген ою-өрнектер симметриялы екі бөлек суреттен тұрады. Олар бір-бірін толықтырып, бірлікте жасалған. Ою-өрнектер, олардың ішкі-сыртқы түрлері, айнала жиектері қоңыр, жасыл, көк және қара бояулармен асқан ұқыптылықпен боялған.

Үшінші топқа жататын екі қолсандықтың алдыңғы беттері ғана өте күрделі. Өсімдік тектес және геометриялық фигуралар бейнесінде бедерлі оюлар ойылып, түрлі түсті бояулармен нақышталған. Қолсандықтың айнала жиегіне өсімдік тектес ою нұсқалары ойылған. Ол ақ, қызыл, жасыл бояулармен боялса, ою арасынан көрініп тұратын терең түр қара бояумен боялған.

Төртінші топқа жататын қолсандықтың алдыңғы беттеріндегі өсімдік тектес және зооморфтық оюлар әр түрлі геометриялық фигуралар бір-бірімен айқасып жатады да, ақ, қызыл, жасыл, сары, қоңыр түсті бояулармен бір жазықтықта ойылған оюларды екі-үш қатар деңгейде ойылғандай етіп көрсетеді.

*Кебеже* – азық-түлік сақтауға арналған бұйым. Бұл кебежелердің ою-өрнек мотиві, негізінен, өсімдік тектес болғанымен, геометриялық және стильденген зооморфтық («сыңармүйіз», «қошқармүйіз») өрнек элементтерімен де толықтырылады. Әдетте, ою-өрнектер көк, ақ, қызыл, жасыл бояулармен боялады. Көбінесе қоңыр, ашық қоңыр түсті бояулармен боялып, ою-өрнек жүйесі айқын көрінетіндей болып жасалады. Кейбір

кебежелердің ағаш ісі мұқият өңделіп, оның беттері сырланбай, тек мінсіз ойылған ою-өрнек күйінде қалдырылады. Осы кебежелердің қай-қайсысының болсын ою-өрнектерін орындауда симметрия заңдылығы мен композиция тұтастығы берік сақталған.

Кебеже беттеріне сырмақ, текемет оюларын ойып жасайтын шеберлер де болған. Мұндай кебежелердің ою-өрнегі негізінен стильденген «қошқармүйіз», «қосмүйіз» болып келеді, кейде өсімдік тектес өрнектер де ұшырасады.

Кебеженің бетін түгелдей түрлі түсті бояулармен безендіру әдісі де қолданылған. Кейбіреуінің бетіне жұмырлап мүсіндеген жиектер шегеленіп, ортасына екі-үш төрт бұрышты табақшалар орнатылып немесе кебеже бетінің жоғары және төменгі жиектеріне «қосмүйіз» оюлары ойылып безендіріледі екен. Ал түрі ақ, қызыл, жасыл, көк, қоңыр, қара, сары түсті бояулармен көркемделеді. Ою зооморфтық, геометриялық және символдық өрнектердің орынды тоғысуы арқылы әдемі орындалған.

Қайсыбір кебеже бетінің айнала жиектері мен орта ағаштарының бетіне «сыңармүйіз», «қошқармүйіз» және геометриялық фигуралардан тұратын өрнектер түсті бояулармен салынған. Жалпы, кебеже ісі жатық, онда симметрия заңдылығы берік сақталған.

Кебеже беті бедерлі оюлармен өрнектеліп, түсті бояулармен көркемделген. Ортасына бейнеленетін үлкен иірімді жұлдыздың екі жағындағы бір-біріне ұқсас оюлар, айнала жүргізілген жиектер, оның бойына жасалған шағын жұлдыздар кебеже бетіндегі ою-өрнектің композициялық тұтастығын қамтамасыз етеді.


*Асадал* (шкаф) – ыдыс-аяқ сақтау үшін ағаштан жасалатын бұйымның бірі. Асадалдардың нұсқалы оюлары ойылып, сүйекпен көркемделеді немесе бетіне өсімдік тектес өрнектер салынып боялады.

Кейбір асадалдарда төрткіл ішіне қауызын жарған гүл төріздес ою бедерленіп, айналасына «қошқармүйіз» өрнек жүргізіледі. Ал астыңғы және екінші ортаңғы бөліктің екі жанындағы төрткіл ішіндегі шеңберге сегіз


бұрышты жұлдызша сабақтары үйістірілген алты жапырақ ақ фонға әр түрлі бояумен салынады.

Асадалдың ең үстіңгі ашық бөлігіндегі бетіне қос мүйіз оюлар түрлі түсті бояулармен өрнектеледі.

Сонымен, ағаштан жасалатын бұйымдарға ою-өрнек ойылу, бедерлеп оймыштау, сүйектеу тәсілдері арқылы, ал сырты шұғамен тысталған бұйымдарда сары жез жүргізу арқылы түсіріледі. Көбінесе ою-өрнектің өсімдік тектес, зооморфтық, геометриялық түрлері қолданылады. Космогониялық ою-өрнектер кебежелерде ғана кездеседі. Ағаштан жасалатын бұйымдарда зооморфтық ою-өрнек тобындағы «қошқармүйіз», «қосмүйіз», «сыңармүйіз», өсімдік тектес тобындағы «үш гүл», «бес гүл», «жапырақша» т.б. түрлері, геометриялық өрнектер тобындағы геометриялық сызықтар, ромб т.б. жиі қолданылады.



*Жағландар*









*Адалбақан*



*Адалбақан ою-өрнегі ою және қақтап  
әшекейлеу тәсілімен жасалған*




*Оюланган ағаш төсек*



*Оюланган ағаш төсектің бір бөлігі*





*Сандық*




*Жүкаяқ*



*Сүйектелген асадалдар*



*Кебжелер*



*Кебеже бетіне ою-өрнек металдан түсірілген*



*Кебеже бетіне ою-өрнек ою тәсілімен  
нақышталған*



*Оюланган суырмалы асадал*



*Жастық ағаш*

### 3.4. Ою-өрнектердің зергерлік өнерінде қолданылуы және жасалу техникасы

Қазақ халқының металл өңдеу кәсіпшілігі ертеден-ақ дамып өркендеген. Қазақ арасында жалпы темір соғатын ұсталарды да, зергерлерді де «ұста» деп атаған. Бірақ алтын-күміс әшекейлі бұйымдарды жасаумен әуестенушілер өздерін темір ұстасынан бөлек санаған. Осыған орай, оларды зергер деп атау бүкіл Орта Азия халықтарында ерте кезден-ақ қалыптасқан.

Халық зергерлері көбінесе білезік, өңіржиек, сақина, сырға, тіс шұқығыш (бұрын алтын, күмістен өрнек-теп жасап, қалтаға салып жүретін), қиықша, қоза, шолпы, алқа, қапсырма, сәукеле, түйреуіш, мық, ілгек, сағатбау, үзбе, түйме, түйменің сабағы, бұрама, деңбет (дөңбет), кемер белдік, кісе сияқты адамның өз бойын әсемдейтін заттарды жасады.

Аталған бұйымдарды жасауда қазақ шеберлерінің қолданған техникалық әдістері алуан түрлі, қайсыбір затты көркемдеуге зергерлердің бірнеше әдістерді қолданатындығы жиі кездеседі. Ұқыптылықпен әр түрлі әсемделіп жасалған жүген, өмілдірік, айыл, құйысқан ер бөлшектері сияқты ат әбзелдері істелуі жағынан ерекше. Бұл заттарды декоративтік жағынан өңдеу тәсілдерінен: темірге күміс қақтау, оюлау, қара жүргізу, штамповка жасау, эмальмен әсемдеу, заттың жиегін айнала өрнектеу, сіркелеу, түрлі түсті тастан, меруерттен көз салу сияқтылар кездеседі.

*Оюлау* бедер салынатын заттың үстіңгі бетіне кескіш аспаптың өткір жағымен қашау арқылы жүргізіледі. Қисық жері егеумен егеледі. Жіңішке сызықтар өткір біздермен жүргізіледі. Оюлау арқылы сырға, білезік, түймелер мен ер-тұрмандарды, т.б. майда бұйымдарды әшекеелейді.

*Қаралау* тәсілінде қолданылатын металл құрамдарының арасалмағы әр түрлі болады. Мәселен, күміс пен мыс бір-бір есе болса, қорғасын мөлшері күмістің жартысына тең болады, күкірт металдардың балқуына байланысты көз мөлшерімен қосылады. Осы құрамды шойын ожау-



шаға салып ерітіп, әбден араластырған уақытта қап-қара қоймалжың пайда болады. Мұны көбінесе осы күйінде қара жүргізетін күміс бұйымның бетіне жағып, суытады. Артық қалған қара қоспаны суытып алып, майдалап үгіп қояды да, керек болған уақытта қара ұнтақты күміс бұйымның бетіне жүргізілген ою-өрнек үстіне себеді. Ал отқа қыздырғанда ол қайта еріп, күміс бетіндегі іздерге жабысып қалады. Оны әбден суып, кепкен соң егеумен өңдеп, былғары және киіз ысқыштармен жалтырата ысады. Қарала жүргізілетін күміс бұйымға түсірілетін оюды алдын ала сызып алып, өткір біз ұшымен безейді, содан кейін оның үстіне қарала жүргізеді.

Қараланы, көбінесе, әйелдерге арналған күміс білезік, қапсырма, сырға, жүзік, белбеу, еркектердің кіселерін, кейде ер-тұрман әбзелдеріне, тағы басқа да үй бұйымдарын көркемдеуге жиі пайдаланады.

*Сіркелеу* тәсілімен білезік, жүзік, сақина, алқа, өңіржиек, қолтықшалар беттеріне геометриялық өрнектер жүргізіледі екен. Құйылған не қақталған күміс бетіне сірке түсіру үшін темір қалып арқылы күмістен жіңішке сым жүргізіп созып, оны өткір пышақпен ұсақтап турайды, содан оларды тегіс бетті екі жалпақ темірдің арасына салып, айналдыра домалатудың нәтижесінде күміс кесінділерін біркелкі домалақ сіркеге айналдырады. Күміс бұйым бетіне «бура» деп аталатын ақ үгінді – дәнекер себеді. Оның үстінен белгілі тәртіппен қажетті әртүрлі өрнек жасайды. Күміс сіркелер отқа қыздырған уақытта себілген орнында дәнекерленіп, бұйым бетіне біте қайнасып, жабысып қалады. Сірке түсірілген бұйым бетіне үлкенді-кішілі асыл тастар, маржандар, түрлі шынылар орнатылып көркемделеді. Кейде қорғасын кесегіне қойылған, қақталған күмістің үстіне жұмыр басты қадаубастарымен батыра соғып, күміс әшекейлердің бетіне бедерлі ою-өрнектер де жасайды. Мұндай әдіспен көбінесе күміс таналар мен шашбау, шолпыларды дайындайды.


*Шеку* тәсілі – әр түрлі өрнектері бар қадаубастары арқылы темірге ою түсіру әдісі. Кейбір үй бұйымдарының, әсіресе ердің алдыңғы және артқы қастарының бет

жақтары қақталған таза күміспен қаптала көркемделгенде, оған оймалы оюлар ойылумен бірге сызу, безеу арқылы да ою-өрнектер жүргізіледі.


**Қақтап әшекейлеу тәсілі.** Мұндай әдіс ер-тұрман, асадал, шытырман қазық, қанжар, селебе, семсер, айбалта, найза, садақ, орындық, босаға, аңшылық мүліктеріне және осылар сияқты көлемді жиһаздарға қолданылады. Мысалы, ердің қасын күмістеуді алайық. Күмістелген ағаш ер әдейі соған арналып бөлек шабылады. Сондай даяр ердің қасына өлшенген жалпақ темірді кейде тұтас күйінде, кейде оның өзін де оюлап кесіп, егеп алады. Содан кейін күмісті қақтап жапсырады. Ол үшін күміс қақталатын жері өлшеніп және оюланып кесілген темірдің бетін, ең алдымен, түрпі сияқтандырып асыл шап-қымен шабады. Қолдан жасалған түрпі ұсақ болуы керек. Сымға тартылған күмісті осы түрпінің үстіне өрнектей отырып балғамен батырады. Мұны зергер тілінде қақтап жапсыру дейді. Кей жерлерде бұл әдісті күміс шабу деп те атайды. Күміс бұйымдардың және күмістелген әшекейлердің бетіне ұя жасап қымбатты тастар, жарқырауық шынылар орнату әдісі де заттарға әдемі ажар береді.

**Күмісті тезге (сымға) салып тарту тәсілі.** Соғуға, созуға қолайлы болуы үшін қоспасыз таза күмісті таңдап алады. Таза күміс ірімей жақсы созылады және сымға салып жіңішкерте отырып созуға да ыңғайлы. Таза күміс жай қарағанда да көрікті. Сондықтан қазақ зергерлері ең таза күміс деп жамбы күмістерді ұстайды. Жамбы деп қорытылып құйылған кесек күмістерді атайды. Жамбының үлкендігі мен формасына қарай қазақ арасында белгілі алты түрлі атауы бар. Оларды үлкенінен бастап айтқанда: «бесік жамбы», «атбас жамбы», «қойбас жамбы», «тайтұяқ жамбы», «қойтұяқ жамбы», «асық жамбы» деп атайды. Жамбы күмістері қараймайды. Ал енді осы күмісті жіңішкертіп созатын сайманды сым деп атайды. Сым дегеніміз ұзыны – 20-25 см, көлденеңі – 3-4 см, қалыңдығы – 2 см төрт қырлы ұзынша темір. Бұл темірдің ортасында кеңдігі шеге сифандай тесіктен бастап, бір тал шаш өтетіндей ғана саңы-

лауға дейін тарыла беретін, бірінен-бірі кіші 11-18 тесік бар. Бұлардың араларында үлкенді-кішілі шар, жарты шар кейіптес шұңқыр ұялар жасалған. Шеберлер бұл ұяға шегелерді сыптығырлай отырып, әр түрлі көлемдегі мық шегелердің түйіртпектерін жасап өрнектейді.





*Күмістен жасалған салпыншақтағы  
зооморфтық ою-өрнек*



*Қапсырмаға бедерленген өсімдік тектес ою-өрнек*



*Қапсырма бөлшегіндегі зооморфтық типтегі ою-өрнек*



*Қапсырмалар*

Күмісті қорытып тазартып алған соң, оны шегенің үлкендігіндей етіп, ұзындығын 10-15 см шамасында жұмырлап соғады да, сымның алғашқы өтетін көзінен бастап, бірте-бірте тар көздерден өткізіп тартады. Күміс әрбір тесіктен өткен сайын жіңішкеріп шаштай болып созылып шығады. Созылған күміс машина жібінің ағашына оралады немесе кесте жіп сияқты домалақтанып жиналады. Мұны күмісті сымға (тезге) тарту дейді. Халық арасындағы «сымға тартқан күмістей әдемі» дейтін теңеу осыдан шыққан.

Күміс жіптің ұшын әлгі шабылған темірдің түрпі бетіне өрнектеп сала отырып балғамен бірқалыпты ұрады. Ұрылған күміс түрпілердің бұжырына жапсарласып, өзінің жуан-жіңішкелік мөлшеріне қарай жалпақтана, өрнектеліп қақталады. Қақталған күмісті ердің қасын төсеп егейді. Оған өң беру үшін оны жұмсақ қайрақпен және түрпі қағазбен, одан кейін киізбен, ең ақырында жұмсақ матамен ысқылайды.

Күміс қақталатын темірге шеге қағылатын болса, онда оған күміс қақтамай тұрып тесіп алады. Тұтас күмістелген темір бұйымның бетінде өрнексіз қалатын ашық жерлер болмайды, ондай жерлерге арнаулы безеуіш, безеубас деген құралдар арқылы ою ойылып күміс сіңіріледі де, оның бетіне қарала жасалады. Кейде ондай бос жер қалып бара жатса, мүсәтір мен күмісті ерітіп алып жалатады да, бетін безеулеп қояды.

*Құйма алтын мен күмісті өрнектеу тәсілі.* Жұмыр, домалақ, қырлы, төртбұрыш және т.б. бейнелердегі заттарды тұтас құйма алтын, құйма күмістен жасайды. Бұларға әр түрлі бейнеде құйылған жамбы, атбас алтын, ділдө, құйма білезік, құйма жүзік, алтын аяқ, ақ жамбылар жатады. Алтын, күмісті ерітіп, қалыпқа құйып бедерлеу әдісімен алтын қасық, күміс ожау, сағат қаптары сияқты заттар да жасалады. Құйма алтын мен құйма күміс халық дәстүрінде асыл қазына, үлкен мұра деп есептелген.

Құйма алтын мен күмісті өрнектеу үшін оған қажетті қалып жасалады. Мұндай қалыптарды халық шеберлері

қалайыдан, қорғасыннан, жезден немесе майдаланған саз балшықтан, қатты ағаштан, мүйізден жасайды. Қалыптың ішкі бетіне жасалатын өрнекті ояды немесе қалыптың өзін сол өрнекке қаптайды. Осындай қалыпқа құйылып шыққан сом алтын не күміс сол қалыптың ішіндегі әр түрлі өрнектермен бедерленіп шығады.

Сол күміс пен алтынның беттерін асыл бізбен, өткір қашаумен, пышақтың ұшымен сызып өрнектеуге де болады. Қолөнер шеберлері өрнектеліп болған заттарды әдемілеу үшін оны түрпі қағазбен, шұғамен, мақпалмен, жұмсақ матамен ысқылап, жылтыратады. Сақина, білезік, сырға, шолпы сияқты бұйымдарды қазақ зергерлері көбінесе осындай әдіспен жасайды. Сымға тартылған, біркелкі созылған күміс жіптерді бұрап, өріп, тоқып, кейде алтын, күміс заттарға әр түрлі асыл тастардан көз орнатып, оларға мық қағу арқылы өрнекті, сәнді жиһаздар істейді.

Зергерлік өнердің ең басты үлгілерінің бірі – білезіктер. Оларға салынатын ою-өрнектердің түрлері де сан алуан.

**Білезік.** Қазақ зергерлері жасап жүрген білезіктердің: қос білезік, бес білезік, жұмыр білезік, орама білезік, бұрама білезік, кавказ білезік, көзді білезік, өрме білезік, үзбелі білезік, топсалы білезік, қолқа (қуыс) білезік деген түрлері бар.

Бұлардың үлкен-кішілігі, ауыр-жеңілдігі әркімнің қалауынша әр түрлі бола береді. Білезіктердің аталуына қарай олардың бетіне жүргізетін өрнектер де түрлі-түрлі.


**Қос білезік.** Мұндай білезік жалпақ бауырлы тұтас келеді де, үстіңгі беті қатарласқан қос жұмыр болады. Бұған көбінесе «сыңарөкше», «ырғақ», «бұрма», «көз» өрнектері салынады. Қос білезік салу Солтүстік Қазақстанда көбірек кездеседі.

**Бес білезік.** Бұл білезіктің бауыр сырты жалпақ, сағатбау сияқты. Ортасында топсасы болады. Білезіктің сыртқы жағында күміспен немесе алтын шынжырамен шыжымдап қойған бес сақина бар. Сақиналар да өрнек-




*Топсалы білезіктер*







*Қос білезік*



*Жұмырбілезік*





*Көзді білезік*



*Орама білезік*



*Екі білезік*

теліп, тастан көз орнатылып әсемделеді. Білезікті білекке салардан бұрын осы бес сақинаны бес саусаққа киіп алады. Бұдан кейін білезікті топсасынан сыртына қарай қайырып білекке салады да, екі басын қайтадан түйістіріп, түймелеп қояды. Бес білезікке асыл тастардан алуан түсті көз орнатып, үстіңгі бетіне «ирек», «мүйіз», «құсқанат», «бөрікұлақ» сияқты күрделі өрнектер жүргізеді.

**Жұмыр білезік.** Білезік салатын кісінің қалауынша жуандығы әр түрлі жұмыр күмістен иіліп жасалады. Білезікті кейде қолдың басынан білекке қарай киілетін етіп, екі басын түйістірген шығыр формасында жасайды. Кейде қоспасын ашып білектің қырынан қапсыратын етіп түйіскен жерін ашық жасайды. Жұмыр білезікті көбінесе соғып, егеп иеді. Ал қайсыбір жақсы өрнектерін қалыпқа құйып шығарады. Жұмыр білезіктің қоспаға түйіскен екі басын қою «шытырман» өрнектермен оюлайды. Жұмыр білезіктің екі басынан басқа жеріне көбінесе өрнек жүргізілмейді.

**Орама білезік.** Қолға орай салатын белдік бейнелі жалпақ білезік. Мұндай білезіктің екі шеті кейде алтынмен көмкеріліп сызықталады. Ортасына жануарлар, өсімдіктер, геометриялық фигуралар тәрізді күрделі өрнектер жасалады.

**Бұрама білезік.** Бұл – жасалу жағынан өте оңай, түр жағынан жарасымды білезік. Білезік екі не үш бөлек жұмыр күміс шыбықтарды қосып бұрау арқылы жасалады. Бұрама білезіктің екі басына әр алуан бедері бар бунақтар, бұршақтар, жиектер келтіріп, кейде олардың үстіне тас көздер орнатып әшекейлейді.

**Кавказ білезік.** Мұны «қара ала білезік» деп те атайды. Бұл білезікті жасау кавказ халықтарынан ауысқан. Кавказ білезік, кавказ сақина, кавказдалған күміс белдік деген атаулар осыдан шыққан. Кавказ білезіктің ақ күмісіне қара көк түсті өрнек жүргізіледі де, күміс қара ала болып көрінеді. Кавказ (қара ала өрнек) үлгісімен «мүйіз», «ирек», «гүл», «жапырақ», «бұрыш» өрнектері өте сәнді жасалады.

**Көзді білезік.** Жұмыр немесе жалпақ күмістің не алтынның бетіне бедерлі ернеулер жасап, ақ, көк, қызыл, жасыл түсті асыл тас көздер орнатады. Көздері ұстап тұратын ернеулі ұялар батыру, сызу, бұрыштау әдістермен өрнектеледі.

**Өрме білезік.** Сәндеп дайындалған жуан алтын, күмі жіптерді өріп, құрастырып та білезік жасайды. Мұндай білезіктен тұтас екі жақ басы екі алақан сияқты келеді. Осы алақанның бетіне «қазтабан», «жүрекше», «қосырғақ» өрнектерінің бірін жүргізеді.

**Үзбелі білезік.** Шығыр, доғабас, ілмек тәрізді етіп соғып бөлек-бөлек күмістерден жасаған білезікті «үзбелі білезік» дейді. Күмістен, алтыннан үзбелеген осындай білезіктерді қолсағаттың бауы есебінде де пайдаланады.

**Топсалы білезік.** Ортасынан екіге қайырып ашуға, екі басын топса арқылы түйістіріп жабуға болатын білезікті топсалы білезік дейді. Топсалы білезіктің топсасы өте биязы және өрнек мәнерімен үйлеседі де, сырт қарағанда білінбей тұрады. Білезіктің екі басы ілмек, тиек арқылы жалғасады. Соңғы кездегі жаңашыл шеберлер топсалы білезікті қолсағатпен қоса жасап өрнектеп жүр.

**Қолқа білезік.** Шұжық тәрізді жұмыр, бірақ іші қуыс білезік. Соған қарай оны кей облыстарда «шұжық білезік» деп те атайды. Ол өте жеңіл, әдемі болады. Оны кейде салдар мінетін аттардың аяқтарына да салатын болған.

Сонымен, зергерлік өнердің ең басты әшекейлерінің бірі ою-өрнектер болып табылады.

## IV ТАРАУ. ОЮ-ӨРНЕКТЕР БОЙЫНША ПРАКТИКАЛЫҚ ТАПСЫРМАЛАР

### 4.1. Семинар және зертханалық сабақтардың тақырыптары мен тапсырмалары

Семинарлар мен зертханалық сабақтарға даярлық барысында әрбір студент мынадай тапсырмаларды:

- ою-өрнек өнері бойынша әдебиеттерді оқып-білуге;
- ою-өрнек өнерінің мазмұны мен ерекшелігіне қатысты бір-бір реферат даярлауға;
- ою-өрнек үлгілерін меңгеру бойынша практикалық тапсырма орындауға міндетті.

#### **Семинар мен сабақтардың тақырыптары.**

*1-сабақ* (семинар). Қазақ ұлттық ою-өрнектерінің тарихи дамуы – 2 сағат.

*2-сабақ* (семинар). Қазақ ұлттық ою-өрнек өнерінің танымдық мәні – 2 сағат.

*3-сабақ* (семинар). Қазақ ұлттық ою-өрнектерінің мазмұны – 4 сағат.

*4-сабақ* (семинар). Тоқыма бұйымдарында қолданылатын ою-өрнек үлгілері – 2 сағат.

*5-сабақ* (зертханалық). Зергерлік өнерінде кездесетін ою-өрнек түрлері – 2 сағат.

*6-сабақ* (зертханалық). Қазақ ұлттық киімдерінде ою-өрнектің қолданылу ерекшелігі – 2 сағат.

*7-сабақ* (семинар). Қазақ ұлттық ою-өрнектерінің жіктелімі – 4 сағат.

*8-сабақ* (зертханалық). Қазақ ұлттық ою-өрнектерінің ерекшелігі – 2 сағат.

*1-сабақ*. Қазақ ұлттық ою-өрнектерінің тарихи дамуы (семинар) – 2 сағат.

**Жоспары:**

1. Қазақ ұлттық ою-өрнек элементтерінің пайда болуы.
2. Қазақ ұлттық ою-өрнектерінің қалыптасып, дамуына әсер еткен факторлар.
3. Қазақ ұлттық ою-өрнектерінің тарихи кезеңдерге сай дамуы.

*Әдебиеттер тізімі беріледі.*

**2-сабақ.** Қазақ ұлттық ою-өрнек өнерінің танымдық мәні (семинар) – 2 сағат.

**Жоспары:**

1. Ою-өрнек – ой нышаны.
2. Ою-өрнек – халық дүниетанымының көрінісі.
3. Ою-өрнек – салт-дәстүрлер елесі.
4. Ою-өрнек – әсемдік белгісі.
5. Ою-өрнек – шеберлік сыншысы.

*Әдебиеттер тізімі беріледі.*

**3-сабақ.** Қазақ ұлттық ою-өрнектерінің мазмұны (семинар) – 4 сағат.

**Жоспары:**

1. Қазақ ұлттық ою-өрнектерінің мағыналық ерекшеліктері.
2. Қазақ ұлттық ою-өрнектерінің бояу түсіне байланысты ерекшеліктері.
3. Қазақ ұлттық ою-өрнектерінің құрылымдық ерекшеліктері.
4. Қазақ ұлттық ою-өрнектерінің басқа елдер ою-өрнектеріне байланысты ерекшеліктері.

*Әдебиеттер тізімі беріледі.*

**4-сабақ.** Тоқыма бұйымдарында қолданылатын ою-өрнек үлгілері (семинар) – 2 сағат.

**Жоспары:**

1. Текемет басуда қолданылатын ою-өрнек түрлері.
2. Сырмақтарда қолданылатын ою-өрнек түрлері.
3. Түскиіздерде қолданылатын ою-өрнек түрлері.
4. Кілем тоқуда қолданылатын ою-өрнек түрлері.

5. Олардың өзара ұқсастығы мен айырмашылығы.  
*Әдебиеттер тізімі беріледі.*

**5-сабақ.** Зергерлік өнерінде кездесетін ою-өрнек түрлері (зертханалық) – 2 сағат.

**Жоспары:**

Зертханалық жұмыс аудиториядан тыс «Пікірсайыс» сабағы түрінде өткізіледі. «Пікірсайыс» мынадай мәселелер төңірегінде болады.

1. Зергерлік бұйым заттарына нелер жатады?

2. Қыз-келіншектердің әшекей бұйымдарына (шолпы, білезік, жүзік, сырға, алқа, т.б.) қандай өрнектер салынады? (Оларға қатысты аңыз, әңгіме, ертегі, салт-дәстүр, әдет-ғұрып айтылады).

3. Зерлеу әдісімен ерлерге арналған қандай зат, бұйымдар жасалады? Оларға қандай өрнектер салынады?

4. Зергерлік өнерінде қолданылатын әдіс-тәсілдерді білесіз бе?

5. Қандай белгілі зергерлерді білесіз және олардың жасаған бұйымдарын атай аласыз ба?

Соңынан көрме немесе қазақ ою-өрнектеріне арналған журнал, кітап, альбомдардағы зергерлік бұйымдарға, ондағы өрнектерге талдау жасалады.

**6-сабақ.** Қазақ ұлттық киімдерінде ою-өрнектің қолданылу ерекшелігі (зертханалық) – 2 сағат.

**Жоспары:**

Мына сұрақтар төңірегінде дайындалып келуге алдын ала тапсырма беріледі.

1. Қазақтың ұлттық киімдерінің түрлері.

2. Қазақтың ұлттық ою-өрнектерінің мотивіне қарай топтастырылуы.

3. Қазақ ұлттық киімдерінде қолданылатын ою-өрнек түрлері және олардың атаулары.

4. Қазақ ұлттық киімдеріне ою-өрнектерді салу техникасының түрлері:

а) жапсырма;

ә) біз кесте;

б) тығыз кесте;

в) ришелье.

«Сымбат» сән академиясының сән театры мұражайына экскурсия жасалады. Ондағы киімдер мен оларға салынатын ою-өрнектердің ерекшеліктері түсіндіріледі. Үй жұмысына жапсырма әдісімен киімге ою-өрнек әшекейлеп келу (фрагмент) тапсырылады.

**7-сабақ.** Қазақтың ұлттық ою-өрнектерінің жіктелімі (семинар) – 4 сағат.

**Жоспары:**

1. Өнерде бейнеленген зат, құбылыс түрі табиғи атына сай келетін ою-өрнектер.

1.1. Жан-жануар, аң-құс тектес ою-өрнектер.

1.2. Аспан әлеміне байланысты ою-өрнектер.

1.3. Өсімдік, жер, су бейнелі ою-өрнектер.

1.4. Тұрмыстық заттарға қатысты ою-өрнектер.

1.5. Аралас ою-өрнектер.

2. Өнерде бейнеленген зат, құбылыс түрі табиғи атына сәйкес емес, әр түрлі себептерге байланысты аталған ою-өрнектер.

2.1. Тоқылу, жасалу ерекшелігіне, іс-тәсіліне қатысты ою-өрнектер.

2.2. Аумақ, ұлт, ру атымен байланысты ою-өрнектер.

2.3. Ру, ел таңбаларына қатысты ою-өрнектер.

2.4. Затқа, бұйымға орналасуына байланысты.

2.5. Салыну жағдайына қатысты.

*Әдебиеттер тізімі беріледі.*

**8-сабақ.** Қазақ ұлттық ою-өрнектерінің ерекшелігі (зертханалық) – 2 сағат.

**Жоспары:**

Зертханалық сабақ мұражайларда өткізіледі. Студенттер Қазақстанның белгілі майталман шеберлерінің қолөнер туындыларымен танысады. Әр шебердің өзіндік дара қасиеттерін атап көрсетеді. Қолөнер бұйымдарын түрлеріне, тарихи дәуірлеріне қарай саралап талдайды. Әр бұйымда бейнеленген ою-өрнектердің ерекшеліктерін баяндайды. Әрбір өрнектің қолданылу ретін, ор-



нын анықтайды. Ою-өрнек үлгілерін өзара салыстырады. Студенттер мұражайдағы қолөнер бұйымдарынан, оның ішінде ою-өрнек өнерінен алған әсерлері жөнінде мазмұнды шығарма жазады. Зертханалық жұмысқа даярлық барысында қажетті әдебиеттер ұсынылады.

## 4.2. Практикалық тапсырмалар

**1-тапсырма:** Аяққаптың материалда орындалуы.

Аяққап – ыдыс-аяқ салатын, киізден жасалатын әшекейлі дорба. Осы дорба біртүсті биязы, жұқа жүнді топтағы маталардан немесе біртүсті жұқа драптардан жасалады.

Оны дайындап жасау үшін мынадай тапсырмаларды бірізділікпен орындау қажет:

1. Дорбаның өлшемдері анықталады және екі бірдей жартысы пішіледі.

2. Дорбаға өрнектелетін әшекейдің типі және жасалу техникасы анықталады.

3. Дорбаға әшекейленетін ою-өрнек («қошқармүйіз» оюы пайдаланылады) табиғи мөлшерінде қағаз бетіне орындалады, сонан соң дорбаның пішілген бір жартысына көшіріледі.


4. Ою-өрнекті жасау үшін дорбаның негізгі матасының түсіне қарсы түсті мата (жүнді, шұға) таңдалады. Берілген сурет бойынша ою-өрнек элементтері қиылды және пішілген жартысына жапсыра қойылады. Содан соң 22-класс машинасымен негізгі матаға ою-өрнектің шетімен бастыра тігіледі.

5. Ою-өрнек контуры бойынша баумен айналдыра жиектеледі, сондай-ақ 22-класс машинасымен бастыра тігіледі немесе қарсы түсті жіптермен «ирек» тігіспен бекітіледі.

6. Дорбаның жартысы бетіне беті қаратылып 1 см тігіспен сырып тігіледі. Содан соң өңіне айналдырады және оң жағынан жіптің артығын жасырып тұратын өрлі тігісті жүргізеді.

7. Дорба шеті дайын жиек өрімімен шеттіктелуі мүмкін немесе бұйымды аса сәнді көрсету үшін дайын шашақты ызбамен бастыра тігіледі.

8. Осы матадан дорбаның аспа бауын жасауға болады немесе дайын бауды алып, оның ішкі жағына екі бүйірінен қосып тігеді.



*Аяққап*

**2-тапсырма:** Текеметті дайындау.


1. Текемет екі түсті немесе бір-біріне жақын үйлесетін түсті драп немесе шұға типті мата алынады.

2. Суреттің көлемі мен шеті белгіленеді.

3. Ою-өрнек табиғи мөлшерінде орындалады. Зооморфтық стильдегі өрнек таңдалады. Ою-өрнек элементтері қиылады және негізгі матаға салынады.

4. Ою-өрнек элементтері 0,2-0,3 тігіспен, контуры бойынша 22-класс машинасымен бастыра тігіледі. Жіптің артығы әрлі сәндік баумен сурет контуры бойынша 22-класс машинасымен бастыра тігіледі. Суреттің периметрі бойынша шетін сурет жиегінен бөлекте отырып, дәл сондай әдіспен бау жүргізіледі.

5. Содан соң текеметтің үстіне іштікпен біріктіріледі. Іштік үшін кез келген мақта матасы қолданыла береді.



*Текемет*


**3-тапсырма:** Сәндік жастық-көрпешелерді құрақ құрау техникасы бойынша дайындау.

1. Сәндік жастықтарды дайындау үшін әр түрлі түстегі немесе суретті астарлық маталардың, шыттың, жібектің қиық-қалдықтары пайдаланылуы мүмкін.

2. Құрақтарды құрастырып тігу үшін суреттің модулі таңдалады. Геометриялық формалардың модулі: шаршы, үшбұрыш, ромб және т.б.

3. Таңдалған модуль мен жастықтың өлшемі бойынша (50x50 см) сырып тігіледі.

4. Жастықтың негізгі оң беті астармен жөрмеледі, өңіне айналдырылады. Сырып тігілгенде қалдырылған саңылау арқылы жастықтың екі мата орталығы синтепонмен немесе күспе қалдықтарымен толтырылады. Содан соң қалдырылған саңылау қолмен жасырып тігіледі.



*Сәндік жастық-көрпеше*

#### 4-тапсырма: Рефераттық тақырыптар.

1. Қазақ ұлттық ою-өрнек өнерінің мазмұндық сипаттамасы.
2. Қазақ ұлттық ою-өрнек өнерінің шығуы және даму тарихы.
3. Ою-өрнек өнері – эстетикалық түйсік-талғамның негізі.
4. Космогониялық ою-өрнектердің дүниетанымдық мәні.
5. Қазақ ою-өрнектерінің Орта Азия халықтары өрнектерімен ұқсастығы және олардың өзгешелігі.
6. Қазақ ою-өрнектерінің дамып, қалыптасуына әсер етуші факторлар және оны оқып-білудің маңыздылығы.
7. Киіз басу, кілем тоқу өнерінде қолданылатын ою-өрнек түрлері.
8. Қазақ ұлттық ою-өрнектерінің зергерлік өнерде қолданылуы.
9. Қазақ ұлттық ою-өрнектерінің киімдерге салыну техникасы.
10. Ою-өрнектердің ағаштан жасалатын бұйымдарда қолданылуы және т.б.
11. Ою-өрнек өнерінің қолданылу ерекшелігі.
12. Ою-өрнек өнері және салт-дәстүрлер.
13. Ұлттық киімдерге әшекейленетін ою-өрнектер.
14. Ою-өрнек өнері мен шығармашылық әрекет.

#### 5-тапсырма: Ою-өрнек үлгілерін ел ішінен жинау.

Ауылдық жерлерде тұратын студенттерге жазғы демалысқа шығар алдында, өз ауылдарындағы көнекөз қарт-қариялардан ою-өрнек өнеріне қатысты материалдар жинап алып келу тапсырылады. Олардың төмендегідей сұрақтарға жауап алу қажеттілігі көрсетіледі:

1. Ою аттары.
2. Нендей затқа немесе киімге салынады?
3. Аңызы, шығу сыры.
4. Қандай тілек, символикасы бар?
5. Хабар берген адам, өңір туралы деректер.
6. Жергілікті шаруашылық ерекшелігі тудырған оюлар.
7. Көрші елдермен рухани достық.

## У ТАРАУ. ҚОСЫМШАЛАР

### 5.1. Ою-өрнек әлеміне саяхат (тақырыптық кештің үлгісі)

**Мақсаты:** Студенттердің қазақ ұлттық ою-өрнек өнеріне дұрыс көзқарасын қалыптастыру.

Даярлық жұмыстары:

1. Қазақ ұлттық ою-өрнек өнерінің дамуын көрсететін кесте.

2. Ою-өрнек өнеріне қатысты әдебиеттер көрмесі.

3. Студенттердің күшімен жасалған ою-өрнек өнерінің көрмесі.

4. Қазақ ұлттық ою-өрнектерінің тарихи дамуын айғақтайтын тарихи бұрыш.

5. Ою-өрнек өнеріне қатысты дәйексөздер мен мақал-мәтелдер жазылған плакаттар.

Қатысушылар ролінде студенттер:

1. Жүргізуші.

2. Тарихшы.

3. Этнограф.

4. Өнер зерттеушісі.

5. Әдебиетші.

6. Ою-өрнек шебері.

7. Тыңдаушылар.

**Кештің барысы.**

**Жүргізуші:** Қазақ ұлттық ою-өрнек өнері – қазақ жерін мекендеген көшпелі тайпалар өнері әсерімен ғасырлар бойы қалыптасып, белгілі бір жүйеге келген ұлттық ою-өрнек үлгілері. Осы ою-өрнек үлгілерінен сол кезеңнің кескін-келбеті елестейді, әсемдік болмысы, салты, әдет-ғұрпы, тіршілігі, тіпті көңіл күй сезімі айқын көрінеді. Қазақ ұлттық ою-өрнектерінің түрі сан

алуан, атауы ғалымдардың айтуынша, 200-ге жуық. Әрине, бір күнде барлық өрнек түрлерімен жете таныстыру өте қиын. Сондықтан қазір біз сіздермен бірге белгілі бір ою-өрнектерге саяхат жасаймыз («қошқармүйіз», «тау», «су», «тұмар», «гүл» ою-өрнектері көрсетіледі).

**Этнограф:** Қазақ ұлттық ою-өрнектерінің ең байырғы түрлерінің бірі – «қошқармүйіз» (суреті көрсетіледі) мал шаруашылығымен айналысқан көшпелі халықтың өмір салтымен байланысты туған. Бұл – киелі ою. Өйткені, қошқар байырғы ұғымда киелі, себебі төрт түлік мал тіршілік тірегі еді. Олардың тұқым жаратушылары ұдайы кие тұтылады. Қошқар ата, Ойсыл қара, Зеңгі баба, Қамбар ата, Сексек ата – қойдың, түйенің, сиырдың, жылқының, ешкінің пірлері. Күні бүгінге дейін бейіттерімізде қойтас мүсіні бар. «Қошқармүйіз» оюы – байлықтың, молшылықтың символы.

**Тарихшы:** Иә, дұрыс айтасыз. Жалпы қазақ ұлттық ою-өрнек өнерінің шығу тегі тас дәуіріне саяды. Ал «қошқармүйіз» оюының байырғы өрнек екендігін Орталық Қазақстанның үлкенді-кішілі Нұра, Талды, Шерубай өзендерінің жағалауларынан табылған андроновтық тайпалардың қолөнер бұйымдары дәлелдейді. Егер андроновтықтар бұл оюмен ыдыс-аяқ бетін әшекейлеген болса, қазақтар негізінен кілем, тұскиіз, текемет, сандық, ағаш төсектерді өрнектеген (суреттер салыстырылып көрсетіледі).

**Өнер зерттеушісі:** Міне, осы ежелден келе жатқан оюдың бүгінгі күнге дейін ұласып келуіне тағы бір себеп – оның бояу түсі мен құрылысының үйлесімділігінде, тепе-теңдігінде, өрнектерінің әсемдігі мен өзіне тән композициялық ерекшелігінде (тақтаға сызып көрсетіледі).

**Шебер:** Иә, сіздер айтқандай, ою-өрнектердің ерекшеліктерін сақтап, оларды толықтыра, әсерлендіре, әсемдей түсу, күрделендіріп отыру шебердің білімдарлығына, ойлылығына, талғамына тікелей байланысты. Сондықтан да «қошқармүйіз» оюының негізінде бұйым-

дардың шетіне, жиегіне салуға ыңғайлы «сыңармүйіз», «қосмүйіз», ортасына қолайлы «төртмүйіз», «қырықмүйіз», т.с.с. ою түрлері пайда болған (бұйымдардан өрнек түрлері көрсетіледі).

**Жүргізуші:** «Қошқармүйіз» оюы, ғалымдардың топтастыруынша, жан-жануар тектес оюлар тобына жатады. Ал бұдан басқа да өсімдік тектес ою түрлері бар, енді соның бір түріне тоқтала кетсек дейміз.

**Тарихшы:** Өсімдік тектес оюлардың ең байырғы түрі – «төрт жапырақты гүл» ою. Бұл өрнектің бастапқы түрлерін біздің заманымыздан бұрынғы екінші мыңжылдықта Пазырық қорғанынан табылған кілемдер, құмыралар, т.б. әшекей заттардан көреміз (суреттері көрсетіледі).

**Этнограф:** «Гүл» оюы да киелі ою. Өйткені байырғы ұғымда өсіп-өнетін табиғат дүниесін кие тұту, олардың да жаны бар деп қабылдау сенімі басым еді. Төрт жапырақтан тұратын «гүл» ою дүниенің төрт торабын білдіреді.

**Өнер зерттеушісі:** Иә, өте орынды айттыңыз. «Гүл» оюларының өзінде халықтың дана ойы жататынын мынадан көруге болады (суретті көрсетіледі). Гүл мен гүл түйнегінің айқаса бірігіп салынуы бірлікті, елдің ынтымақты болуын мегзейді. Сондықтан да қолөнерге қатысты еңбектерде әрбір ою-өрнектің өзіне тән мазмұны бар деп бекерге айтылмаған.

**Жүргізуші:** Мына (суретін көрсете тұрып) үш бұрышты оюды біреулер «тұмар» ою десе, біреулер «тау» ою дейді. Әдебиеттерге терең үңілсек, екі оюдың да атауы кездеседі, сонда бұларды біз қалай ажыратамыз?

**Өнер зерттеушісі:** Біріншіден, «тау оюы» үзілмей, бір-біріне жалғаса бейнеленеді. Яғни, бейнелеуіне қарай ұласпалы ою-өрнектер тобына жатады. Ал «тұмар» оюы бөлек-бөлек аяқталған үшбұрыш формасында өрнектеледі.

**Этнограф:** Екіншіден, «тау» оюы мәңгіліктің, күшқұдіреттің символы болса, «тұмар» ою көз, тілден сақтайды, туған жер желеп-жебейді деген ұғымды білдіреді. Сондықтан «тау» оюы көбінесе ер адамдардың



тақия, шапан, шалбарларының жиектеріне салынса, «тұмар» ою қыз-келіншектердің жасауларына, балалардың киім-кешектеріне әшекейленеді.

**Тарихшы:** «Қошқармүйіз», «тау», «гүл», «тұмар» оюларынан басқа өте ертеде пайда болған өрнектің бірі – «су» оюы. Ол сақ, ғұн, үйсін тайпаларының тастан, сүйектен, керамикадан жасалған бұйымдарының (құмыра, ыдыс-аяқ) жиектеріне бейнеленген. Бертін келе жүннен жасалатын бұйымдардың да жиек, шеттеріне салынып, дами түсті.

**Өнер зерттеушісі:** «Су» оюы иректеліп бейнеленетіндіктен «ирек» оюы деп те аталынып, геометриялық ою-өрнектер тобына жатады (әр түрлі бұйымдардан, альбом, кітаптардан «су» оюының бейнелері салыстырып көрсетіліп, өзіне тән бейнелеу ережелері айтылады).

**Этнограф:** «Су» оюы да киелі ою. Өйткені су – ертедегі ұғымда киелі аналардың бірі. Олай дейтініміз: ертедегі адамдардың ұғымында дүниенің жаратылуына төрт зат негіз болған: от, су, ауа, тау. Көне түркі жазбаларында кездесетін «от ана», «су ана» деген тіркестер біздің бұл ойымызды айғақтай түседі. Қазақтар арасында осы күнге дейін ауырған адамдарды сумен ұшықтайды. Оның үстіне «суға түкірме» деген қағида да бекерге айтылмаған. Ал қолөнердегі «су» оюы өмір жолының символын білдіреді.

**Әдебиетші:** Айтқан әңгімелеріңіз өте орынды. Қазақтардың ертедегі аңыз-жырларында, мақал-мәтелдерінде қолөнер, оның ішінде ою-өрнек өнеріне қатысты тіркестердің, мәселен: «қыздың сырған сырмағындай», «текеметтің түріндей, гүліндей», «өрнегіне қарай өрмегі», «өз үйінде ою оймаған – кісі үйінде сызу да сыза алмас», т.с.с. жиі кездесуі тектен-тек емес. Мұндай тіркестер жан біткенді әсемдікке құштар етіп, өнерді сүйіп, құрметтей білуге талпындырады әрі бұл өнер түрін меңгеру қажеттігін, оның пайдасын көрсетеді. Сөзім дәлелді болу үшін ою-өрнектің қыр-сыры мол, алуан қасиетке ие екендігін аша түсетін бір ертегіні айтып берейін (Қазақтың халық ертегісі – «Өнердің күші»).

**Өнер зерттеушісі:** Тағы бір айта кететін жайт, жалпы ою-өрнек өнерінде түр-түстің атқаратын рөлі күшті. Олардың әсем де әсерлі көрінуіне себепші тәсілдің бірі – түр-түсті орынды қолдана білуде.

**Этнограф:** Иә, оның үстіне әр халықта бояу түсі әр түрлі бағаланады. Мәселен, қазақ халқының қолөнерінде ақ түс жиі қолданылады. Ақ түс – шындық, қуаныш, бақыттың нышаны. Қазақ халқының тұтыну құралы мен тағам түрлерінде ақ мол кездеседі. Мәселен, сүт түсі ақ, ағарған деп аталады. Қазақ түрлі ауру-сырқау, бөле-жаланың бәрі де ақпен тазарады деп ұғынады. Адам өмірінің ұзақ болуы, елдің амандығы, халық тыныштығы, тағы басқа игі тілектері ақ ұғымымен байланысты болған. Оның ішінде қазақ сөздерінде жиі қолданылатын «ананың ақ сүті, көңілің ағарсын, ақ дидар, ақжарқын, ақ отау, ақ қайың, ақселеу» тіркестерінің белгілі бір мақсаттан, қажеттіліктен туғаны аян. Немесе ертеде қазақтардың басты адамын ақ киізге орап хан көтеру, тіпті құрбандыққа шалынатын малдың да ақ болғаны дұрыс деп түсінуі белгілі бір нанымнан, ақ ұғымын қадірлеуден шыққан. «Ақ түйенің қарны жарылды» деген қанатты сөз де үлкен мерекелерде айтылады. Сондай-ақ, қазақта құйрығында ақ қылы бар жылқылар құтты саналып сатылмайды, ешкімге берілмейді, себебі сол малмен құт-береке кетеді деп түсінген.

**Өнер зерттеушісі:** Сол сияқты қазақтардың ұғымында басқа бояу түстерінің де орны айрықша. Мысалы, көк – аспанның, қызыл – оттың, сары – сабырдың, ақылдың, қара – жердің, жасыл – көктемнің, жастықтың символы. Бұдан түр-түстің ою-өрнек өнерінде күрделі рөл атқарғанын, ондағы ой мен идеяны бейнелеу арқылы болмыс пен шындықты көрсетуде өзіндік шешім табатынын байқаймыз. Мәселен, қызыл, көк, жасыл түсті «гүл» ою-өрнегі аққұрға салынып жиі қолданылады. Мұнысы – «аспанымыз ашық, күніміз жарық, еліміз бақытты болсын» деген халықтың арман-тілегі.

**Жүргізуші:** Сөзімізді қорытындылай келе, ою-өрнектердің туып-қалыптасуына әлеуметтік жағдай («қошқармүйіз», т.б.), табиғат («тау», «су», «гүл», т.б.),

салт-дәстүр («тұмар, т.б.) әсер еткен демекпіз (алдын ала даярлаған кесте, мәселен, қошқар мүйізінің суреті – «қошқармүйіз» оюы, таудың суреті «тау» ою, т.с.с. түсіндіріледі).

Тыңдаушылар тарапынан сұрақтар болса, жауаптар беріледі.

**Үй жұмысы:** Студенттерге осы кештен алған әсерлері бойынша шығарма жазу тапсырылады.

## 5.2. «Оюмен түстік жарысқа» (сыныптан тыс тәрбие жұмысының үлгісі)

**Сайыстың тақырыбы:** «Оюмен түстік жарысқа».

**Сайыстың мақсаты:** Оқушыларды қазақ ұлттық ою-өрнек өнерінің ерекшеліктерімен таныстыру, төл мәдениетін қастерлеуге баулу және олардың ұшқыр ой, әсемдік талғам, біліктілік, шеберліктерін дамытуға ықпал ету.

**Көрнекі құралдар:** Кітап көрмесі, плакаттар, қол-өнер бұйымдары, таспа табақтар.

**Қатысушылар:** Студенттер мен мектеп оқушылары, көрермендер.

**Сайыстың жоспары:**

1. Кіріспе сөз.
2. «Атымда менің сырым бар» екі топтың сәлемдесуі.
3. «Кім білгір?» (викториналық сұрақтар).
4. «Ою-жұмбақ» байқауы.
5. «Кім шебер?» (3 бөлімнен тұрады). Оюды қию, құрастыру, суретін салу.
6. «Ою өнмен әсерлі» (өн байқауы).
7. Қорытынды сөз.

**Сайыстың барысы:** Сайыстың бетпердесін Тәттімбеттің «Сылқылдақ» күйі ашады.

Кіріспе сөз.

*Жүргізуші* Т. Нұртазаев: – Құрметті қонақтар! Қымбатты балалар!

Қазақ ұлттық мәдениетінің ең байырғы, аса құнды саласының бірі – қолөнер, оның ішінде ою-өрнек

өнерінің алар орны ерекше. Ғұлама ғалым Әлкей Марғұланның: «Қазақтар ою-өрнек әлемінде өмір сүреді», – деп айтқанындай, қазақ халқын айнала қоршаған зат, бұйымдардың қай-қайсысын алып қарасаңыз да, кез келгенінен ою-өрнек өнерінің элементтерін көресіз. Сол ою-өрнектер әсемдік пен сәнділіктің белгісі ғана емес, сонымен бірге халықтың арман-ойының, тілек-мүддесінің нышаны, осы тұрғыдан алып қарағанда ою-өрнектердің мазмұндық ерекшеліктері сан алуан.

Біз бүгінгі «Оюмен түстік жарысқа» атты сайыста ою-өрнектердің бірқатар ерекшеліктерін көрсеткіміз келеді. Сол себепті, құрметті қауым, аса назар аударарыңызға, зер сала зейін қойып тыңдаңыздар!

Жүргізуші көрермендерді қазылар алқасымен таныстырып өтеді.

*Жүргізуші:* – Қазір мен бүгінгі сайысқа қатысушы екі топты ортаға шақырамын (күйтабақтан әуен естіледі: Түркеш, «Көңілашар»). Соның әуенімен екі топ екі жақтан ортаға шығады).

Көпшілікпен танысуымызды сәлемдесуден бастайық. «Атымда менің сырым бар» деп аталады. Байқаудың шарты – топ атының мән-мағынасын ашу. Біз, ең алдымен қай топтың бірінші бастайтынын анықтап алайық. Ол үшін екі топтың басшылары шықсын. Әр топ басшысы сахнадағы тақтаға жапсырылған өрнектің біреуін таңдайды. Әрбір өрнек нөмірленген. Кімнің нөмір саны кем болса, сол топ байқауды бірінші бастайды.

Әсеттің нөмірі кіші болып «Шеберлер» тобы байқауды бастады (әр топта 9 бала). Олар «қошқармүйіз» сияқты екі жаққа иіріліп тұра қалды.

*Әсет:* – Қазақ халқының қолөнер түрі өте көп. Атап айтсақ:

*Гүлнара:* Зергерлік.

*Дидар:* Ағаш ұқсату.

*Марат:* Мүйіз ұқсату.

*Ғалия:* Кілем тоқу.

*Әсем:* Киіз басу.

*Жібек:* Ши тоқу.

*Бақтияр:* Алаша тоқу.

*Қамар:* Кесте тоқу.

(Әр бала өнер түрін атағанда суретін көтеріп көрсетеді).

*Әсет:* – Осы өнер түрлеріндегі, мәселен, балқыту, жону, тегістеу, қию, түту, сабау, су құю, білектеу, тебу, тоқпақтау сияқты іс-қимылдарын кез келген адам бір көргеннен жасай алады. Ал бұл бұйымдарға өрнекті аса шебер адам ғана түсіреді. Демек, қазақ халқының қол-өнер шебері ою-өрнек өнерінде нағыз сынға түседі. Ал біз бүгінгі «Оюмен түстік жарысқа» атты сайыста өзімізді «өнері асқан шебер» ретінде көрсеткіміз келеді.

Сондықтан да біздің топ – «Шеберлер» (бәрі).

*1. Қамар:*

– Шебер біздің әжеміз,  
Шебер біздің бабамыз.  
Шебер болған көкеміз,  
Біз де шебер боламыз.

*2. Ғалия:*

– Бұйымдар мен заттарды  
Сәндеу үшін көрнекті.  
Қиын да болса қиналмай,  
Мен де үйрендім өрнекті.

*3. Жібек:*

– Оя алсаң ою әдемі,  
Үйлессін оған көлемі.  
Бояуымен үндескен,  
Ою әсем түр-түспен.

*4. Бақтияр:*

– Сәлем беріп «Жұлдызға»,  
Топтағы бар ұл-қызға.  
Тек сәттілік тілейміз,  
Озсын самғап шың-құзға.

*5. Дидар:*

– Оюмен ой бөлісіп,  
Өзіңді таныт, қалыспа.  
Шат көңіл, күлкі, қуаныш,  
Достық жеңсін жарыста.

Оқушылар қолдарына ұстаған ою элементтерінен «Жұлдызша» өрнегі болып отыра қалады.

*Жүргізуші:* – «Шеберлер» тобына үлкен рахмет. Енді ортаға «Жұлдызша» тобын шақырамыз.

Киімдеріне жұлдыз өрнегі өрнектелген «Жұлдызша» тобы ортаға шыға келіп, жұлдыз өрнегінің басқы бөлігін елестететіндей қалыпта тізіліп тұрады.

Топ басшысы *Нұрлан:* – «Жұлдызша» – қазақ халқының байырғы өрнек белгілерінің бірі. Өйткені ою-өрнектер тек көркемдік, сәндік үшін ғана қолданылмаған, олар шартты бейнелер арқылы халықтың өмірге деген талпыныстарын да танытқан. Мәселен, найзағайдың жарқылдауы, күннің күркіреуі, қардың, жаңбырдың не себептен болатынын түсінбеген қазақ халқы күнді, айды, жұлдызды, аспанды керемет күш деп біліп, сол күштерге сыйынған. Компастың, сағаттың шықпаған кезінде қазақтар бағытты, уақытты күннің, айдың, жұлдыздың қозғалысына қарап болжап білген. Ертедегі осындай білімдер, болжаулар қазақтың космогониялық өрнектерінде көрініс тапқаны белгілі.

Ал, біз бүгінгі сайыста аспан биігінен жарқырап көрініп, қарсыластарымызға, қонақтарға жұлдыз нұрын төгейік, қазақ ұлттық ою-өрнек түрлері де сансыз жұлдыздардай көбейіп, түрлене берсін, ешқашан да жарық сөнбесін деген ниетпен тобымызды «Жұлдызша» деп атадық.

*1. Айгүл:*

– Ерте халық өнерінде,  
Өрнек болған жұлдызша.  
Одақтық Кеңес кезеңінен  
Белгі болған жұлдызша.

*2. Сара:*

– Өнердегі жұлдызша,  
Танытқан халық танымын.  
Оқушы таққан жұлдызша  
Көрсетер оқу талабын.

3. Асан:

– Жұлдызды тақты атам да,  
Болып Ері еңбектің.  
Жұлдызды тақты анам да,  
Өсіріп он бір бөбекті.

4. Құндыз:

– Ою-өрнек өнерін,  
Жарыстырған ордаға.  
Өнерді сүйген ұл-қызға,

Бәрі: Жалынды сәлем,  
«Жұлдыздан!!!»

5. Ақбота:

– Ою ойып оймақты,  
Шеберлікті шыңдайық.  
Білгір болып білікті,  
Жұлдыз жанбай, тынбайық.

6. Фазыл:

– Оюмен түскен жарыста,  
Өрнектен жыр ғып достықты.  
Өрнектің туған анасы,  
Қолөнер ұтсын сыйлықты.

Жүргізуші қазылар алқасына сөз береді.

Жүргізуші: – Екінші байқау «Кім білгір?» деп аталады. Ою-өрнек бойынша сұрақтар беріледі. Екі топтан үш-үштен қатысушылар шығып, өздеріңізге таныс мына тақтадағы өрнектерді оң қаратып сұрақтың нөмірін таңдайсыздар.

«Жұлдызша» тобынан:

Сара: – Қазақ ұлттық ою-өрнектерінің бастапқы элементтері қай дәуірге саяды?

Қазақ ұлттық ою-өрнектері тас дәуіріне саяды (дұрыс).

Асан: – «Шет ою», «орта ою», «қолтық оюлары» қандай бұйымдарда кездеседі?

Түскиізде, кілемде, текеметте кездеседі (жартылай дұрыс).

Сәбит: – Қазақ ұлттық ою-өрнектерінің басқа ұлт өкілдерінің өнерінде кездесетін түрлері бар ма?

«Тұмар», «жұлдызша» оюлары өзбек, тәжік халықтарының өрнектерінде кездеседі (толық емес).

«Шеберлер» тобынан:

*Марат:* – Қазақ ұлттық ою-өрнектері мотивіне қарай қанша топқа бөлінеді?

Зооморфтық, космогониялық, өсімдік тектес, геометриялық (дұрыс).

*Әсем:* – «Қошқармүйіз» оюы қандай ұғымды білдіреді?

«Қошқармүйіз» оюы – байлықтың, молшылықтың, тоқтықтың белгісі (дұрыс).

*Гүлнәр:* – Зергерлік бұйымдарға қандай ою-өрнектер салынады?

Мәселен, жүзік, білезік сияқты әшекей бұйымдарға «құсқанат», «құсмұрын», «дөңгелек» (күн), «тұмар» оюлары салынған (дұрыс).

*Жүргізуші:* – Екінші байқаудың қорытындысын естірту үшін сөз қазылар алқасына беріледі (қазылар алқасынан бір адам шығады).

Келесі үшінші байқау «Ою-жұмбақ» деп аталады.

«Кел балалар, ойнайық,

Ойнайық та, ойлайық.

Қандай жұмбақ болса да,

Шешпей оны қоймайық» (Қ. Ыдырысов), – дегендей, екі топтың алдын ала бір-біріне арнап даярлаған ою-жұмбақтарын шешетін уақыт жетті. (Екі топ жұмбақтарын бір-біріне табыс етеді).

Жұмбақтардың шешімі дайын болғанша 8-сынып оқушысы Омаров Беріктің орындауында Тұрмағанбеттің «Жастарға» атты термесі тыңдалады.

«Шеберлер» тобының шешімі: «Жұлдызша» тобының даярлаған бұйымында «дөңгелек» оюы, оның ішінде бір қатар «құсқанат» оюы, екінші қатарда «қошқармүйіз» оюы салынып, бұйымның шеті «ирек» оюмен жиектелген. Мұндағы ирек – «су» оюы өмір жолын, дөңгелек – «күн» оюы жарық өмірді, «құсқанат» – еркіндікті, «қошқармүйіз» – молшылықты, тоқтықты, көк түс – ашық аспан, яғни бейбітшілікті білдіреді. Мұнда: «Біздің



еліміз тәуелсіздікті нық ұстап тұрсын. Елімізде молшылық, баршылық, бейбітшілік, бақытты өмір болсын», – деген арман-тілек жасырылған.

«Жұлдызша» тобының шешімі: «Шеберлер» тобы әр түрлі ұлт өкілдерінің кейбір өрнек түрлерін бір бұйымда бір-бірімен үйлестіре бейнелеген. Атап айтқанда, түрікмен, тәжік, өзбек, қарақалпақ халықтарының мүйіз өрнектері, орыс халқының күн тәріздес торлы өрнектері өрнектелген. Бұл: «Өнер – барлық халыққа ортақ», «барлық ұлт өкілдерінің достықтары жарасып, ынтымақтары арта берсін», – деген тілекті білдіреді.

Сөз қазылар алқасына беріледі.

*Жүргізуші:* – Төртінші байқау «Кім шебер?» деп аталады. Бұл байқау іштей үш бөлімнен тұрады.

1. Оюдың пішімін қию.

2. Екі топтың бір-біріне алдын ала даярлаған ою элементтерінен бүтін бір ою құрастыру.

3. Екі топтың бір-біріне алдын ала даярлаған (оюдың үштен бір бөлігі ғана салынған) өрнек суретін жалғастыру, аяқтап бітіру.

Байқаудың үш бөлімі де бір уақытта орындалады. Уақыты, эстетикасы, дұрыс жасалғандығы есептеледі.

Олар берілген тапсырманы орындап жатқанда, жүргізуші бұл сайысқа Қазақстанның домбыра шебері Ж. Тұрлығұловтың қатысып отырғанын айтып, оның өз қолымен жасаған домбырасын көрсетіп, домбыраға «тілің құстай сайрасын» деген тілекпен «құстандай» өрнегі салынғанын сөз етіп, қазір осы домбырада ән шырқалатынын хабарлайды.

Төртінші байқаудың қорытынды бағасын естіруге сөз қазылар алқасына беріледі.

Бесінші байқау – ән байқауы, «Ою әнмен әсерлі» деп аталады. «Жұлдызша» тобының орындауында «Киіз басу» халық әні, «Шеберлер» тобының орындауында «Айгөлек» әні (Н. Баймұхамедовтікі, әні Б. Байқадамовтікі) орындалады.

Қорытынды сөз қазылар алқасына беріледі.

Сайыстың жеңімпаздары анықталып, сыйлықтар таратылады.

Сайыстың соңында қолөнер шебері Дәркембай Шоқпарұлы, домбыра шебері Жолаушы Тұрлығұловтар оқушыларға дән ризашылықтарын білдіріп, өздерінің алғыс-тілектерін айтты.

Жұйтабақтан Құрманғазының күйі «Сарыарқа» шырқалады.

### 5.3. Сауалнамалар

#### 1-сауалнама:

«Ою-өрнек өнеріне бейімділігі» әдістемесі.

**Мақсаты:** Студенттердің ою-өрнек өнеріне қызығушылығын айқындау.

**Жұмыстың барысы:** Студенттерге төмендегідей сауалнаманың сұрақтарына жауап беру ұсынылады:

1. Сізге бейнелеу өнерінің қай түрі ұнайды?
  - кескіндеме;
  - сәндік-қолданбалы өнер;
  - мүсіндеу;
  - графика;
  - ою-өрнек өнері.
2. Сізге сәндік-қолданбалы өнердің қай түрлерінде кездесетін ою-өрнектер ұнайды?
  - киіз жасау;
  - тоқыма;
  - зергерлік;
  - ағаш ою;
  - архитектуралық.
3. Қазақ ұлттық ою-өрнектерінің қандай түрлерін білесіз?
4. Соның ішінде қай өрнек сізге ерекше ұнайды? Не үшін?
5. Соңғы бір жылда өнер мұражайларына қанша рет бардыңыз?
6. Ою-өрнек шеберлерінен кімдерді білесіз?
7. Ою-өрнек өнеріне қатысты жарық көрген кімдердің қандай еңбектерін білесіз?

8. Соңғы он екі айда сәндік-қолданбалы өнер көрмелеріне қанша рет бардыңыз?

9. Сәндік-қолданбалы өнерге қатысты арнайы сабақтарда сізге, әсіресе не ұнайды?

– ою-өрнектердің суреттеріне қарау;

– оқытушының ою-өрнектердің мазмұнын әңгімелеуі;

– ою-өрнектерді өз қолыңызбен жасап көріңіз;

– оқытушының ою-өрнектердің шығу тарихына байланысты айтқан аңыз-әңгімелері;

– ою-өрнектердің бояу түстерін тамашалау;

– қазақ ұлттық ою-өрнектерін басқа халықтар өрнектерімен салыстыру.

10. Соңғы он екі айда ою-өрнек өнеріне қатысты тақырыптық кештерге, сайыстарға неше рет бардыңыз?

11. Ою-өрнектерді көргенде, бейнелегенде қандай әсер аласыз?

12. Өзіңіз білетін ою-өрнектердің аттарын жазыңыз?

13. Ою-өрнек шеберлерінің қандай туындыларын білесіз?

14. Қай халықтардың ою-өрнектерінде ортақ ұқсастықтар бар?

**Алынған мәліметтерді өңдеу:** Студенттердің ою-өрнек өнеріне қызығушылығы сандық және сапалық көрсеткіштеріне қарай талданады. Сандық көрсеткіштері (1, 2, 5, 8, 9, 10-сұрақтар) «артық-кем» принципі бойынша сипатталады. Мәселен, студент мүсіндеу өнерін емес, ою-өрнек өнерін ұнатса, оның мүсіндеу өнеріне қарағанда ою-өрнек өнеріне қызығушылығы басым. Бұл қызығушылықтың сапасы әр түрлі болуы мүмкін: уақытты тиімді өткізу, ішкі сезім күйі, өзін, дүниені танудағы қажеттіліктерін өтеу, т.б.

Сапалық көрсеткіштер адамның көркемдік дамуының деңгейін көрсетеді (3, 4, 11, 12-сұрақтар), «жоғары-төмен» дәрежесімен бағаланады.

Екінші сапалық көрсеткіштер студенттің көркемдік қызығушылығының деңгейін білдіреді. Мысалы, студент бұл өнер түрінен көркемдік әсер алып қана қой-

май, оның қалай жасалатынын, шығу тарихын, өзіндік ерекшеліктерін, «қыр-сырын» түсінгісі келеді (6, 7, 13, 14-сұрақтар).

## **2-сауалнама:**

**Мақсаты:** Қазақ ұлттық ою-өрнек өнерінің бүгінгі таңда пайдалану жағдайын айқындау.

**Жұмыстың барысы:** Студенттерге төмендегідей сауалнаманың сұрақтарына жауап беру ұсынылады.

1. Болашақ тігін саласының мамандары, мұғалімдері қазақ ұлттық ою-өрнек өнерін меңгеруі тиіс деп ойлайсыз ба? Не үшін?

2. Сіздің факультетіңізде ою-өрнек өнеріне қатысты пәндер оқытыла ма?

3. Аудиториядан тыс жұмыстарда қазақ ұлттық ою-өрнек өнерін пайдаланасыз ба?

4. Қазақ ұлттық ою-өрнек өнері бойынша арнайы курс оқисыз ба?

5. Сіз оқыған мектепте қазақ ұлттық ою-өрнек өнеріне қатысты материалдар кеңінен пайдаланыла ма?

6. Сіз практика барысында қазақ ұлттық ою-өрнек өнерін пайдаландыңыз ба?

7. Егер пайдаланған болсаңыз, қандай мақсат тұттыңыз?

- бұйымды әшекейлеу үшін;
- бұйымға мазмұн беру үшін;
- бұйымға ұлттық нәр беру үшін.

8. Егер пайдаланбаған болсаңыз, оның себебі неде?

9. Қазақ ұлттық ою-өрнек өнерін бұйымдар дайындауда пайдалануға даярсыз ба?

10. Орта кәсіптік оқу орындарында студенттерге қазақ ұлттық ою-өрнек өнерін меңгертуді жақсарту бойынша сіздің қандай ұсыныстарыңыз бен тілектеріңіз бар?

#### 5.4. Қолөнерге байланысты атаулардың түсіндірме сөздігі

*Адарғы* – керілген желіні айқастыра белағаштан кейін орналасатын, күзулі мен күзусіз жіптердің арасында белағашпен қатар жатқан ағаш. Адарғы желінің шатысын түсіріп, өрмектің тоқылуында басты қызмет атқарады.

*Ақ құр* – сәндік үшін қызыл басқұрдың жоғары жағынан қатар керілетін, ені де, ұзындығы да қызыл басқұрмен жапсарлас, ақ желіге термелеп не түр шалып өрнек түсіретін құр.

*Алақұрт* – екі түсті түрден есіліп кілем тоқуда басталар басы мен бітер жерінен тақта жүргізілгеннен кейін өткізіліп, кей жерлерде «еспе» деп аталады.

*Алаша* – түрлі түсті мақта не жүн жіптен өрнек арқылы тоқылатын, үй ішіне төселетін төсеніш.

*Арқау* – тергіш пен өрнек терілгеннен кейін еркек жіп пен ұрғашы жіптің арасынан әрлі-берлі өткізілетін, қылышпен нығыздалуының арқасында түсірілген шатысты ұстап тұратын жіп. Арқауды өткізуді кейде «арқау ату» деп те атайды.

*Астарлау* – төсеніш яки жамылғы бұйымның астынан не ішкі жағынан жалаңдау матаны қоса жапсыра тігу.

*Аяқ* – белағашты көтеріп тұратын аша басты (айыр) ағаш. Белағашты аша басқа бекіту үшін екі ұшының астыңғы жағы кертіле ойылады.

*Басқұр* – киіз үйдің ішін сәндеу үшін керегелердің басын айналдыра орап (байлайтын) таңатын, өрнектелген жалпақ бау.

*Белағаш* – ұзын бойы екі шетінен қазыққа керілген желі жіптерді күзу арқылы байланыстырып тұратын көлденең ағаш. Кей аймақтарда бұл «арқалық» деп те аталады.

*Білектеу* – басылатын киіз пысып, қатаю үшін бірнеше адам қатарынан тізерлеп отырып алып білектерімен әрі-бері ырғап аунатып, ұрғылау әдісі.

*Бұқар теру* – Бұхара елінің өрнегін салып, терме алаша әдісімен тоқу.

*Екіжүздеме* – иінбау, алаша тоқуда қолданылатын желінің астыңғы жібін де, үстіңгі жібін де тек қолмен теріп тоқитын тәсіл.

*Еркек жіп* – өрмек тоқу үшін керілген желі жіптердің күзуде тұрған үстіңгі жіптері. Тағы бір аймақтарда мұны «ерсі жіп» деп те атайды.

*Есу* – қос жіпті не қос арқанды қарама-қарсы бағытта бұрау.

*Желбау* – киіз үйдің шаңырағын қатты жел аударып кетпес үшін шаңырақтан төмен бастыруға пайдаланатын, өрнектелген төгілме шашақты бау.

*Желі* – мал жүнінен немесе мақтадан бір тегіс иіріліп өрмек тоқу үшін керілген түрлі түсті жіптер. Кейде «төсек» деп те аталады.

*Жиектеу* – төселетін, тұтылатын бұйымның шеттерін сәндей түрлі жіптермен не еспемен бастыра тігу.

*Жөрмеу* – сырмақ сыруда ою қақырамас үшін не матадан кез келген бұйымды тіккенде теріс жағындағы ішкі тігістің жібі додаланбасын деген мақсатпен шетін ішке қайыра тігу.

*Жіп жалғау* – керілген желі жіптердің үзігін немесе қашқанын тауып байлау.

*Жіп қашу* – өрмек тоқу үшін керілген жіп желісінің үзілуін жіптің қашуы деп атайды.

*Жіп иіру* – бұйым тоқу үшін шиттелген мақтаны, жуылып түтілген жіпті соза отырып ұршық арқылы оңға айналдыра жіңішкерту.

*Жұлқыш* – теріс шалу әдісімен тоқылатын түр жіптерін қайшымен тегістеуді керек етпейтін, түгі ұзын, аю терісі сияқты төсеніш.

*Жүн тұту* – 1) жіп жасау (иіру) мақсатымен жуылып, боялып кептірілген жүн бөлігін бір қолға ұстап, екінші қолдың бас бармағы мен ортаңғы саусағының көмегімен тығыздығынан арылту, көпсіту, бірқалыпты тарқату; 2) қырқылып, жуылып киіз, текемет басуға кептірілген тірі жүнді майдалап, ұйысқанын жазу үшін тулаққа салып сабаумен ұрғылау.

*Иинбау* – киіз есіктің екі жақ иініне ілінетін өрнектеп тоқылған бау.

*Киіз* – пайдалану мақсатына қарай қой жүнінен қалың не жұқа етіп басылған жамылғы немесе төсеніш.

*Киіз басу* – жуылып, кептіріліп, түгіліп, сабауланған қой жүнін шиге жайып, одан кейін қайнаған су құя отырып, аяқпен тепкілеп кіріктіру, білектеп біріктіру.

*Киіз тебу* – шиге оралып үстіне ыстық су құйылған жүннің бірігуі, қатаюы, біртұтас бұйым болуы үшін бірнеше адамның ши сыртынан айқастыра оралған арқанмен кезек тартып, ауната отырып аяқпен тепкілеу әдісі.

*Күзу* – тоқылатын жіптерді ажырата білу үшін желінің үстіңгі жіптерін белағашпен жалғастырып тұратын, екі қабат иіріліп, ысылған біртүсті жіптер.

*Күзу ағаш* – тарту жіп пен күзуді байланыстырып тұратын, белағаштың үстіне қойылатын таяқша. Кейбір мәліметтерден «күзу шыбығы», «күйеу ағаш» деген баламаларын да кездестіруге болады.

*Кілем* – арнаулы өрмек арқылы керілген желіге түрлі түсті жүннен жуандау иірілген жіптер шалу әдісімен тоқылатын, тұтұ немесе төсеу мақсатында қолданылатын, көлемді әрі сәнді бұйым.

*Кірлеу* – киіздің әбден кірігіп, шымырлануына, бойындағы кір судан тазаруына әсер ету үшін, әсіресе түр салынбайтын киізді ұзынынан бір бүктеп, енінен дөңгелете төрт-бес орап, тігінен қойып, үстінен қайнаған ыстық су құю әдісі.

*Қағу* – арқау өткізілген соң ұйысқан жіп аралығын қылышпен қағып, сол желі жіптердің арасын ажырату.

*Қазық* – өрмек тоқылатын орында желінің бас жағына және аяқ жағына жүгіртілген жіпті керіп тұру үшін қағылған ағаш. Өрмектің арт жағынан қағатын қазықты «күйеу қазық» деп атайды деген мәліметтер де бар (Құраст. К. Мұқанов. Жүннен жасалатын бұйымдар. – А., 1990. – 99 бет).

*Қақпа алаша* – түрлі түсті жолақ болып керілген желі жіптерді термей, тек қана шатыс түсіру әдісімен тоқылатын алаша.

*Қалы кілем* – шалма әдісімен тоқылатын, үстіңгі бетінің түрлері қайшымен тегістеліп отыратын түгі бар кілем.

*Қыр* – өрілген не тоқылған бау.

*Қызыл қыр* – киіз үйдің ішін әшекейлеу және уық пен керегенің байланған тұсын жасыру мақсатымен айналдыра тұтылатын, желісі қызыл, қызыл реңі басым көрінетін жалпақ қыр.

*Қылыш* – керілген желідегі еркек жіп пен ұрғашы жіптің шатысын арқау жіп өткізілген соң жіп арасын қағатын, қылыш тәрізді ағаштан жасалған құрал.

*Орама* – кілемнің шеті мықты болуы үшін шеткі алты жібіне арнайы түйдектелген түр жіпті арқау өткізуден бұрын Х әдісімен шалып орайтын тоқу түрі.

*Оң шалу* – түр жіпті күзулі жіптен алып, күзусіз жіпке шалып орау әдісі.

*Өлі жүн* – қойдан көктемде қырқылып алынатын жүн, «жабағы жүн» деп те атайды.

*Өткізбе* – желі жіптердің арасынан өткізілген түрлердің артығын қиып тастап, шатыс түсіре арқау өткізіп, тоқпақтау әдісі.

*Пәшек* – арқаудың жібін орайтын таяқша. Ені – 3-4 см, ұзындығы – 25-30 см. Кей аймақтарда «арқау шөлмегі», «жүгіртпе» делінеді.

*Сабау* – ұзындығы метрден асатын жыңғыл, ырғай, тобылғы шыбықтың бүрін тегістеп немесе бұтақсыз жас талдың қабығын сыдырып, киіз, текеметке арнап жүн түту үшін жасалған құрал.

*Серу* – өрмектің енін бірқалыпты сақтау үшін қолданылатын ағаштан (жыңғылдан) жасалған құрал. Бұл адарғыдан 1,5-2 м-дей ары тұрады. Ұрғашы жіпке бір бөлек (астыңғы серу), еркек жіпке бір бөлек (үстіңгі серу) серу қояды. Бес-алты жіпті серуге шалып байлайды. Бұл кей жерлерде «есепші», «кергіш сабау», «серу ағаш», «серу жіп» деп аталады.

*Соқ-соқтау* – киіз біріге түсу үшін екі енінен бір жағын екінші шетіне жеткенше қарама-қарсы ширата бүктеп (орап), екі жағынан жағалай отырып бір-біріне жеткізе кезек-кезек алақанмен итере соғу.



*Сырмақ* – киіздерді біріне-бірін ойыстырып жасаған, не үстіне матадан ою басқан, тігістеріне жиек басып сырылған әшекейлі төсеніш.

*Сыру* – сырмақ бетімен астарды қосып, біріктіре тігу.

*Тақта* – керілген желіге түр шалмай-ақ, шатыс түсірілген соң, әрлі-берлі арқау өткізіп, тоқпақтау әдісін бес-алты рет қайталау.

*Талдыру* – түр салынған текемет басу үшін астыңғы бетін (жүнді) бөлек шиге орап, біраз уақыт оған ыстық су құйып ұстау.

*Тарту жіп* – күзуді бірқалыпты ұстау үшін оны белаштың үстінен екі басын тартып тұратын мықты жіп.

*Текемет* – үстіңгі бетіне ою басылған киіз.

*Тергіш* – бұйымға салынатын өрнектердің түр-түсіне, жіп санына қарай желідегі түрлі-түсті жіптерден теріп отырып (алып) өрнек шығаратын құрал. Кей аймақтарда бұл «теру ағаш», «терме ағаш», «күзеу шыбығы» түрінде кездеседі.

*Терме алаша* – теріліп өрнек түсірілген алаша.

*Теріс шалу* – түрді күзусіз жіптен алып, күзулі жіпке шалып орағанды айтады.

*Тоқпақ* – кілем тоқуда қолданылатын, арқау өткізілген соң, жіп арасын түйгіштейтін, шеге тісті ағаштан жасалған құрал.

*Тулақ* – малдың терісін шикілей керіп, кептіріп, сабалатын жүннің астына төсейтін төсеніш.

*Тұскиіз* – киізге барқыттан мейлінше әшекейлі оюлап тігілген, төсектің тұсына құратын кілемше.

*Түр* – түтіліп, боялған түрлі түсті жүн не жіп.

*Түр салу* – әр түсті жүннен қиып дайындалған ою үлгілерімен текеметтің бетін өрнектеу.

*Түрді шүйкелеп салу* – текемет басуда алдын ала қалдырылған киіздің үстіңгі бетіне дайын шүйкеленген түрден өрнек түсіру.

*Тықыр кілем* – өткізбе әдісімен тоқылатын тұскиіз кілем.

*Тірі жүн* – қойдан күзде қырқылып алынатын жүн, «күзем жүн» деп те аталады.

*Ұрғашы жіп* – керілген желі жіптердің төменгі күзусіз жіптері. Мұны кейде «қарсы жіп» деп те атайды.

*Үшағаш* – белағашты көтеріп тұратын құрал. Қазақстанның кейбір аймақтарынан жинақталған деректерде «көтерме мосы» делінеді.

*Шалу* – түр жіпті күзулі жіптен (еркек жіп) күзусіз жіпке (ұрғашы жіп) шалып тоқу әдісі.

*Шатыс* – еркек жіп пен ұрғашы жіптердің күзу арқылы адарғының көмегімен айқасуы. Шебер адарғыны өзіне тартқанда ұрғашы жіп жоғары шығып, еркек жіп төмен түсіп, шатыс түседі, адарғыны итергенде керісінше еркек жіп жоғары шығып, ұрғашы жіп төмен түседі де, шатыс түседі.

*Ширату* – иірілген екі жіпті қосарлау үшін немесе есілген жіптерді ажырату үшін ұршықтың көмегімен оңға, солға айналдыра отырып, екінші ұшын ұршыққа орау.

*Шиттеу* – мақтаны дәннен тазарту.

*Шұйкелеу* – түтілген жүнді біркелкі жуандықта ұзарта созып орау.

## VI ТАРАУ. ИЛЛЮСТРАЦИЯЛАР

Қазақтың қазіргі киімдеріне бүгінгі күннің сән талаптарына сәйкес ұлттық ою-өрнектерді қолданып, қазақтың ұлттық киімдерін әлемге танытып жүрген Қазақстандағы бірден-бір өндіріс – «Сымбат» сән академиясы. Мұнда жалпы тұтынушылардың талап-сұраныстарына сай алуан түрлі киім ансамбльдері, ассортименттері (тауарлардың әр қилы түрлерінің жиынтығы), жинақталымдары өндіріледі. Солардың ішінде кешкі салтанатты киімдерге, әр түрлі сахналық костюмдерге, дәстүрлі ұлттық киімдерге салынатын ою-өрнектер мазмұны жағынан бай, көрінісі көздің жауын алатындай әсем, орындалуы тұрғысынан биік талғамды, құрылымы айрықша болып келеді. Осыған орай, осы тарауда «Сымбат» сән академиясы дайындаған ұлттық киім үлгілерінің және эскиздерінің суреттері ұсынылады. Ұсынылатын суреттер 6 топқа бөлініп берілген.

1-иллюстрация – дәстүрлі ұлттық киім үлгілері.

2-иллюстрация – қазіргі ұлттық шапандар.

3-иллюстрация – қазіргі киімдерге салынатын ұлттық ою-өрнек үлгілері.

4-иллюстрация – қазіргі сахналық және кешкі әйелдер киімдерінің нұсқалары.

5-иллюстрация – қазіргі ұлттық сахналық би костюмдері.

6-иллюстрация – ұлттық ою-өрнектер кестеленген Аяз ата мен Қарша қыздың сахналық костюмдерінің нұсқалары.

1-иллюстрация



*Ерлер ұлттық киімі: қамзол, шалбар,  
көйлек, қалпақ, белбеу, мәсі  
(киімнің алдыңғы көрінісі)*



*Ерлер ұлттық киімі: қамзол, шалбар,  
көйлек, қалпақ, белбеу, мәсі  
(киімнің артқы көрінісі)*



*Ерлер ұлттық киімі: шапан,  
көйлек, қалпақ, белбеу, мәсі*



*Ерлерцлттық киімі: шапан, қамзол,  
көйлек, қалпақ, мәсі*



*Ерлер шапаны. Шапанға аралас ою-өрнек  
(зооморфтық, өсімдік тектес) кестеленген*





*Ерлер шапаны. Шапанға солярлық шеңберлер мотивіндегі ою-өрнектер кестеленген*




*Ерлер шапаны. Шапанға өсімдік тектес ою-өрнек және мемлекеттік нышан әшекейленген*



*Ерлер шапанының артқы көрінісі*



*Ерлер шапаны. Артқы бойына мемлекеттік  
нышан элементтері, екі бүйіріне, етегіне, жең  
аузына зооморфтық және өсімдік тектес өрнек  
араласа әшекейленген*



*Киімнің жең  
аузына әшекейленетін зооморфтық ою-өрнек*



*Киімнің жең  
аузына әшекейленетін зооморфтық ою-өрнек*




*Киімнің желбегейіне  
әшекейленетін зооморфтық ою-өрнек*



*Киімнің өнеріне және жеңнің жоғары бөлігіне  
әшекейленетін «қошқармүйіз» оюы*



*Киімнің артқы бойына әшекейленетін  
өсімдік тектес ою-өрнек*




*Киімнің алдыңғы бойына әшекейленетін  
өсімдік тектес ою-өрнек*





*Киімнің жағасына және  
алдыңғы бойына  
әшекейленетін аралас  
ою-өрнек түрі  
(зооморфтық  
өсімдік тектес)*



*Әйелдер киімінің алдыңғы  
бойындағы ою-өрнек*
























































## ӘДЕБИЕТТЕР

1. С.Ж. Асанова. Қазақтың ұлттық киімдері. – А.: Атамұра, 1994.
2. Асанова С.Ж. Разработка, проектирование и технология изготовления промышленного комплекса национальной одежды. – А.: Рауан, 1996.
3. Асанова С.Ж., Птицина А.П. История казахского народного костюма и прикладного искусства. – А.: Тауар, 2000.
4. Х. Арғынбаев. Қазақ халқының қолөнері. – А.: Өнер, 1987.
5. К. Ақышев. Археологиялық аса бағалы ескерткіштер. Ежелгі мәдениет кұелары. – Алматы, 1966.
6. К. Ақышев. Ертедегі ескерткіштер елесі. – Алматы, 1976.
7. Ү.М. Әбдіғапбарова. Қазақтың ұлттық ою-өрнектері. – А.: Өнер, 1999.
8. Ш. Әлібеков. Қазақ фольклористикасының эстетикасы. – А., 1991.
9. Ж. Балкенов. Әдіптеу. – Қарағанды, 1998.
10. Басенов Т.К. Прикладное искусство Казахстана. – Алматы, 1958.
11. Барышников А.П., Лямин И.В. Основы композиции. – М., 1951.
12. Белинская Н.А. Декоративное искусство горного Таджикистана. – Душанбе, 1965.
13. Веймарн Б.В. Искусство Средней Азии. – М.-Л., 1940.
14. Джанибеков У. Культура казахского ремесла. – Алматы, 1982.
15. Еуропа ғалымдарының қазақ мәдениеті туралы ой-пікірлері. Құрастырғандар: С. Қалиев, К. Арабаев, Ж. Базиллов. – Алматы, 1992.
16. Жүннен жасалатын бұйымдар. Құрастырған: Қ. Мұқанов. – А.: Қайнар, 1990.
17. Ибраева К. Казахский орнамент. – А.: Өнер, 1994.

18. Каракузова Ж.К., Хасанов М.Ш. Космос казахской культуры. – А., 1993.
19. Қазақ халқының сәндік ою-өрнек өнері. – Ленинград: Аврора, 1970.
20. С. Қасиманов. Қазақ халқының қолөнері. – А., 1995.
21. Кадырбаев М.К., Курманкулов Ж.К. Захоронения воинов Савроматского времени на левобережье р.Илек. В кн.: Прошлое Казахстана по археологическим источникам. – А., 1976.
22. Морозова А.С. Локальные черты в народном декоративном искусстве Узбекистана. – М., 1964.
23. Муканов М.С. Казахские домашние художественные ремесла. – Алматы, 1979.
24. Муканов М.С. Казахская юрта. – Алматы, 1981.
25. Маргулан А.Х. Казахское народное прикладное искусство. – Алматы, 1986.
26. Маргулан А., Басенов Т., Мендикулов М. Архитектура Казахстана. – А., 1959.
27. Маргулан А.Х., Акишев К., Оразбаев А.М. Памятники эпохи бронзы. В кн.: Древняя культура Центрального Казахстана. – А., 1984.
28. Мошкова В.Г. Ковры народов Средней Азии. – Ташкент, 1970.
29. М.Ш. Өмірбекова. Ою-өрнектің қолданылуы. – Алматы, 1995.
30. Сорокин С.С. Памятники ранних кочевников в верховьях Бухтармы. Археологический сборник. – Госэрмитаж, 1966.
31. Қ. Тәжімұратов. Шебердің қолы ортақ. – А., 1977.
32. Фахретдинова Д.А. Декоративно-прикладное искусство Узбекистана. – Ташкент, 1972.
33. Чепелев В.Н. Искусство Советского Узбекистана. – Москва, 1935.
34. Шнейдер Е. Казахская орнаментика. – Л.: Казахи, 1927.
35. Р. Шойбеков. Зергерлік өнерінің лексикасы. – А., 1990.
36. Шешендік сөздер. – Алматы, 1987.

## Мазмұны

Кіріспе .....	3
<b>I тарау. Қазақ ұлттық ою-өрнектерінің шығу тарихы және даму кезеңдері</b>	
1.1. Қазақ ұлттық ою-өрнек өнерінің анықтамасы және атқартын қызметі .....	5
1.2. Ою-өрнектердің зерттелу деңгейі .....	9
1.3. Ою-өрнек өнерінің даму тарихы .....	16
1.4. Ою-өрнектердің дамуына әсер еткен жағдайлар .....	20
<b>II тарау. Ою-өрнектердің мазмұны және жіктелімі</b>	
2.1. Ою-өрнектердің мазмұндық ерекшеліктері .....	30
2.2. Ою-өрнектердің жіктелімі .....	35
2.3. Ою-өрнек өнерінің тәрбиелік маңызы .....	39
<b>III тарау. Ою-өрнектердің сәндік-қолданбалы өнер түрлерінде қолданылуы және жасалу техникасы</b>	
3.1. Ою-өрнектердің тоқыма бұйымдарында қолданылуы және жасалу техникасы .....	63
3.2. Ою-өрнектердің тігін бұйымдарында қолданылуы және жасалу техникасы .....	78
3.3. Ою-өрнектердің ағаш өңдеу өнерінде қолданылуы және жасалу техникасы .....	104
3.4. Ою-өрнектердің зергерлік өнерінде қолданылуы және жасалу техникасы .....	120
<b>IV тарау. Ою-өрнектер бойынша практикалық тапсырмалар</b>	
4.1. Семинар және зертханалық сабақтардың тақырыптары мен тапсырмалары .....	133
4.2. Практикалық тапсырмалар .....	137
<b>V тарау. Қосымшалар</b>	
5.1. Ою-өрнек әлеміне саяхат (тақырыптық кештің үлгісі) .....	142

5.2. «Оюмен түстік жарысқа» (сыныптан тыс тәрбие жұмысының үлгісі) .....	147
5.3. Сауалнамалар .....	154
5.4. Қолөнерге байланысты атаулардың түсіндірме сөздігі .....	157
<b>VI тарау. Иллюстрациялар .....</b>	<b>163</b>
Әдебиеттер .....	204

*"Кәсіптік білім" сериясы*

**Асанова Балнұр Есмұхамбетқызы  
Птицина Алла Петровна  
Әбдіғапбарова Ұлжарқын Мусимқызы**

## **ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ОЮ-ӨРНЕКТЕРІНІҢ ТАРИХЫ ЖӘНЕ ТЕОРИЯСЫ**

*Оқулық*

*Редакторы Бауыржан Берікұлы  
Техникалық редакторы Раушан Тұрлынова  
Көркемдеуші редактор Жеңіс Қазанқанов  
Корректоры Махаббат Мергеншінова  
Компьютерде беттеген Азамат Сәрсембаев  
Дизайнер Хадиса Албагачиева*

Басуға 15.05.08. қол қойылды.  
Пішімі 84x108<sup>1/32</sup>. Қағазы офсеттік. Офсеттік басылыс.  
Шартты баспа табағы 10,92.  
Тапсырыс №110. Таралымы 1000 дана.

«Фолиант» баспасы.  
010000, Астана қаласы, Ш. Айманов көшесі, 13

«Фолиант» баспасының баспаханасында басылды